

ISSN 2411-6076 03

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

ТІЛТАНЫМ

ЯЗЫКОЗНАНИЕ

ИНСТИТУТ ЯЗЫКОЗНАНИЯ ИМ. А.БАЙТҰРСЫНОВА
КОМИТЕТ НАУКИ МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ
И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

№3 (75) 2019

шілде, тамыз, қыркүйек, 2019

июль, август, сентябрь, 2019

2001 жылғы сәуірден бері шығады

Бір жылда 4 рет жарық көреді

Издается с апреля 2001 года

Выходит 4 раза в год

АЛМАТЫ

Р е д а к ц и я л ы қ к ең е с :

Е.З.Қажыбек, филология ғылымдарының докторы, проф., ҚР ҰҒА-ның корр. мүшесі (бас редактор); **Ә.Т.Қайдар**, ҚР ҰҒА-ның академигі; **Р.Ғ. Сыздық**, ҚР ҰҒА-ның академигі; **Ө.Айтбайұлы**, ҚР ҰҒА-ның академигі; **З.Базарбаева**, филология ғылымдарының докторы, проф., ҚР ҰҒА-ның корр. мүшесі; **Т.Жанұзақов**, филология ғылымдарының докторы, проф.; **Ә.Жүнісбек**, филология ғылымдарының докторы, проф.; **Н.Уәли**, филология ғылымдарының докторы, проф.; **Ж.Манкеева**, филология ғылымдарының докторы, проф.; **М.Кирхнер**, Ю.Либих атындағы Гиссен университетінің (Германия) профессоры; **Ә.Д.Сүлейменова**, филология ғылымдарының докторы, проф.; **Н.Демір**, Хаджеттепе университетінің (Түркия) профессоры; **М.Махмудов**, Әзірбайжан Республикасы Ғылым академиясы Тіл білімі институты директорының орынбасары, филология ғылымдарының докторы, проф.; **С.Ж.Мусаев**, И.Арабаев атындағы Бішкек университеті Лингвистика және әлем тілдері институтының директоры, Қырғыз Республикасы Ғылым академиясының корр. мүшесі, филология ғылымдарының докторы, проф.; **М.Джусупов**, Өзбек мемлекеттік әлем тілдері университеті, филология ғылымдарының докторы, проф.; **М.Малбаков**, филология ғылымдарының докторы, проф.; **Д.К.Шомфай**, Венгрия Ғылым академиясы Этнология институтының ғылыми қызметкері, алтаистика мамандығының PhD докторы.

Р е д а к ц и я а л қ а с ы :

З.Базарбаева, филология ғылымдарының докторы, проф. ҚР ҰҒА-ның корр. мүшесі (нөмірдің жауапты редакторы), **А.Аманбаева**, филология ғылымдарының кандидаты, **А.Қаршығаева**, филология ғылымдарының кандидаты, (жауапты шығарушылар).

Р е д а к ц и о н н ы й с о в е т :

Е.З.Қажыбек, доктор филологических наук, проф., член корр. НАН РК (главный редактор); **А.Т.Қайдар**, академик НАН РК; **Р.Ғ.Сыздық**, академик НАН РК; **Ө.Айтбайұлы**, академик НАН РК; **З.Базарбаева**, доктор филологических наук, проф., член корр. НАН РК; **Т.Жанұзақов**, доктор филологических наук, проф.; **А.Жүнісбек**, доктор филологических наук, проф.; **Н.Уәли**, доктор филологических наук, проф.; **Ж.Манкеева**, доктор филологических наук, проф.; **М.Кирхнер**, профессор Гиссенского университета им. Ю.Либиха (Германия); **Ә.Д.Сүлейменова**, доктор филологических наук, проф.; **Н.Демір**, профессор университета Хаджеттепе (Турция); **М.Махмудов**, доктор филологических наук, проф., заместитель директора Института языкознания Академии наук Республики Азербайджан; **С.Ж.Мусаев**, доктор филологических наук, проф., член корр. Академии наук Кыргызской Республики, директор Института лингвистики и мировых языков Бишкекского университета им. И.Арабаева; **М.Джусупов**, доктор филологических наук, проф., Узбекский государственный университет иностранных языков.; **М.Малбаков**, доктор филологических наук, проф.; **Д.К.Шомфай**, доктор PhD по специальности алтаистика, научный сотрудник Института этнологии Венгерской Академии наук.

Р е д а к ц и о н н а я к о л л е г и я :

З.Базарбаева, доктор филологических наук, проф., член корр. НАН РК (ответственный редактор номера), **А.Аманбаева**, кандидат филологических наук, **А.Қаршығаева**, кандидат филологических наук (ответственные выпускающие).

Мемлекеттік тіркеу №1799-ж

Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінен

05.03.2001 жылы берілді

Государственный регистрационный

№1799-ж выдан 05.03.2001 года Министерством культуры,

информации и общественного согласия

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 147 ЖЫЛ ТІЛ МЕРЕКЕСІ

МРНТИ16.01.00

Ө.АЙТБАЙҰЛЫ¹

¹А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының докторы, профессор
Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті,
ҚР ҰҒА академигі
Алматы қаласы, Қазақстан

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ТІЛДЕ ӨРІЛГЕН ТАРИХЫ

Аннотация: Елбасы бұл мақаласында жалпы ұлт тарихына, оның жасампаздық қабілетіне, бүгінгі күнге берер қасиетіне, оны қарастыруға жалпы бағдар, негізгі бағыт берді. Оны таратып айту, тарқатып жазу, жетілдіру, іске асыру жолдарын тұжырымдау ғалымдардың, арнаулы мамандардың, көзі қарақты жандардың міндеті, ал іске асыру үкіметтің шаруасы. Осы орайда мұны мен тіл арқылы негіздеуге, тіл арқылы тарқатуға қатысты ойларымды ортаға салмақпын. Біздіңше, тарихтың үш түрлі қызметі бар: өткенінді тану, тағлым алу және тамырға жалғану арқылы қуаттанып, құлшыну. Міне, бұл үшеуін де туған тілден табуға да, тағлым алуға да, тамырлануға да болады. Яғни, Елбасы мақаласының басты айтпағы – тарихты тану, тағлым алу және тарату.

Тақырыбы: Ұлы даланың тілде өрілген тарихы

Түйін: Мақалада Елбасының соңғы кезде жарық көрген «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласы жайында айтылады. Сондай-ақ, жалпы ұлт тарихына, оның жасампаздық қабілетіне, бүгінгі күнге берер қасиетіне, оны қарастыруға жалпы бағдар, негізгі бағыт беру жайы мен қазақ тілі мәселелері жайында сөз болады.

Тірек сөздер: тіл, ұлт, тарих, философия, әдебиеттану, тіл ғылымы, әлеуметтану, психология, өнер.

Тема: История языка великой степи

Резюме: Рассматриваются вопросы национальной истории, культуры, традиции казахского народа в рамках статьи Елбасы «Семь граней великой степи». Особое внимание уделяется проблемам казахского языка.

Ключевые слова: язык, нация, история, философия, литературоведение, языковая наука, социология, психология, искусство.

Subject: History of the language of the great steppe

Abstract: The issues of national history, culture, traditions of the Kazakh people are considered in the article «Seven faces of the great steppe» by Elbasy. Special attention is paid to the problems of the Kazakh language.

Keywords: language, nation, history, philosophy, literature, language science, sociology, psychology, art.

Бүгінгі күні ұлттың, нақтылап айтқанда қазақ халқының өзін-өзі іздеуі, өзіндігін табуы айрықша өзектілікке ие болып отыр. Ғылымда ұлттың өзіндігін айқындауды «ұлттық бірегейлік» деп атау орныққан. Бір қарағанда бұл жеңіл, ешқандай күрделілігі жоқ мәселе болып көрінуі мүмкін. Ал шынтуайтына келгенде, қазақты қазақ етіп тұтастырып тұрған не, қазақ ұлтының тек өзіне ғана тән, өзгелерден ерекшелеп тұрған басты айырымы неде, қазақ десе ойымызға не оралады, көз алдымызға қандай түсінік-елес үйіріледі, қазақты ұлт ретінде ұйыстырып тұрған басты қандай құрал, қазақты алға құлшындыратын, рухына қуат, көңіліне шабыт беретін қандай қасиет деген сауалдар тізбегі көлденең шыққанда, абдырап, кәдімгідей ойланып қалатынымыз жасырын емес. Сөз жоқ, бұл сұрақтарға көңілге қонымды, уәжі толымды, қисынға нанымды жауап іздеу және табу, бұлтартпас фактілерге сүйеніп тұжырымдау өзекті де қажетті мәселелердің қатарында. Ұлттың алға жылжуы үшін де, бет алар бағытын адаспай табуы үшін де, дамуға қуат алуы үшін де, ұлт болып ұйысып, мызғымас беріктігін үнемі қамтамасыз етіп отыруы үшін де оның өзіндігін табуы мен тануы, оны жүрегінің түбіне орнықтыруы, санасына сіңіруі ерекше маңызды. Өйткені өзін-өзі таппаған, өзінің кім екенін, қай шамада тұрғанын белгілей алмаған ұлт та, адам да ұзаққа бара алмайды. Тиянағы, сүйенері болмаған соң, ісінің берекесі, болашағының баяны аз, бұлдыр болады. Әдетте, «Тарихты жеңімпаз ұлттар жазады» деген қағида бар. Бұл ауыр үкімдей естілгенімен, өзегінде шындығы бар сөз. Апайтөс Еуразияның ұлан-ғайыр кеңістігінде аруақты ата-бабаларымыз – Көк түріктер алып қағанаттар құрып, дүниенің жартысына билігін жүргізіп тұрғанымен, ол дәуреннің де заман өте келе көзден бұлбұл ұшып, басынан бақ тайған кездері де жоқ емес. Өйткені Көк аспан астында мәңгілік ешнәрсе жоқ. Сағымдай құбылып, сан түске бөленіп, өзгеріп тұрған дүние. Дегенмен «Орнында бар оңалар» деген. Еңсеміз түссе де, еліміз орнында, шек-шеті жырымдалса да, жеріміз орнында. Өткенімізге үңілу, тарихымызды түгендеу бағытындағы бүгінгі әрекеттеріміз осының өтеуіндей заңды іс болмақ.

Елбасының осы өзекжарды сауалдарға қайта-қайта оралып, оларды бастама, бағдарлама ретінде ел талқысына, атқарар шаруа, темірқазық бағдар ретінде өкімет алдына үнемі ұсынып отыруы да тегін емес. Кезінде Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен қолға алынып, рухани құндылықтарымыз бен жәдігерлерімізді түгендеуге арналған «Мәдени мұра» бағдарламасынан өзек тартқан бұл үрдіс бүгінде арналанып, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақалалары арқылы нақты тапсырма-бағдарламаларға ұласып отыр. Бастапқыда халқымыздың бай рухани мұрасын жинақтауға, іздестіруге мән берілсе, енді осы мұраны игеруге, мұралануға және оны өмірімізге ендіруге жұмылдырып отыр.

Бұл үрдіс қай жағынан алғанда да қисынды. Елдегі барлық жағдай, атап айтқанда, демографиялық, ұлттық, мәдени, экономикалық факторлардың барлығы да ескеріліп, солардың ыңғайына қарай табиғи эволюциялық қалыпта, сабақтаса өрбітілуде. Өлбетте, оқиғаларды тым асықтыруға да, кейде тым сақтық танытып ке-

шеуілдетуге де болмайды. Елбасының қазақ халқының даналық дүниетанымынан бойына сіңірген мол пішіп, кеңінен қамтитын парасаттылығы, ұзақты аңғарып, алысты шолар көрегенділігі, сындарлы сәттерден жол табар тәжірибелілігі, ұрымтал сәтті тап басар шешімтал қайраткерлігі осыдан көрінеді. Бір қарағанда тап осы мезетте тиімсіз болып көрінетіндей болғанымен, ұзақ мерзімде есептегенде түбі қазаққа қайыр болатындай кейбір қадамдарға барып жатқандығы да сондықтан деп білеміз.

Осы орайда ойымды мен Елбасының соңғы кезде жарық көрген «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласы аясында тағы да өрбітпекпін. Мақала екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім «Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт» деп аталып, онда осынау Ұлы Дала төсінде даңқты бабаларымыздың жасаған заттай және материалдық игіліктеріне ерекше тоқталған. Екінші бөлім «Тарихи сананы жаңғырту» мәселесінің қадау-қадау жолдарын көрсетуімен құнды. Жоқтан бар жасамай, тарихымызда, өткен тұрмысымызда ізі қалған, бірақ тарих көшкінінде көмескіленген мұраларымызды шаңынан ажыратып, алмастай жарқыратып жұрттың алдына тартар кезіміздің келгенін, өзгенің жылтырағына алтын деп тамсанудан арылуымызды қадап тұрып айтқан.

Елбасы бұл мақаласында жалпы ұлт тарихына, оның жасампаздық қабілетіне, бүгінгі күнге берер қасиетіне, оны қарастыруға жалпы бағдар, негізгі бағыт берді. Оны таратып айту, тарқатып жазу, жетілдіру, іске асыру жолдарын тұжырымдау ғалымдардың, арнаулы мамандардың, көзі қарақты жандардың міндеті, ал іске асыру үкіметтің шаруасы. Осы орайда мұны мен тіл арқылы негіздеуге, тіл арқылы тарқатуға қатысты ойларымды ортаға салмақпын. Біздіңше, тарихтың үш түрлі қызметі бар: өткенінді тану, тағлым алу және тамырға жалғану арқылы қуаттанып, құлшыну. Міне, бұл үшеуін де туған тілден табуға да, тағлым алуға да, тамырлануға да болады. Яғни, Елбасы мақаласының басты айтпағы – тарихты тану, тағлым алу және тарату.

Тарихты тану. Қасиетті кітаптарда әуелі Сөз болғаны, содан кейін барлығы жаратылғаны туралы айтылады. Ислам діні: «Әлем Алланың «Бол!» деген әмірі арқылы бар болып тұр», – дейді. Бұл тұжырымды ғылым да жоққа шығармайды. Түрлі ғылым салаларының осы бағыттағы зерттеулері мен ашқан жаңалықтары аталған сырлы сөздің ақиқаттығына дәлел боларлық тиянақтарға жақындап келеді.

Американдық әйгілі ғалым, қоғам қайраткері, философ, тілші Ноам Хомскийдің лингвофилософиялық концепциясына сәйкес, тілдің басты функциясы қарым-қатынас құралы болу емес, негізінен ол – ойлау мен өзіндік ойды жеткізу, жарыққа шығару құралы. Бұдан шығады, тілде өмір құбылыстары мен заттар әлемі көрініс тауып қана қоймайды, дүниеде жоқ құбылыстардың өзі тіл арқылы ойда модельденеді де өмірде заттық қалыпқа айналады.

Рене Декарт та тілді – ойды еркін жеткізу құралы ретінде қарастырады. Ол тілдің пайда болуын механикалық, физиологиялық тұрғыдан түсіндіруге, соның нәтижесі ретінде қарастыруға келіспейді. Оны ұшқарылық, негізсіз деп санайды. Бұл ойды В.Гумбольд та қуаттайды. Ал жануарлар тілін механикалық әдіспен түсіндіруге болады. Жануарларда тіл – коммуникациялық қызмет атқарады. Жануарлардың сөйлеу қабілетіне ие болмауы, олар – тән мен жанның қосындысы. Ал адам – тән,

жан және рухтан тұрады. Тіл арқылы ойлай алады, абстрактілі ойлау қабілетіне ие, ойдан ой өрбітіп, пікірден пікір туғызады. Бұл үшін адамның, ұлттың өзін-өзі тауып, тануы айрықша өзекті. Өзін танығанда ғана дүниеден адам тиянақ табады, сүйенетін тірекке ие болады.

Өзін өзі адам, ұлт қалай таба алады? Әрине, оның жолы көп. Материалдық, заттық мәдениеттерді зерттейді. Тарихты қарастырады. Ұлы есімдерге сүйенеді. Архивтерге үңіледі. Бұның себебі неде? Біздіңше, бұлар мынадай сұраныстардан туындап отыр: тарихи санаға мұқтаждық, ел болуға ұмтылу, елдікті сақтап қалу, бәсекеге төтеп беру.

Тіл – жанды архив, рухани қазына. Тілде көрініс таппайтын өмір құбылысы болмайды. Елбасының «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласында көтерілген мәселелердің барлығы да туған тілімізде өріліп жатыр. Тек соны көретін көз, сезетін зерде болса болғаны.

Бір ғана мысал келтірейік. Елбасы мақаласында айтылған Ұлы Даланың көне заманнан бергі уақытта металл өндірген, алтыннан киім киінген ел болуына дәлел боларлық тілдік дәйектер өте мол. Осы металл балқыту, металл қорыту, металл өңдеу және металл атаулары бойынша қазақ тілінде терминдік атаулар легі ұшан-теңіз. Мысалы, *қорғасын, мыс, қалайы, жез, мырыш, темір, сынап, күкірт, болат, шойын*, т.б. болып тізіліп кете береді. Металл өндіру мен өңдеуге, қоспаларынан жаңа металлдар алуға қатысты процестерді бейнелейтін атаулар мен ұғымдар саны қаншама. Металлдардан алынған өнімдер мен бұйымдардың атауларының өзі қыруар. Ең қызығы, бұл атаулардың ешқайсысы да кірме сөз емес, қазақтың төл атаулары. Бұлардың терең қатпарларында «Өтүкен», «Ергенекон» аңыздарындағы таудың қойнауын балқытып шыққан көне заманның ақиқат-елесі сұлбаланып көрінеді. Жезқазған, Теміртау, Кен қазған, т.б. жер-су атаулары қаншама.

Қазақ ертегі-аңыздарында тұрақты кездесетін Оттау, Мұзтау, Жезтырнақ, «темір таяғы тебендей, темір етігі түймедей» болатын кейіпкерлер де осы сөзімізге дәлел емес пе? Бұл бір ғана саладағы атауларымыз. Ал басқа салаларда да осы тектес атауларымызда қисап жоқ. Сондықтан осы бағыттағы зерттеулерді кеңейте түсу тілдік қазынамыздың талай құпия қатпарларына жетелейтініне сөз жоқ.

Мұның анық-қанығы мен дәлел-дәйегін Елбасы мақалада ұсынған «Архив – 2025» жобасын іске асыру арқылы тауып, тиянақтауға болады. Әрине, қазынамызды, заттай деректерді архивтен іздеген орынды. Сонымен қатар, тілдік архивымызға да үңілген маңызды. Осыған орай Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты біраз жылдан бері дайындап келе жатқан «Қазақ тілінің ұлттық корпусы» жобасы аталған олқылықтың орнын толтырады ғой деп ойлаймыз.

Сонымен қатар төл тарихымызды түгендеуде және толықтырып, тың деректермен байытып қайта жазуда тілдік мұраларымызды да тарихи дереккөз ретінде пайдалану жайын ойластырған жөн. Мұның жақсы үлгілерін Олжас Сүлейменовтің «АЗиЯ», «1001 сөз» кітаптары, Акселеу Сейдімбектің «Даланың ауызша тарихнамасы» (ДАТ) көрсетіп берді. Алдағы уақытта тарихшыларымыз заттай және жазба деректерден басқаны ғылыми дәйек деп танудан бас тарту қағидатын жұмсартып, қазақ халқының ғажайып тіл қазынасын, онда жасалған мол ауыз әдебиеті үлгілерін де тарихи дерекнама ретінде пайдалану әдістемесін, яғни тарихтың ізін тілден табу, тіл арқылы негіздеу әдістемесін тұжырымдауды қолға алса, туған тарихымыздың

талай-талай құпия қатпарларын ашуға қол жеткізер еді деп есептейміз. Сонымен бірге тілдік зерттеулерімізге де басқаша қарайтын, жаңа парадигмамен зерттейтін кез жеткен секілді.

Тарихтан тағлым. Тіл арқылы тарихты тануға болса, тіл арқылы тарихтан тағлым алуға да болады. Сөз жоқ, тарихымызда рухымыз асқақтап, шалқып, тасыған сәттеріміз де болды, рухымыз жасып, күңіреніп, күйзелген кездеріміз де жоқ емес. Бірақ, Елбасы әркез қайталап айтып жүргеніндей, «қазақ тарихында қазақ ұялатындай ешнәрсе жоқ». Керісінше, абыройымыз артқан мерейлі сәттеріміз көп. Жоғарыда айтқанымыздай, қазақ тілінің бай қорында қазақ тарихының әртүрлі кезеңінің іздері жақсы сақталған. Бұдан біз көшпелі мәдениеттің, сонымен бірге отырықшылық тұрмысқа да тән мәдениеттің іздері мен белгілерін байқаймыз. Қазақ тілінің бай болатыны да сондықтан.

Тарихтан алар тағлымымызды ұзақтан іздемей-ақ, халық даналығының қайнары – мақал-мәтелдерден, батырлар жырларынан, ертегі-аңыздардан, тарихи жырлардан, эпсана-хикаялардан, хисса-дастандардан, билердің үлгілі сөздерінен, жыраулардың мағыналы жырларынан, дуалы ауыз абыз ақсақалдардың батасынан табамыз. Бұлардың барлығы да сан ғасырлық сүзгіден сұрыпталып өткен, ұлттымыздың ұзына-бойғы тарихи тәжірибесін бойына бүккен және даналық тұжырымдарын қорытқан ғажайып көмбесі.

Осынау мол мұрамыз бүгінде жинақталып, тасқа басылып шықты. Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ыждағатымен шыққан 100 томдық «Бабалар сөзі» ұлттымыздың ұлы қазынасына айналып отыр.

Ендігі кезекте осы мұраларамызды игеру, өскелең ұрпақтың санасына сіңіру, игілігіне жарату орайында атқарар істеріміз көп. Олардың да іске асыру жолын Елбасы аталған мақаласында нұсқап отыр. Бұл үшін «Ұлы Даланың ұлы есімдері», «Дала фольклорының антологиясы», «Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі» жобаларын іске асыру ұсынылған.

Осы орайда тіл философиясын қалыптастыру, герменевтикалық зерттеулер жүргізуге көңіл бөлу, төл тарихымызды таразылаудың жаңа концепциясын тұжырымдау ерекше маңызды. Өйткені аталған жобаларда фактологиялық материалдарды, рухани мұрамызды осы кезге дейін қалыптасып қалған еуропацентристік біржақты қасаң көзқарас тұрғысынан беретін болсақ, онда біржақтылыққа ұрынамыз. Яғни тарих тағлымын да, Елбасы ұсынған тың ойлардың да астары мен мазмұнын жете ұғынбаған болар едік. Сондықтан, аталған жобаларды іске асырғанда Елбасының түпкі ойына жете мән беріп, барынша ұлттымызға пайдалы болатындай, тарихтың тағлымын дұрыс пайымдай отырып кірісу қажет. Еліміздегі философия, әдебиеттану, тіл ғылымы, әлеуметтану, психология, өнер т.б. салалар мамандарының бірлесе отырып талқылаулар мен пайымдауларға жұмыла кірісіп, ортақ бәтуалы байламға келетін тұс да осы кез. Сонда ғана шын мәнінде **Тарихтан тамырлануға** да, тарихтан рухтануға да зор мүмкіндік тұмақ. Әлбетте, тарихын таныған, тарихынан тағлым алған және сол арқылы тамырына жалғанған ұлттың алар асуы да, шығар биігі де мол болмақ. БІлайым, солай болсын деп тілейміз.

МРНТИ16.01.29

Ф.ОРАЗБАЕВА¹

¹ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, педагогика
ғылымдарының докторы, профессор
Алматы қаласы, Қазақстан

ҰЛТ РУХЫНЫҢ ҚОС ҚАНАТЫ

Аннотация: XX ғасыр басындағы Алаш қайраткерлері тіл мәселесін ұлт болашағымен, ұрпақ тәрбиесімен байланыстырып, ана тілінің дамуына ерекше көңіл бөлген. Алаш көсемі Ахмет Байтұрсынов: «Егер біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда, тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлауымыз керек. Өзтілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы ешуақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады», – дейді. Кемеңгер ой иесінің сөйлегенде де, жазғанда да «жат тілді сөздерді араластыра-араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей», қазақ тілінің бай сөздік қорынан айырылып қалмандар деген түйінді пікірі келер ұрпақты сақтандыру үшін айтылғандай.

Тақырыбы: Ұлт рухының қос қанаты

Түйін: Қазақ Елінің басты құндылықтарына жататын тіл мен әдебиет ұлттық рухымыздың қос қанаты бола келіп, ұрпақ тәрбиелеудің негізгі факторлары болып саналады. Алаш арыстары ел мен ұлтты сақтау мәселесіне қатысты тілдің рөлі мен маңызын айта келіп, ұлт болашағын тіл, әдебиет, мәдениет, өнер, білім салаларымен байланыстырады.

Тірек сөздер: ұлттық рух, тіл, әдебиет, үдеріс, базалық білім, құндылық, ұлттық тәрбие, интеллектуал ұрпақ, ұстаз, болашақ.

Тема: Две грани духовности

Резюме: Язык и литература как основные ценности казахского народа и две грани национальной духовности считаются важным фактором в воспитании нового поколения. Деятели Алаш подчеркивая особую роль языка в вопросах сохранения национальной целостности, тесно связывают будущее нации с понятиями язык, литература, культура, искусство и знание.

Ключевые слова: национальная духовность, язык, литература, процесс, базовое образование, ценность, национальное воспитание, интеллектуальное поколение, учитель, будущее.

Subject: Two facets of spirituality

Abstract: Language and literature as the main values of the Kazakh people and two facets of national spirituality are considered an important factor in the education of the

new generation. Alash figures emphasizing the special role of language in the preservation of national integrity, closely link the future of the nation with the concepts of language, literature, culture, art and knowledge.

Keywords: national spirituality, language, literature, process, basic education, value, national education, intellectual generation, teacher, future.

Алаш арыстары ел тәуелсіздігі үшін күрес жүргізе отырып, тіл мен әдебиетті, білім мен мәдениетті ұлтты сақтаудың басты құралы санаған. Олардың тіл мен әдебиеттің әлеуметтік қызметі мен ел тәуелсіздігін баянды ету жолындағы рөлін қадап-қадап айтар пікір-көзқарастарын жадымызға түйіп, көкірегімізде сақтап, басшылыққа алу арқылы біз өмір сүру, білім беру, бала тәрбиелеу үдерістерінде алға қойған мақсат-мүддемізге жетеміз.

Құндағында жатып бесік жырын тыңдаған, ананың уыз сүтіне қанып, ұлы дүние дауысын да ана тілінде естіп, өміртану, адамтану, қоғамтану мектебін де ана тілі арқылы таныған, қабылдаған алаш өкілдерінің бәріне тән қасиет – қазақтың шұрайлы, бейнелі көркемсөзіне деген құрмет пен құштарлық.

Сол қасиет оларға ондаған ғасырлық тарихы бар бай сөз өнерін бағалауға, сөздің ел өміріндегі орнын дәл танып, анықтауға ықпал еткен. Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхтар Әуезовты айтпағанда, өмірінің біраз кезеңі айдауда – Саратов қаласында саяси шектеуде өткен *Әлихан Бөкейхановтың* алыста жатып, ұлы Абай туралы мақала жазуы, орыс тілінен қазақ тіліне тәржімалар жасауы бүгінгі ана тілінен алыстап бара жатқан ұрпаққа үлгі болмайды деп кім айта алады?! Жалғыз Әлихан Бөкейханов емес, кәсібі, мамандығы, ортасы бөлек екеніне қарамай алаш арыстарының көбі тілді, өнерді, әдебиетті, тарихты ұлт руханиятының негізі, әрі-беріден соң ұлттық мемлекеттің арқауы санаған.

Қарап отырсаңыз, арыстар ұсынар рух пен тіл хақындағы ұстанымдар төркінінде ұлтты сүю мен ұлтты құрметтеудің ғажайып үлгісі тұр. Алаш арыстарының тіл – ұлт тағдырының айнасыдегенге саяр тарихи тұжырымдары соның дәлелі. Арада жүз жылдан астам уақыт өтсе де қоғам дамуын анықтар, өз құндылығын жоймаған сол пікірлерді оқып отырып, еріксіз сүйсінесіз. Өйткені ол пікірлер астары мен төркінінде бүгінгі күннің көкейтесті мәселелері жатыр...

«Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі көш басын да алып жүре алмайды», – дейді Алаш көсемі Әлихан Бөкейханов. Шынтуайтына келгенде, ел тағдырын тура жолға бастаған ұлы тұлғалар туралы анық сөз енді-енді айтыла бастағаны ақиқат емес пе?!

Көшбасшы болу қазақ тарихында хандар мен билердің халықты ұйыта білер шешендігімен, әділетті шешім шығара алар ой-парасатымен, қара қылды қақ жарар әділдігімен, батылдығымен өлшенген. Шешен болу үшін қазақтың тілін жетік білу керек. Әділетті болу үшін халықтың жай-күйін, тұрмыс-тіршілігін, сыртқы-ішкі жағдайын, сұранысын толық зерделеу қажет. Ұлттың, халықтың психологиясын, әдет-ғұрпын, салт-санасын, өмір сүру ұстанымын ескере отырып, әрекет ету, шешім қабылдау елдікті сақтау мен адамды қорғаудың кепілі болған. Осы критерийлердің барлығы ұлттық руханияттың негізін қалайтынын ұлт ұстазы ашық айтқан.

Әлихан Бөкейхановтың төрағалығымен «Алаш» партиясы құрылғаннан кейін 1917 жылдың сәуір-мамыр айларында бірнеше облыс – уезд орталықтарында аймақтық съездер өткенін тарихтан білеміз. Сондай жиынның алғашқысы – Орал қаласында 19-22 сәуір аралығында болған қазақтардың 1-ші съезі. Осы съездегі *Жаханиа Досмұхамедовтың* сөйлеген сөзі қазақ халқының тәуелсіздігімен қатар ел басқару ісіне, мемлекеттік тіл мәртебесіне, оның қолданылу кеңістігіне арналған. Ол: *«Біздің мақсатымыз – ел билеуді халықтың өз қолына беру, қазақ халқы автономияға ие болып, алдағы уақытта өз тағдырын өз қолына алады. Қалың қазақты аяусыз қанаған патша орнынан түсті. Ендігі жерде қазақты елдің тұрмысын, тілін, әдет-ғұрпын білетіндер ғана басқарады»*, – дей келіп, ұлт руханиятының әлеуметтік қызметін жоғары бағалайды.

XX ғасыр басындағы Алаш қайраткерлері тіл мәселесін ұлт болашағымен, ұрпақ тәрбиесімен байланыстырып, ана тілінің дамуына ерекше көңіл бөлген. Алаш көсемі Ахмет Байтұрсынов: *«Егер біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда, тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлауымыз керек.*

Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы ешуақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады», – дейді. Кеменгер ой иесінің сөйлегенде де, жазғанда да *«жат тілді сөздерді араластыра-араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей»*, қазақ тілінің бай сөздік қорынан айырылып қалмандар деген түйінді пікірі келер ұрпақты сақтандыру үшін айтылғандай.

Алашорда идеологтарының бірінен саналатын Ғұмар Қараштың: *«Тіл болмаса, ұлт та болмайды, яғни ұлт бүтіндей өлген, жоғалған ұлт болады. Ең әуелі ана тілі қажет. Егер ана тілін білмесең, сол ұлттың баласы емессің. Ана тілін білмей тұрып, ұлт білімін ала алмайсың. Ұлт білімі болмаса, онда әдебиеттің болмайтыны өзі-ақ белгілі. Әдебиеті жоқ ұлттың өнері де өршімейді»*, – деген пікірі «Рухани жаңғыру» жағдайында мәдениет пен әдебиеттің маңызын бұрынғыдан да бетер арттыра түсері дау тудырмаса керек.

Тіл мен Рух ұлтты сақтаудың негізгі кепілі дегенде, Алаш арыстары айтқан басты аманат – *тіл мен әдебиеттің қоғамдағы орны* еске түседі. Өйткені бұл қос ұғым – рухани әлеміміздің өзегі. Осындай іргелі проблеманың тұсында қазіргі кездегі кейбір пәндердің базалық білім мазмұнына қатысты мәселенің бар екенін айтпай кетуге болмайды...

Қазақстанның қазіргі үздіксіз білім беру жүйесінде бастауыш және орта білім беретін салаларда «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәндерінің білім мазмұнының әлсірей бастағаны шындық. Бұл, ең әуелі, осы пәндерге қатысты берілетін білім, білік, дағдылардың байланысын қамтамасыз ететін білім мазмұнының төмен деңгейінен, ұсынылатын материалдардың пән мақсатымен үйлеспейтуінен, оқыту барысындағы ортақ ұстанымның жүзеге аспауынан, білім мазмұнының жүйесіздігінен көрінеді.

Бағдарламада берілген шығармалардың сынып оқушыларының жасына, сұранысына, олардың психологиялық ой-санасына сай келмейтіні жөнінде оқытушылар да, ата-аналар да жиі айтады. Көркем шығармалардан берілетін үзінділердің кейбірі

баланың қиялына, әдебіне қайшы келсе, енді біреулері мазмұны мен мағынасы тарапынан сын көтермейді. Бұл жеткіншек буынның әдебиетке, сөз өнеріне деген ықыласын әлсіретуге алып келеді. Ал әдебиет пен сөз өнері ана тіліне деген құрметтің, сүйіспеншіліктің қайнары ғой! Қайнары лайланған бастаудан ұлт тілінің ертеңін іздеу мүмкін бе?!

«Әдебиетті ұлтқа деген үлкен махаббатпен оқыту керек!.. Осы бір керек деген сөз қазақ халқымен бірге туып, біте қайнасып кеткендей елестейді»... деуші еді арамьздан ерте кеткен, жаны әдебиет деп сөйлеп, жүрегі әдебиет деп соғатын ҚСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, аты аңызға айналған, Өскемен қаласындағы Жамбыл Жабаев атындағы мектеп-лицейдің әдебиет пәнінің мұғалімі марқұм Қанипа Бітібаева. Жаратылысынан жомарт, тілге шешен, ойы терең, орыс, қазақ, әлем әдебиеттерінің үлкен білгірі кездескен жерде оқулықтардың білім мазмұны мен құрылымдық жүйесін қазіргі талап тұрғысынан сөз ететін. Тәжірибелі ұстаздың өз мектебінде әдебиетті оқыту мен насихаттаудың өзгеше үлгісін қалыптастырғанын Республика жұртшылығы жақсы біледі. Сондықтан да болар Жамбыл мектебінен түлеп ұшқан түлектердің қай-қайсысы болсын өздерінің біліктілігімен, жан-дүниесінің рухани байлығымен бірден көзге түсетін.

Қанипа Омарғалиқызының дәрісі әдебиетті «жаңа авторлық бағдарламамен» оқытатын, ұлтты тану мен қоғамды танудың, әрі-беріден соң заманды, адамды, қазақты тану мен танытудың тың үлгісі болатын. Ұстаз: «менің өз Абайым, өз Мағжаным, өз Махамбетім, өз Қасымым, өз Әбішім, өз Мұқағалиым, өз Фаризам, өз Оралханым бар», – деп отыратын.

Әдебиет пәні туралы айтқанда, айырықша мән беретін тағы бір жайт – орыстілді мектептерде бұрындары екі бөлек пән болып жүргізілген тіл мен әдебиеттің қазіргі кезде біріктіріліп оқытылуы. Бұл, біздің ойымызша, оқушылардың қазақ тілі мен қазақ әдебиетіне деген ынтасын әлсіретіп, рухани құндылықтарды игеруге апаратын негізгі пәндердің білімдік мақсаты мен айырмашылықтарын ажырата алмауға әкеліп соғады. Орыстілді мектептердің басым бөлігі қазақтың балалары екенін бәріміз де білеміз. Онсыз да тілінен алыстап бара жатқан ұрпақтың әдебиеттен – ұлт үшін ең маңызды рухани қазынадан – шеттеуі оның рухани жүдеуіне әкеледі. Бұл, сөз жоқ, ұлт мәдениеті мен өнеріне, ұлт білімі мен тарихына нұқсан келтіреді.

Алашорда үкіметі жетекшілерінің бірі Халел Досмұхамбетұлының: «Тіл – ұлттың жаны. Өз тілін білмеген ел – ел болмайды», – деген сөзі жадымызда. Өз ана тілін өзі қадірлей алмаған елдің ертеңі күмәнді. Қоғамдық қатынаста, еларалық байланыста, адамдардың бірімен-бірінің араласуында өзін-өзі еркін сезінбеген, өзге тілдердің жетегіне ерген тілдің болашағына сену қиын.

Тіл – елдігіміз бен тәуелсіздігіміздің тірегі, ұлт руханиятының асыл арнасы! Осы тұрғыдан келгенде, адамтағдырын шешер басты фактор – тәрбие екеніне алаш арыстары айырықша назар аударған. Ал отбасы мен мектеп – тәрбие көзі. Тілге деген махаббат мектептегі «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәніне деген құрметтен, отбасындағы әңгімеден, баламен сөйлесуден, сырласудан, олардың ертегі-аңыздарға деген ықыласынан басталады.

Алаш қайраткерлерінің ірі өкілі Қошке Кемеңгерұлы: *«Бақ құмарлықты, кек алғыштықты, жаяу өсекиілдікті жоятын саяси-әлеуметтік тәрбиені күшейту»*

ді бірінші орынға қойып отырмын», – дей келіп, ұлы Абай айтқан жағымсыз қылықтардан ұрпақты сақтаудың жолы – әлеуметтік тәрбиенің басты нысандарын анықтау екенін ашып айтқан. Аса көрнекті ғалым-қайраткер тәрбиеге әсер етуші сыртқы-ішкі факторларды айқындай келе бірінші орынға адам тәрбиесін қояды.

Елбасы бағдарламасында баяндалған *«төл тарихымыз – тарлан тарихқа» және «адам факторы – адами капиталға»* еңдей отырып, *«ұлт жадының тұжырнама-сын»* тәрбиелеу мәселелері бүгінгі күн тәртібіне қойылғаны – замана ағысының көрінісі. Бұл – қазіргі жаһандану дәуірінің шындығы. Осы тақлетті уақыт пәрменін сезіну Қошқе Кеменгерұлы еңбектерінде кеңінен орын алған. Көрнекті жазушы, драматург, әрі ұлттанушы ғалымның отандық тарих ғылымына (*«Қазақ тарихынан»*), тіл білімі салаларына, ұлттық аударма мәселесіне, оқулық пен сөздік түзудегі тілдің қоғамдық-әлеуметтік қызметіне қатысты қозғалған ойлары – соның айғағы.

Тілдің маңызы мен мәнін: *«Анаңның, бабаңның тілін жетік біл. Тіл дегеніміз – шежіре»* деп атап көрсеткен – филология ғылымдарының докторы, профессор, Алаш зиялысы Құдайберген Жұбанов. Ол: **«Тарихы жоқ ел де, тіл де, ұлт та тұл»**, – деген тұжырымды ұсыну арқылы ұлттық бірегейлікті сақтауға, елдік мүддеге жетуге, қазақтың шежіре тілін келер ұрпаққа аманат етіп жеткізуге бағыт сілтеп, ол үшін тарихты жетік білудің қажеттігіне айырықша тоқталды.

Алаш арыстарының қай-қайсысының да басты арманы – тәуелсіз ел болу, өз тілінде еркін сөйлеу, ұлы дүниемен емін-еркін араласу болатын. Олардың осы жолдағы күресі мен атқарған істері, еткен еңбектері мен ой-пікірлері, заман, қоғам хақындағы тұжырымдары ел жадынан өшкен жоқ.

Алаш арыстарының күресі мен атқарған істері, еңбектері, іргелі мәселелерге қатысты ой-пікірлері, тіл мәртебесіне байланысты тұжырымдары – егемен еліміздің тұғырын бекітетін рухани тамыр арнасы, елдікті сақтаудың алтын көпірі.

Алаш арыстарының аманат етіп қалдырған әдеби-тілдік мұрасын жаңа гуманитарлық білім беру жолында толыққанды іске асыра отырып, ұлттың рухани тамыры мен әлемдік өркениеттің озық үлгілерін қатар меңгерген, бәсекелестікке қабілетті интеллектуалды ұрпақ тәрбиелеу – біздің парызымыз.

Материал редакцияға 14.06.2019 жылы түсті

Б.МОМЫНОВА¹

¹А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының докторы, профессор
Алматы қаласы, Қазақстан

«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТИ: ЕМЛЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Аннотация: Мақалада «Қазақ» газетіндегі орфографиялық және орфоэпиялық нормалардың ажыратылу принциптері айқындалып, ХХ ғасырдың басында қазақ жерінде жарық көрген «Қазақ» газетінің емлелік ерекшеліктері айқындалады. А.Байтұрсынұлының араб графикасының негізінде ұсынған төте жазуымен таңбаланған мақалалардың кирилл графикасымен түпнұсқадағы тұлғасы сақталып беріліп, сол кездегі емлелік ерекшеліктері мен консонантты әліпбидің, яғни дауыссыз дыбыстардың таңбалануына басымдық берілуі айтылады. Емле ерекшеліктерін көрсету үшін «Қазақ» газетінен алынған мәтін үзінділері ұсынылды.

Тақырыбы: «Қазақ» газеті: емлелік ерекшеліктер

Түйін: Мақалада ХХ ғасырдың басында қалыптасқан квазиәліпбидің құрамына кірген әріптер мен олардың жазылу үлгілері талданады.

Тірек сөздер: жазу, емле, фразография, фонография, грамматология, графика, таңба, дауысты, дауыссыз дыбыстар, әліпби.

Тема: Газета «Қазақ»: орфографические особенности

Резюме: В статье рассматриваются особенности правописания квази-алфавита, который использовался в начале ХХ века.

Ключевые слова: написание, правописание, фразография, фонография, грамматология, графика, персонаж, гласные, согласные звуки, алфавит.

Subject: The newspaper «Kazakh»: orthographic peculiarities

Abstract: The article discusses the features of the quasi-alphabet spelling, which was used in the early twentieth century.

Keywords: writing, spelling, phrasography, Phonography, grammatology, graphics, character, vowels, consonants, alphabet.

Кез келген әлеуметтік ортада сол ортаның ауызша айтуы-сөйлеуі мен жазуында басшылыққа алатын екі норма болады, ол – орфографиялық және орфоэпиялық нормалар. Норма – қарама-қайшылықтары көп жалпытілдік категория. Жазуда норма қатаң сақталуы тиіс, жазып отырған адам мен сөйлеп тұрған адамның діттемі екі түрлі болады, *жазуда тиімділікті сақтау үнемі жадта тұрса, сөйлеу кезінде этностық ерекше белгілер анық көрінеді екен*. Ежелгі дүниеден бермен адамзат тарихында жазулар жүйесі жасалды. Олар: пиктограмма, идеограмма (таңбалық жазу немесе бір таңбаның жеке бір сөзді білдіруі); буындық және дыбыстық жазу.

Жазуды типтеудің енді бір принципіне сәйкес жазудың бес түрі аталады: «1) *фразография* – ең көне жазу түрі, символдық және таңбалар түрімен тұтас хабарламаларды жеткізу, бұл жазу кезінде хабарламалар жеке сөздерге бөлінбейді. Ал таңбалар фразограммалар деп аталған; 2) *логография*–графикалық логограмма деп аталатын таңбалар жеке сөздерді жеткізу қызметін атқарады; 3) *морфемография* – логография негізінде пайда болған жазу түрі, графикалық таңбалармен морфеманы, яғни ең кіші мағыналық бөлшекті таңбалайды (морфемограммалар); 4) *силлабография*, немесе буындық жазу, мұндағы силлабограммалар жекелеген буындарды білдіреді; 5) *фонография* (*фонемография*), дыбыстық жазу, фонеграммалар типтік дыбыс түрлері ретінде фонемаларды таңбалайтын графикаларды білдіреді. Грамматолог-теоретик И.Е.Гельб жазу эволюциясын мынадай кезеңдерге бөледі: жазу алдындағы дәуір, оған өте көне шартты таңбаларды қамтитын семасиография, пиктография және қарабайыр идеография жатқызылады; жазу дәуіріне фонография жатқызылады. Фонография әртүрмен көрінеді: а) сөз-буын жазу; б) буын жазу; в) әріптік жазу. Ал әріптік-дыбыстық жазу – дүние елдері үшін ыңғайлы жазу түрі. Бұл жазудың негізгі ерекшелігі таңбалар санының аздығында, бірақ дыбысты мейлінше дәл жеткізеді деп саналуында. Бұл жазу түрінде 20-дан 40-қа дейін таңбалар болады, бүгінгі күні бұл жазу «жеке фонема – жеке графема» принципінен көрінеді.

Қазақ жазуы тарихында арабнегізді ескі қазақ жазуы ертеректе пайдаланылды, мұсылмандықпен бірге енген бұл жазу квазиәліпбилік сипатты еді, өйткені онда дауыссыз дыбыстардың таңбалануына басымдық берілді, ол көбінесе *консонантты әліпби* деп аталады. Араб жазуы оңнан солға қарай жазылады, онда 28 таңба болды. Әрбір таңба бір дауыссыз дыбысқа арналған. Дауысты дыбыстарды әріптердің асты-үстінен жазылатын арнайы диакритикалық таңбалармен белгілеген. Мысал ретінде шағатай тілді жазбадан алынған мына сөздерді келтіруге болады: *ملا میکای ایعی* және бұл мысалдар әріптерден бөлек қосымша таңбалардың, мысалы *ﻻ* болғанын көрсетеді. Бұлар әріп таңбалардың үстіне орналасқан. Араб тіліндегі дауыстылар ұзын және қысқа болып бөлінетіндіктен, кейбір дауыссыз дыбыс таңбалары жазу кезінде созылыңқы дауыстыларды таңбалау мақсатында пайдаланылған. Қысқа дауыссыздар қосымша қаракаттар арқылы жазылған. Дауысты дыбыстардың қалай оқылуы көп ретте оқушының білімі мен түсінігіне байланысты болған-сынды. Ал «а», «и», «у» дауысты дыбыстарына мына сөздегідей *حركات* жеке таңбалар арналған. Бірақ осы үш таңба өзге де ұқсас дыбыстарды таңбалауда да пайдаланылады, «а» к, г дауыссыздарымен тіркесіп келгенде немесе сөз ішінде аталған дыбыс бар сөздерде ә-ні таңбалады. Ал *ي* әрпі «суқун» таңбасымен бірге мысалы, (*بَيْتٌ*) [бейт сөзінде] е-ні таңбалаған, «ы» анық естілетін дифтонг-буындарда жуан естілетін дауыссыз дыбыстармен келгенде «ы»-ны таңбалаған. Сондай-ақ дыбыс жуан естілетін дауыссыздар тіркесіп, «...и» дыбысы жуан естілетін дауыссыз дыбыстармен келіп, (мысалы, *بَيْتٌ* [тыфль сөзіндегідей] жекелеген сөздерде *ط* әрпі жуан естілетін дауыссыз «т»-ны таңбалайды. «У» дыбысы классикалық араб тілінде өзгеріссіз қолданылады, бірақ кейде диалектілік сөздерде «о»-ны таңбалаған. Осы 3 дауысты дыбыс белгіленімдерінен (қаракат, сүкүн, фатха) бөлек олардың 3 айырым түрлері бар. Оларды «танвин» (*شَوَرِيَّتٌ*) деп атайды. «Сүкүн»-нің үш түрі бар, бірі – дауыссыз дыбыстың жоғын білдіреді, «шадда» белгісі – дауыссыз дыбыстың қосарланып тұрғанын көрсетеді, «хамза» – екі дауысты дыбысты бір-бірінен ажыратады. Ескі

араб графикасы неге көңілден шықпады? Ескі араб графикасының кемшіліктері ретінде өткен ғасыр басында қазақ зиялылары: бір дыбыстың сөздің басы, ортасы, аяғында бірнеше түрлі таңбалануын; оңнан солға жазудың қиындығын; оңнан жазып келе жатып цифрларды солға қарай жазу қажеттілігін; нотаны араб қарпімен жазудың ыңғайсыздығын; болашақта техника мен ғылыми кітаптардың латын тілді болатындығын; араб алфавитінің шығыны көптігін, т.б. фактілерді келтірді және саяси себеп те болғаны белгілі. Осы кемшіліктер анығырақ байқау үшін XVII-XIII ғасырлардағы қазақ сұлтандарының Чиң патшалығына, әкімшіліктеріне, әртүрлі аймақтағы басқарушыларға жазған хаттарын қазақтың ескі мұралары ретінде алып, зерттеп, талдап, «қазақтың ескі жазба әдеби тілі» болған деген пікірді айтып жүрген Пекин Орталық ұлттар университетінің доценті Д.Әбділәшім ұлының кітабынан алынған үзінділерді келтіріп көрелік. Бұл үзінділердің шағатай жазуының және сол тұстардағы емлелік ерекшеліктерді көрсетуде көмегі тиеді:

ұлы

جوڭگو ۋېدىرىنىشى تارىخى مۇراعاتىندا ساقتالغان قازاقشا قۇجاتتار

Жуңго 1-тарихи мұрағатында сақталған қазақша құжаттар

122-бет

22-бет

وڭ قانات قۇجات 9(چىرگىلىكتى اكمىشلىككە)

Оң қанат құжат 9 (жергілікті әкімшілікке)

چيانلۇڭنىڭ 38-جىلى 7-ايدا (1773-جىلى 18-تامىزدان 15-قىركۇيەككە دەيىن) نلە گىنارالى مالىمدەمە تۆرتسىمان

بىرگە جولدانعان ايبلىمىز ۋاڭنىڭ خاتى.

Чианлұнның 38-жылы 7-айда (1773 жылы 18-тамыздан 15-қыркүйекке дейін) Іле генералы мәлімдемесімен бірге жолданған Әбілпейіз уаңның хаты.

«Көшірме нұсқа» (микрофильм) 99:3414-3415 «Каталогқа кіргізілмеген»

Түпнұсқалық жазылуы қазіргі әліпбимен:

Ілені плб тұрған Жаң Жуң. Амбұндарға Абұлфайз уаңдың доғай салам. Сөз бұ ким, Жочы билә барған моламны Жочы сизгә билдирген икән, Ғұлжаға кіргізб сауда қылдырай деп. Йарлық қылған икәнсіз. Жочыны қайныға ібәрәйін деп, өз малымны молланы Жочыға керәклік ізларны сода қыл деп ибәрдім. Иарлықғыңызны екі қылмай, саудасына иақшы қылдырыб ибәрсәңіз көңлүм әлбәтгә ... Ошбұр. Бұ ибәрген кишиләрімні Ғұлжаға кіркөзіп албатта-албатта иақшы саудасы қылдүрүү, мұлла, Мекәй екі кіші, екі қошчысы бірлә бұ төрт кіші. Бұ ибәрген мәлім төрт ат, иүз елік иылқы. Абұлфайз уаңдын Жаң Жуң, анбынға екі ат.

Мһөр Абұ ал-Файз Баһадур Сұлтан

Қазақшасы, қазіргі нормаға келтірілгені:

Ілені билеп тұрған генерал, амбандарға Әбілпейіз уаңнан дұғай сәлем. Айтпақшым мынау: Жошы өзімен бірге барған молдамды Құлжаға, кіргізіп сауда жасат деп сізге айтқан екен, соған жарлық жіберіпсіз. Жошыны қайнына жіберейін деп, молдаға өз малымды айдатып, Жошыға керекті заттарды саудалап кел деп аттандырдым. Жарлығыңызды екі етпей, жақсы саудаластырып жіберсеңіз, әрине, көңілім жай табар. Бұл жіберген кісілерімді Құлжаға кіргізіп, сөзсіз жақсы саудаластырыңыз. Молда, Мекей екі кісі, екі қосшысымен төрт кісі. Бұл жіберген малым – төрт ат, жүз елу жылқы. Әбілпейіз уаңнан генерал, амбандарға екі ат.

Мөр. Әбілпейіз Баһадүр Сұлтан

بىر تىلدا ھىككىسى بىر. кейбір сөздердегі карамен ерекшеленген әріптер жоғарыда айтылған қосымша белгіленімдер болғанын білдіреді. Бұл белгіленімдер таңбалардың үстіне орналасқан.

Амбанға қазақ тәжі Бофьдін хат Тұтұқ. Қарбаш деген бір қазақ жайырдақы учаң, **мұалда бір туғаны** бар икән. Сіз Хебә амбанының иарлығы білән оны жолғаштұрсыңыз, сізгә білдүрәмін Чиұлұңның еллік төртінчі иылы (қолмен сызылып тасталған)

мөр

Боф Мұхаммад Баһадүр Сұлтан

Муалда, туғаны сияқты сөздердегі «ұ» таңбасы «у» дыбысын таңбалап тұр. Бірақ Иуңбау сияқты сөздерде «у» жалғыз әріппен таңбаланады. Яғни ескі жазуда и, у дыбыстары жартылай дауыстыларға жатқызылғандықтан, кейіннен осы жазу дәстүрі, ескі шағатайлық үлгінің А.Байтұрсынұлы бас шығарушы болған «Қазақ» газетінде де мүмкіндігінше сақталуына мәжбүрлеген.

«Қазақ даласында пайдаланылған келесі жазу түрі – **төте жазу**. А.Байтұрсынұлының төте жазуы оны «қазақ жазуының реформаторы» атандырды» [1]. А.Байтұрсынұлы араб графикасына негізделген қазақ алфавитін түрлендірді. «Ол түрлендірген алфавитті белгілі түрколог Е.Д.Поливанов ұлы жаңалықтардың қатарына жатқызды. Н.Ф.Яковлев, К.Менгес, Б.Комри сияқты шетелдік ғалымдар «Байтұрсынов алфавитінің» жетілген алфавит екенін мойындады» [2]. Орыс ғалымдары алфавиттің құндылығын: «...нельзя не отметить, что не получивший высшего образования и лишь к концу своей активной деятельности установивший контакт с русскими языковедами Байтурсунов смог встать вровень с передовой наукой», – деп бағалады [3,185-б.].

А.Байтұрсынұлының төте жазуында 24 әріп, бір дәйекші болды.

Осы мақалада шартты түрде «Қазақ» газетіндегі төте жазу – **ескі төте** деп алынды. Ескі төте жазуда кездесетін ескі араб жазуына тән (шағатайлық) таңбаларды анықтау қажет. Ондай таңбалар **خ - х, غ - ғ** дыбыстарын таңбалауда кездесті. Сонымен қатар емлелік ерекшелік ретінде у-дың «ұу» (нақты жазуда «ұұ») түрінде таңбаланғанын, бірақ жоғарыда шағатай тіліндегі мәтіннен келтірілген үзіндіде ескі шағатайлық үлгіде осы қосар таңбалардың қолданылмағанын да атап өту керек: *بوالدا بىر توشانلى.*

«Қазақ» газетінде ескі шағатайлық **خ - х, غ - ғ** дыбыстары таңбаланған. Төте жазу қаншама қазақ тілінің табиғи дыбыстық жүйесін толық қамтыды, жазуда сақтады дегенімізбен, сол ескі араб жазуы дәстүрінің, шағатайлық жазу дәстүрінің, квазиәліпбиліктің әлі беріктігі байқалады.

«Қазақ» газетінен алынған мәтіннен үзінді келтіріп отырмыз. Бұл үзінді бойынша талдау тек «ы» дыбысына қатысты жүргізіледі:

أى جارمنان آرتق تاتار دنيا سندا قايناغان مقنى لك مسئلمسى چچلدى. پيتروگرادا آخوندى صفا بايزيدوف حكومت طرفينان مقنى سايلانغان ضببىرى ەبلندى.

اوتكس ەاس سناؤغا اوگاى.

لندى ەاس ەاوندى، اوكنچدن فايدا جوق. براق ككلمچك ەوچن بۇل باريمزگه ەبر جاقسى ساباق بولدى.

Киришиеге түсірілген жазу түрі:

Аы жармнан артқ татар дниаснда қайнаған мфтлк мсылесы чечлді. Петроград ахонды мфа байзидоф хкомт тарфинан мфт сайланған хбры блінді.

Өткен с снаұға оңай.

Енді с өтді өкнчден ғайда жоқ. (М.Д. (4, №144, 1915 жл, сембе ауғост 8. 144 номр).

Айтылу нормасына сай немесе оқылуға сай кирилшеге түсірілген түрі:

Ай жарман артқ татар дниаснда қайнаған мфтлк мсылесы чечлді. Петроград ахонды мфа байзидоф хкомт тарфинан мфт сайланған хбры блінді.

Өткен с снаұға оңай.

Енді **ic** өтді өкнчден ғайда жоқ. (М.Д. (№144, 1915 жл, сембе ауғост 8. 144 номр). Енді осы мәтінге сүйене отырып, таңбалық және кейбір емлелік ерекшеліктерге тоқталуға болады: «...БІ» – жазылған жерлерде бұл дыбыс кейде ы/і, кейде и/й, кейде бірінші және екінші буында сөз басында «е» болып, көбінесе сөздің соңында **ай, ей** буыны немесе «и» дыбысы келуге тиісті жерлерде **«аы»** буыны, **«еі»** түрінде жазылады немесе «и» орнына «ы» жазылған (егер сөз жуан болса), «і» жазылған (егер сөз жіңішке болса). Бірақ қазіргі кезде оқығанда **аы – ай, еі – ей** деп оқып жүргенін ескерту керек: бұл жердегі біздің мақсатымыз жазу мен оқудың немесе жазу мен айтылымның екі басқа дүние екеніне назар аударту. Қалай жазылса солай кирилшеге көшіруді мақсат тұтқандықтан, біз жоғарыдағы мәтінде түпнұсқалық жазылу тұрпатын сақтадық. Мысалы, **ноғаы** (соңында «..»ы жазылған, й деп оқылады), «.....» **қазақдаы** («...» сөз соңында ы жазылады, бірақ й деп оқылады) «.....» **оңаы** («...» ы жазылады, й болып оқылады) чғарғандаы, **үлескендеі** («...» ы,і жазылған, й болып оқылады), «...» **жаы** (ы жазылған, й деп оқылады), «...» **аы** (ы жазылады, бірақ й) болып оқылады. Ескерту керек: **бұл жазуда да қазіргі төтедегідей қысқа «й», ұзын «и» деген жоқ, қазіргі төтеде и/й-ға бір ғана таңба арналған, яғни бір «и» танылады және ол екі и/й-дің де орнына жүреді.**

1915 жылы «Қазақ» газетінде дауыссыз дыбыстарды таңбалаудағы ескі шағатай жазуының квазиәліпбилік сипаты, яғни таңба берілсе де дауыстылардың жазылмауы, ертеден келе жатқан ескі жазу дағдысының әлі де басымдығын байқатады. Нағыз квазиәліпбилік болмаса да, төте жазуда емле әсерінен квазиәліпбилік белгілер қалыптасқанын жоққа шығару қиын, себебі әр дыбыс бір таңбаға ие болды дегенмен, олар жазуда таңбасынан айрылған. Ал сөздің толық нұсқасы оқылған кездегі инерцияға байланысты болғаны сезіледі, сөйтіп барып, нәтижесінде сөйлем дұрыс оқылып отырған.

«Қазақ» газетінің өзге емлелік ерекшеліктері басқа мақалаларда таратылып айтылады.

ӘДЕБИЕТ

1. Момынова Б. «Қазақ» газетіндегі қоғамдық-саяси лексика. – Алматы: Арыс, 1997.
2. Момынова Б. Қазақ әдеби тілінің тарихы. ҚР БжҒМ грифімен бекітілген. – Алматы: «Қазақ университеті», 2011.
3. Ашнин Ф.Д., Алпатов В.М., Насилов Д.М. Репрессированная тюркология. – Москва: Восточная литература, 2002
4. «Қазақ» газеті, 1915 жыл, № 144.

Материал редакцияға 25.07.2019 жылы түсті

А.ІСИМАҚОВА¹

¹М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор
Алматы қаласы, Қазақстан

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ: ҚАЗАҚТЫҢ БАС АҚЫНЫ

Аннотация: Мақалада Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласындағы Абай бейнесі жан-жақты ашылып, ақынның терең ойлары мен философияға толы толғаныстары дәйекті түрде жан-жақты ашылған. Сондай-ақ А.Байтұрсынұлы Абайдың ақындық өнерін дәріптеп, классикалық мұраның кейінгі қазақ әдебиетіндегі орнын нақтылап берген. А.Байтұрсынұлы абайтанушыларға сара жол нұсқап, Абай шығармашылығының өзіндік ерекшеліктерін терең ғылыми негізге сүйене отырып, тұңғыш рет ашып көрсеткен.

Тақырыбы: А.Байтұрсынұлы: қазақтың бас ақыны

Түйін: Мақалада Ахмет Байтұрсынұлының Абай туралы ойлары, ақындығы мен шығармашылығы туралы сөз болады.

Тірек сөздер: ұлт, тіл, әдебиет, ақын, мәдениет, ғылым.

Тема: А. Байтұрсынұлы: главный казахский поэт

Резюме: В статье рассматриваются изыскания Ахмета Байтурсынова об Абая, его поэзии и творчестве.

Ключевые слова: нация, язык, литература, поэт, культура, наука.

Subject: A. Baitursynuly: chief Kazakh poet

Abstract: The article deals with the research of Akhmet Baitursynov about Abai, his poetry and creativity.

Keywords: nation, language, literature, poet, culture, science.

Ұлт ғылымын, мәдениетін, әдебиетін жаңа, биік деңгейге көтерген осынау буынның Темірқазығына айналған тұлға Абай екені олардың арнайы мақалаларынан байқалады. Бұл – классикалық мұраны мойындап, оны түсінуге және әрі қарай дамытуға ұмтылыс еді. Осы топтың басшыларының бірі А.Байтұрсынұлы реформаторлық тұрғыдан мақаласының атына өзекті, өзінің замандастары ғана емес, бүгінгі ХХІ ғасырда мойындалып отырған тұжырым қояды яғни Абайдың «Қазақтың Бас ақыны» екенін өзге жұртқа да, өзімізге де жете ұғындырады.

Осы зерттеуінде А.Байтұрсынұлы классикалық мұраның кейінгі қазақ әдебиетіндегі орнын нақтылап берді. Бүгінгі абайтанушыларға сара жол нұсқап, Абай шығармашылығының өзіндік ерекшеліктерін терең ғылыми негізге сүйене отырып, тұңғыш рет ашып көрсетті: «Сөзі аз, мағынасы көп, терең... Не нәрсе жайынан

жазса да, Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармап жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады» [1,54]. Аталған мақалада Ахмет Байтұрсынұлы сонау 1913 жылдың өзінде-ақ «шығармашылық» категориясы ұғымына нақты теориялық анықтама берді: «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылдық керек. Мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған», – деген ой қорытындысын жасайды [1,58].

Демек, қазақ әдебиеттануында абайтанудың берік іргетасы осылай қаланды. «Хақиқатты тануға, тереңнен сөйлеуге бойына біткен зеректіктің үстіне Абай әртүрлі Еуропа білім иелерінің кітаптарын көп оқыған... Сондықтан Абайдың терең пікірлі сөздерін қарапайым жұрттың көбі ұға алмай, ауырсынады. Абайдың сөзін мың қайтара оқып жаттап алып жүрген адамдардың да Абайдың кейбір өлеңдерінің мағынасына түсініп жетпей жүргендерін байқағаным бар. Тіпті «Осының мағынасы не?» деп сұрағандары да бар. Сол өлеңді алып қарасақ, айтылған пікірде, айтуында еш кемшілік жоқ. Түсіне алмаса, ол кемшілік оқушыда... Оған оқушы түсінбесе, ол Абайдың үздік, ілгері кетіп, оқушылары шаңына ере алмағанын көрсетеді. Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білуі керек» [1,162] – деп түйіндеген Ахмет Байтұрсынұлының мұндай ойларын өзгеге өсиет ретінде ұсынып қана қоймай, өз шығармашылығы арқылы іске асырғанына оның «Қырық мысал» мен «Маса» жинақтары дәлел.

Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» мақаласында: «Ақындық, өлеңшілдік ел көзіне қадірсіз көрінсе, кемшілік ақындық пен өлеңшілдікте емес, ақындық пен өлеңшілдікті орнына жұмсамағандықта екендігін, ақындық пен өлеңшілдікті қазақ ақындары, өлеңшілері қайыршы-тіленшілік орынға жұмсағаннан өлеңнің қадірі кеткенін Абай әбден білген соң, өлең жазуға түскен», – деп түйіндепті. Себебі, әдебиеттанушы Абайдың міндеті: *«Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шаашпақ. Наданның көзін қойып, көңілін аштақ. Үлгі алсын дей-мін ойлы жас жігіттер, думан-сауық ойда жоқ әуелбаста-ақ»*. Бұл ойды Ахмет Байтұрсынұлы дәлелдеп береді: «Басқа ақындар аз білімін сөздің ажарымен толтыруға тырысқан, Абай сөздің ажарына қарамай, сыпайылығына қарамай, әр нәрсенің бар қалыбын сол қалыбынша дұрыс айтуды сүйген». Тағы да А.Байтұрсынұлы Абайдың көркемсөзге о баста ерекше мән бергенін былай дейді: «Абай өлеңге басқа көзбен қарап, басқа құрмет, ықыласпен күтіп алып, төр түгілі, тақтан орын берген».

Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында Абайдың шығармашылығы туралы былай дейді: «Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды сынады».

Ахмет Байтұрсынұлы Абайдың реформаторлық сырын да бір-ақ сөйлеммен анықтайды: «Біліммен би болып, жұрт билейтін заман өтіп, таспен би болатын заманға қарсы туған. Білімі көптер жұрт билемей, малы көптер жұрт билейтін заманға қарсы туған». Біліммен би болу оңай ма? Білімі көптер билеген заман болған ба?!

Абайға дейінгі ақындар әдеби терминдерді, оның ішінде «айтушы», «тыңдаушы», «сөз сарасы», т.б. қолданбағаны белгілі. Абайдың сыны туралы Ахмет Байтұрсынұлы: «Жұрт мағыналы, маңызды, терең сөзден гөр імағына жоқ, маңыз жоқ, желдей гулеп, құлаққа дыбысы тиіп, өте шығатын жеңіл сөздерді тыңдауға құмар екендігі Абайдың өлең жайынан жазған сөзінде көрсетілген. Сол сөзінен Абайдың сыншылығы, өлең жақсы болуға не керектігін білетіні де көрініп тұр», – деп анықтап береді. Сонымен қатар Ахмет Байтұрсынұлы Абайдың сөзге деген ерекше көзқарасын, сөздің қару екенін түсінетінін айта кетеді, себебі: «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек. Мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған». Ахмет Байтұрсынұлы әдебиеттанушы Абайды осылай бағалайды. Абайдыңқазақ әдебиетіне жаңа жол көрсеткені де ескеріледі: «Бұлардың үстіне Абай көсем,үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған. Абайда өлең сөзінің неше түрлі үлгісі, өрнегі табылады».

А.Байтұрсынұлы Абайдың: «өзі тексергіш болған соң, оның өлеңін тексеріп, қате шығарып ешкім жарыта алмайды» дей келе, ұлы ақынның «қандай сыншы, сөз тексергіш екендігін төмендегі сөзінен байқауға болады», – дейді. Осы ретте «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңін мысалға келтіреді.

А.Байтұрсынұлы қазақ әдебиеттануында тұңғыш рет Абайдың өлең құрылысына байланысты теориялық тұжырымдар құрайды. А.Байтұрсынұлының ойынша «Абай өлеңге басқа көзбен қарап, басқа құрмет, ықыласпен күтіп алып, төр түгіл, тақтан орын берген». Себебі оның өлеңдерін зерттеуші А.Байтұрсынұлы «қандай үлгілі, қандай мағыналы, қандай асыл, қандай терең сөздер» деп бағалайды. Ақынның өлеңге, әдебиетке деген көзқарасын, оның жаңа эстетикалық талғамын А.Байтұрсынұлы: «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасын» талдау арқылы анықтап береді. Абай өлеңдерінің ішкі әлемі, шығарманың поэтикалық талдауын да А.Байтұрсынұлы тұңғыш рет көрсеткен. Ақынның жаңа үлгі, өзгеше өрнек, мазмұн, түр, ырғақ, бунақ, тармақ, айшық, жорғақ, жаңашылығы туралы әдеби-теориялық қағидалары қазақ әдебиеттануының табысы. А.Байтұрсынұлы теориялық талдаулар арқылы Абай шығармашылығының жаңашылдығын, оның классикалық болуының мәнін ашады.

А.Байтұрсынұлы осы орайда: «Абайдың асылын танып, дұрыс баға берген нәрсесі жалғыз өлең емес. Көп нәрсені Абай сөз қылған, сол сөздерінің бәрінде де Абайдың әр нәрсенің асылын танығаны, білгені көрінеді. Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен үздік артықтығы – әр нәрсенің бергі жағын алмай, арғы асылынан қарап сөйлегендіктен», – деп әділ бағалаған [1, 160].

Абай «Ғақлиясын» «Қарасөз» деп атауы да тегін емес. Замандастары көркем сөзді өлең мәтінімен шығарған кезде, Абай қазақтың қарасөзіне атам заманнан келе жатқан, жыраулар қалыптастырып, түйіндеп берген ұлттық пәлсапалық ойлау жүйесін қайтарды. Бұл ата-бабаның өсиет, аманат сөзі іспеттес жанр.

Әдебиетші Абай ақын Абайды өлеңдерінде талдап отырса, қарасөзінде хакім Абай осы екеуінің үйлесімділігін, пәлсапалық, дүниетанымдық, ғалымдық, діни, әлеуметтік тұрғылардан тоғыстырғаны анық, сондықтан «Ғақлияның» стилі де ерекше.

А.Байтұрсынұлы Абайдың жазуы туралы былай депті: «Абай көп нәрсені білген, білген нәрселерін жазғанда, «мынау халыққа түсінуге ауыр болар, мынаның сыпайшылыққа кемшілігі болар» деп тайсақтап тартынбаған. Хақиқатты хақиқат қалыбында, тереңді терең қалыбында жазған». Бұған себеп болған – ақынның, әдебиеттанушылығы: «Хақиқатты тануға, тереңнен сөйлеуге, бойына біткен зеректіктен» екенін А.Байтұрсынұлы осылай дәлелдеп берген [1, 160]. Бұқар мен Дулатты сынау үшін Абай, әрине, өзінің алдындағы қазақ сөз өнерімен таныс болған, сырын ашып, кемшіліктеріне көзі жеткен соң ғана оны сынауға бет алған. Ол үшін сөзді талдау, талғау қабілеті болуы шарт екені белгілі және сөз өнеріне қояр басты тұжырымы: «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы». Мәселе өлеңде ғана емес, сөздің контексінде. Осылай бір ғана сөйлеммен әдебиетші Абай сөздің стильдік мәнін, сөздің көркем мәтіндегі орнын, міндетін анықтап берген.

Әдебиетші Абай сөздің маңыздылығына да ерекше мән береді: Ынсап-ұят, арнамыс, сабыр, талап. Бұларды керек қылмас, ешкім қалап. Терең ой, терең ғылым іздемейді. Өтірік пен өсекті жүндей сабап. Адамға қажетті көркем мазмұнды баяндауды және оның соған сай форма-пішіні болуын әдебиетші Абай осылай айғақтаған. Абай «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деген бір жолмен ауыл баласының көркем сөзді қабылдауына, оның өнер екенін мойындап түсінуге, оны бағалай білу қабілеті адамзатқа ортақ көркемдік-эстетикалық жай екенін түсінуді меңзейді. Әл-Фараби мен Буало айқындаған әдеби талап пен шарттарды Абай пән тілінде осылай нақтылай түсті. Абайдың қарасөздері «хақиқатты хақиқат қалыбында» тану үшін жазылғаны анық.

А.Байтұрсынұлының айтуынша: «Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған. Абайда өлең сөзінің неше түрлі үлгісі, өрнегі табылады... Абай өлең жақсы болуға керек шарттардың бәрін білген» [1, 158]. Сондықтан «Абай асылын танып, дұрыс баға берген нәрсесі жалғыз өлең емес. Көп нәрсені Абай сөз қылған, сол сөздерінің бәрінде де Абайдың әр нәрсенің асылын танығаны, білгені көрінеді». А.Байтұрсынұлы классикалық мұраның түп-тамырын осылай нақтылайды, себебі. Абай «әр нәрсенің бер жағын алмай, арғы асылынан қарап сөйлегендіктен».

Осы зерттеуінде А.Байтұрсынұлы классикалық мұраның кейінгі қазақ әдебиетіндегі орнын нақтылап берді. Бүгінгі абайтанушыларға сара жол нұсқап, Абай шығармашылығының өзіндік ерекшеліктерін, терең ғылыми негізге сүйене отырып, тұңғыш рет теориялық талдау арқылы ашып көрсетті.

Аталған мақалада Ахмет Байтұрсынұлы сонау 1913 жылдың өзінде-ақ «шығармашылық» категориясының нақты теориялық анықтамасын береді, себебі: «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек».

«Қазақтың бас ақыны» арқылы қазақ әдебиеттануында Абайтанудың берік іргетасы қаланды. Осыншама ілім мен білімді Абай қайдан тоқыған деген сауалға Ахмет Байтұрсынұлының дерегі бар: «Абай 10 жасынан 13 жасқа шейін қырда мұсылманша оқыған. 13 жасқа шығарда Семейде Ахмет Ырзаның медресесінде оқыған. Медреседе 4 жыл мұсылманша оқып, 3 ай орысша оқып, сонымен оқуды қойған. Он бес жасында-ақ балалық қылмай, үлкендердің қатарына кіре бастаған. Әкесіне серіктікке жарай бастаған. 20 жасында ел ішіндегі белгілі бір шешені атана бастаған. Зеректікпен естігенін ұмытпаған. Заман бұрынғыдай болса, Абай алаштың

атақты билерінің бірі болуы шүбәсіз. Біліммен би болып, жұрт билейтін заман өтіп, тасың би болатын заманға қарсы туған. Білімі көптер жұрт билемей, малы көптер жұрт билейтін заманға қарсы туған. Абай жұрт алдына білімін салғанда, басқалар малын салған, жұрттың беті малға ауып, елбилігі Абай қолына еркін тимеген. Білімнен мал артық болушы ма еді, деп Абай жұрттың онысына көнбей, таласқан».

Кезінде М.О.Әуезов айтқан, қазір зерттеушілер тарапынан (Р.Нұрғали) сөз болып жүрген «Мәдениет тарихы» атты еңбегін табу үшін жасаған әрекеттеріміз нәтиже бермеді.

Қазақ халқының әліппесі Алланың кітабы – Құран әріптерімен үндес екенін дәлелдеп кеткен А.Байтұрсынұлының бұл ғылыми жаңалығының мәнін біз әлі толық мойындамай келеміз. Оның үстіне бұл – ғылыми мәні зор, мұсылман елдеріне үлгі болатын бірден бір дәйек.

ӘДЕБИЕТ

1. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-том. А.: Алаш, 2004.
2. Бөкейхан Ә. Таңдамалы (Бас ред. Р.Нұрғалиев). А.: Қазақ энциклопед., 1995.
3. Қабдолов З. Аханның әдеби қисындары // Көзқарас. – Алматы: Рауан, 1996, 72-б.
4. Ахметов З. Бүкіл қазақ «Ахан» деген // Ұлттың ұлы ұстазы. – Алматы, 2001. 64-б.

Материал редакцияға 28.08.2019 жылы түсті

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
филология ғылымдарының докторы, профессор
Алматы қаласы, Қазақстан

ШАҢКӘРІМ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ КӨРКЕМ СӨЗБЕН КӨРІКТЕЛГЕН ӘЛЕМНІҢ БІРЛІГІ МЕН ТҰТАСТЫҒЫ

Аннотация: «Кеңістік» концепті Шаһкәрім шығармаларында көркемдік мазмұны кең, өрісті, өз ішіне мәндік үлкен жүк арқалаған сипатында көрініс табады. Кеңістікті қабылдау – қоршаған табиғи ортаның көркем бейнесін, заттар мен құбылыстардың көлемі мен кеңдігін қабылдау, олардың арасалмағын, арақатынасын шамалау. Көркемдік дискурсте кеңістікті қабылдау Шаһкәрімнің авторлық бейнесі арқылы орындалады.

Тақырыбы: Шаһкәрім өлеңдеріндегі көркем сөзбен көріктелген әлемнің бірлігі мен тұтастығы

Түйін: Мақала «Әлемнің когнитивтік бейнесі: қазақ тіліндегі ұлттық кодтар» ғылыми жобасы аясында жазылды

Тірек сөздер: концепт, дискурс, монолог, метафора, синтагма.

Тема: Единство и целостность мира в поэзии Шакарима

Резюме: Статья написана в рамках научного проекта «Когнитивный образ мироздания: национальные коды на казахском языке».

Ключевые слова: концепт, дискурс, монолог, метафора, синтагма.

Subject: Unity and integrity of the world in Shakarim's poetry

Abstract: The article is written in the framework of the scientific project «Cognitive image of the universe: national codes in the Kazakh language».

Keywords: concept, discourse, monologue, metaphor, Syntagma.

Көркемдік әлем белгілі кеңістікте, уақыт аралығында өмір сүреді. Кеңістік, уақыт және болмыс категориялары – бірінен бірі ажырағысыз. Автор қаласын, қаламасын, ол шығармадан әлем танудың эстетикалық танымдық моделі ретінде орын алады.

«Кеңістік» концепті Шаһкәрім шығармаларында көркемдік мазмұны кең, өрісті, өз ішіне мәндік үлкен жүк арқалаған сипатында көрініс табады. Кеңістікті қабылдау – қоршаған табиғи ортаның көркем бейнесін, заттар мен құбылыстардың көлемі мен кеңдігін қабылдау, олардың арасалмағын, арақатынасын шамалау. Көркемдік дискурсте кеңістікті қабылдау Шаһкәрімнің авторлық бейнесі арқылы орындалады. Мұны мынадай екі түрлі сипатта тануға болар еді:

- ақынды қоршаған сыртқы орта;
- ақынның ішкі әлемі немесе ішкі өзіндік таным кеңістігі.

Әлбетте, кез келген адам сыртқы кеңістікпен белгілі бір қарымқатынасқа түседі. Қоршаған ортаның әсері болады, адам да қоршаған ортаға ықпал ете алады, әр алуан қарым-қабілетін, түсінікталғамын бекітіп, нақты бағалау жүйесін белгілейді. Ортаның адамға әсері оның мінез-құлқынан, денсаулығынан, психикалық ерекшелігінен де көрінеді[1].

Шаһкәрімнің «Тау басындағы ой» атты өлеңіне талдау жасап көрелік:

Шыққаным – Шыңғыстағы бір биік тау,
Жақсы екен тауға шығып тағдыр сынау,
«Қайырлы түн болсын» деп үнсіз айтып,
Күн кеткен соң, түн келді қараңғылау.
Аспандағы ай, жұлдыз – бәрі айланды,
Жалғыззақ Темірқазық тапжылмайдыау.

Кеңістік концептінің төркінін танытып тұрған синтагмалар – *Шыңғыстағы бір биік тау, тауға шығып тағдыр сынау, аспандағы ай, жұлдыз, Темірқазық тапжылмайдыау*. Лебіздегі сөз қызметінің бірқатар заңдылықтары синтагматикада анықталып, ерекше мағынада көрінетіні белгілі жайт. Мысалы, сұрыптауды шектеу ережесі (Дж. Кац, Дж. Фодор), лексикалық мағыналардың қосылу ережесі (Ю.Апресян), семантикалық келісім ережесі (В.Г.Гак). Көрсетілген мәтіндегі синтагмалар осы сипатында белгілі семантикалық өрісте нақты бағаланып, кеңістіктік мәнді таңбалайды да, автордың ішкі сезімімен астасып жатады. Мұнда бірнеше кеңістіктің типі бар: *биік тау кеңістігі*, мұнда автор Шыңғыстаудың бір биік шыңына шығады; осы арқылы авторлық Мен өзінің тағдырын сынайды. Яғни автор бейнесінің *ішкі кеңістігі* бой көрсетеді. Тауға шығып, өзінің тағдырын сынау туралы ой авторлық бейненің ішкі мәнін, сырын танытса керек. *Күн кетіп, түннің келуі* авторлық менді терең ойға батырады. Кеңістіктік қатынас енді уақытпен байланысқа түседі. Ақылмен ой ойлау арқылы терең оймен тексеріп, автор байлам жасауға қамданады. Оның үстіне коммуникативтік үзінді бойынша кеңістіктегі (яки Шыңғыстаудағы) болып жатқан әрекет қозғалыспен де байланысты. *Аспандағы ай, жұлдыз – бәрі айланды*. Осылайша сыртқы ортада табиғи түрде болып жататын құбылыс кейіпкердің ішкі жан дүниесіне, сезіміне әсер етеді, терең ойға қалады. Өлеңнің соңына дейін авторлық Меннің жайкүйі, ішкі кеңістігі, сезімі сыртқы орта мен кеңістікті, ондағы табиғи құбылыстарды қабылдаудың нәтижесіне байланысты екселеді.

Кеңістік концепті оймен, ойлаумен байланысып, *таза ақыл, терең ой* бірліктері өзекті, көкейтесті ұғым ретінде бой көрсетеді:

Көз, құлақ, қол, мұрын, тіл – бәрі алдайды,
Тетігі – таза ақылмен өлиеп сынау.
Терең оймен тексеріп күн батырып,
Сонда тауып байлаған ойым мынау.

Мұндай анықтық, нақтылық табиғи болмыстың шындығы арқылы, деректі зат есімдердің табиғи қасиеттерін бағалау арқылы анықталып, тайға таңба басқандай етіп түсіндіріледі. Оқушыны тап бастырмай, ойының дұрыстығына сендіреді:

Көктен жаңбыр жауады, жерден – бұлақ,
Қаниша ақса да оларда бар таусылмау.

Жылылық пен салқыннан жаратылған,

Ойласам, оның түбі – жердің буыау.

Бағамдасақ, көк, жаңбыр, жер, бұлақ, бу – деректі зат есімдер де, ағу, таусылмау, жылылық пен салқындық олардың табиғи қасиеттері.

Аспандағы ай, жұлдыз – бәрі айланып, жалғыз ақ Темірқазық тапжылмайтыны авторды осындай ойларға жетелейді. Осылайша, авторлық Меннің ішкі кеңістігі сыртқы ортаға қарап ойланумен көркейіп, кеңейіп, жан дүниесінің тереңдеуіне әкеледі. Шыңғыстаудың табиғатын ғана емес, жалпы дүниенің болмысын терең түсініп, оның ішкі гармониясы мен сұлулығын түйсініп, қозғалыстың заңдылықтарын көрсетеді. Яки, кеңістіктегі болып жататын алуан түрлі әрекет белгілі бір уақыт аралығында өтіп, ішкі қозғалыс заңдарына бағынатынын тереңнен болжап, таза санамен зерделейді.

Өлең жолының *«шыққаным»* етістігімен басталуы авторлық Меннің тек Шыңғыстауға шығуы емес, болмыстағы заңдылықты анықтап, жаратылыстағы ішкі гармонияны, үйлесімділікті сезініп, ішкі жан дүниесінің тереңдеп, биікке шығуын да танытып тұрғандай.

Ішкі монологпен, бірінші жақпен басталған өлең жолдары, ары қарай жіктік жалғауының екінші жағының сыпайы түрімен жалғасып, көрінбейтін оқушымен сырласумен жалғасады. Оқушының (тыңдаушының) ішкі жандүниесін баурап алып, құрғақ ақыл айтумен емес, деректілікті танытумен тамсандырып, сөзіне иландырады. «Надансың» деп кейімейді, білімділігін таныта отырып, танытпай, сөздің соңын ортақ ете қайырады:

Сыртын біліп, сырынан хабарсыз боп,

Надандықпен сезбедік осыны біз.

Осылайша, авторлық Мен мен оқушы, тыңдаушы кейіпкер арасындағы аралық азая береді. Кейіпкердің ішкі әлемі, ішкі кеңістігі сыртқы табиғи органы қабылдау арқылы байып, кеңейе түседі.

Шаһкәрімнің идиостилинде әралуан хронотоптық тұтастықтарды тілдік таңбалармен бейнелеуде өзіндік ерекшеліктерді анықтаудың маңызы зор. Хронотоп (көне гректің χρόνος, «уақыт» және τόπος, «орын» деген сөздерінен алынған) – М.Бахтиннің «Формы времени и хронотопа в романе» деп аталатын зерттеуінде енгізген әдеби термин. Хронотопты Бахтин «существенную взаимосвязь временных и пространственных отношений» деп түсіндіреді. Бұл терминді профессор Б.Майтанов «мекеншақ» түсінігімен береді. Пікірге қосылу жөн.

Кеңістік – шындық болмыстың нақты көрінер тұсы, мұнда адам өзінөзі және айналадағы қоршаған органы тани бастайды. Кеңістікте берілетін тәжірибе барлық феноменологиялық білімнің негізін қалайды. Ю.М.Лотман бұл жөнінде: «Семиотика пространства имеет исключительно важное, если не доминирующее, значение в создании картины мира той или иной культуры. Природа этого явления связана с самой спецификой пространства. Неизбежным фундаментом освоения жизни культурой является создание образа мира, пространственной модели универсума» [2] – деп жазады.

Шаһкәрім шығармаларында әлем бейнесінің көп қырлылығы кеңістіктік бейне арқылы жақсы танытылған.

*Барша ғалам тапжылмай тұрып қалса,
Бола ма уақыт деген өлшеу салып?*

Аталған өлең жолдарындағы ой мазмұнын уақыт пен кеңістіктің (әлемнің) арасындағы байланыстың керемет көркем көрінісі дер едік. Мәтінде ғаламның тапжылмай тұрып қалуы мен уақыттың өлшемдік қасиеті автордың қиял әлемінің теңдессіз шарықтауымен екшеліп, өзіндік шығармашылық ойлауды, автор ойының ұшқырлығы негізінде жасалған жаңаша ойлау еркіндігін туғызады. Ойлау еркіндігі қазіргі ғылым ұсынып жүрген білікпен, біліммен шектеліп қалмай, одан әрі самғауды қиялдайды:

*Күннен неге түсіп тұр сонша жарық,
Сегіз минут шерікте жерге барып?
Әншейін құр жарқырап тұрып алмай,
Жылылық нұрмен бірге жүр қозғалып.
Бұ дүние жылуы жоқ нұрсыз болса,
Әлемнен кім жүре алар пайдаланып?*

Авторлық МЕН қойып отырған «НЕГЕ» сұрағына қайтарар өз жауабы бар. Ол жауапқа иланатындар да, иланғысы келмейтіндер де табылады. Өйткені «жаралыс жұмбағының ісі өлшеусіз. Білдім деген – білмедім дегенге есеп». С.М.Ыбырай «Шәкәрім дүниетанымы және қазіргі жаратылыстану концепциялары» [3] атты мақаласында былай деген екен: «XX ғасырдың жаратылыстану ғылымдары табиғаттың бірқатар жаңа қырларының бетін ашып, әзірге бұлдыр болжам күйінде қалған жұмбақтар қалдырып кетті. Адамзаттың ақыл қуаты әлі жете алмаған, болашақ ойға азық болар бұл жұмбақтардың бәрі де әлемнің түбегейлі бірлігін мензейді. Осылайша жаратылыстың түбегейлі негізінде жатқан универсал байланыстар Жаратушы күдірет барлығын, сол жалғыз ғана шын барлықтың Бірлігін мензейді». Мұны қазіргі қазақ ғылымында айтылған терең ғылыми пікір деп қабылдап, бәлкі, ғылыми жұмбақтардың болуының өзі адамзатқа ашуға болмайтын, оның таным деңгейіне сыймайтын «ләм-мим» болар деп есептелік.

Шаһкәрім «Кеңістік» сөзін белсенді қолдана бермейді, көбінесе, дүние, әлем атаулары пайдаланылады. Шаһкәрім үшін «әлем» – ең алдымен, ақиқат дүние, жердегі тіршілік:

*Ғылымдылар тексеріп көрді ме екен,
Әлемнің қиын сырлы осындайын.*

Адамның, әлемнің бірлігі мен тұтастығын көркем сөзбен көріктеп, жалпының бірлігі мен кешендігін жеткізуде үлкен білім мен білік, толғам мен таным керектігі рас. Қазақтық дүниетанымда адамның бүгінгі көретін қызық дүниесі «дүние жалған» ұғымы арқылы белгілі. Мұны қазақ халқының философиялық ой толғамының жеткен ұлы биіктерінің бірі десе болады. Адам мен әлемнің байланысы концептер негізінде жүзеге асырылады. Көркем шығармалардағы кеңістік көркемдік ұғымдар арқылы анықталып, жеке тұлғаның ассоциациялық қабылдауы арқылы оның жалпы поэтикалық, ғылыми, әлеуметтік, тарихи тәжірибесі мен таным дүниесінің көрінісі ретінде танылады. Концептер адам санасында тек сөз мағынасы арқылы ғана емес, оның өзінің және халықтық мәденитарихи тәжірибесі негізінде жасалатыны белгілі. Таным көкжиегі көтеріле

артқан сайын, сөз арқылы берілетін ұғым да кеңейіп, мәні тереңдей түседі.

«Дүние», «жалған» сөздерінің мағыналары да осындай таным көкжиегінің кеңуінен пайда болған ұғымды таңбалау мақсатында, әуелгі семаларынан ерекше, мәні терең, мағынасы ауқымды семеманы иеленген: «Дүние» (мир, свет, вселенная) – араб сөзі; қазақ тілінде әртүрлі мағынаға жіктеле дамыған: а) әлем; ә) байлық (Дүние де өзі мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз); б) өмір (Қапыда өткен дүниеай, ақырында еш болды, ел үшін еткен еңбегім) т.б.

«Жалған» – өтірік, ақиқат емес деген мағынада қолданысқа ие. Ал «Дүние жалған» сөзі қосарлана келіп, жаңа концептік сема иеленеді. Дүние – бар; жалған – жоқ; осы екі ұғымның оппозициялық қарамақайшылығы арқылы жаңадан пайда болған екіншілік мағына қазақ халқының өзіндік қоғамдық тәжірибесі мен танымының диалектикалық бірлігі арқылы пайда болған тағылымдық мәнінен туындайды. «Дүние жалған» тілдік бірлігінің кумулятивтік қызметі бірнеше негізге сүйеніп қалыптасуы ықтимал. Мұнда халықтың сан ғасырлық тәжірибесі, тәжірибелік іс-әрекеттің нәтижесінде жасалған рухани мәдениеті, мәдениеттің негізгі бір элементі саналатын танымның нәтижесі – білім жинақталған. Осыдан келіп, бүтін атаудың эмоциялық аурасы пайда болып, қазіргі біз қабылдап, танитын жанжақты концептік мәнді таңбалайды.

«Дүние жалған» ұғымы кең ұғымдық өрістерді қамтитын «Кеңістік» концептіне жатады.

«Дүние» сөзіне синоним болатын, әрі кеңістік мәнінде жұмсалатын сөздер бар: *әлем, ағлам, жер жүзі, дүние жүзі, жиһан, жаһан, жаһаннам, о дүние, бұл дүние, жалған* т.б. Мұндағы «жаһан», «жаһаннам» дегендер «дүние» сөзінің орнына ауыстырылып жұмсалады да, діни-философиялық лексика ретінде «жаһаннам» – «о дүние» деген мәнге ие болады. Абай мен Шаһкәрім өлеңдерінен бұл ұғымның әр алуан тұлғалануын кездестіруге болады және астарлы түрде көрінеді.

Мысалы, Шаһкәрім:

Болмасқа бұлай қара тер,

Алдыңғы жақты қамдай бер

Жақыныңнан жау жақсы

Ең жақының – қара жер – дейді.

Шумақтағы «алдыңғы жақты» деп, о дүниені айтып тұр. Шаһкәрім тағы да:

Жаныңа қызық жалғанда

Неменең қалды арманда

Бұл жалғаннан не серік

Тәңірі алдына барғанда, – дейді.

Абайда:

Осы жалған дүниеден

Шешен де өткен не бұлбұл – деп толғанады.

Немесе:

Сүйген сенген дәурен жалған болса,

Жалғаны жоқ бір тәңірім, кеңшілік қыл.

Бұ дүние концепті *дәурен* сөзімен ауыстырылып, *бұ дүние, өмір* ұғымдарына метафора болып, *дүние* сөзі тағы да жаңаша мәнде көрініс табады.

«Жалған дүние» концепті Абай өлеңдерінде *көңілсіз дүние* деп те беріледі:

Қол жазуды ермек ет жатпа бекер,

Бұл көңілсіз дүниеден көп жыл өтер.

Жалған дүние, көңілсіз дүниеге мағыналас тағы мына тіркестерді атауға болады: *опасы жоқ дүние, опасыз жалған дүние, алдамшы дүние, қайырсыз дүние*. Бұл атаулар ескі сенім бойынша *тұрлаусыз, тұрғысы жоқ өмір, пәни жалған* деген ұғымды білдірген.

Шаһкәрім ақынның «дүние жалған» туралы түсінігі өзгеше. Оны «Дүние мен өмір» атты өлеңіндегі ой өрімінен аңғарамыз. Дүниені «сұм», «алдамшы» дейтін білімділердің насихатын терең ойдан өткізе келе, адам баласының жасаған күнәсі мен кінәсі үшін, көрген зорлығы мен қайғысы үшін, дүние неге жауапты деген жаңаша салауатты сауал қойып, көрген бейнет, тартқан қайғы үшін не біреу, не өзім жауапты болыппын дейді ақын. «Жақсылық қылсаң – өзің үшін, жамандық қылсаң – өзің үшін» деген байырғы қазақи дүниетанымның бар екенін еске түсіріп, шынында да, біреудің жасаған кемдігіне «дүние» немесе «қу өмір» неге кінәлі болмақ деп бағамдауға негіз қалайды. «Бейнет көрме, біреуге бейнет берме» – деу арқылы авторлық МЕН өз ой тұжырымын тереңдете түседі.

ӘДЕБИЕТ

1. Шәкерім Құдайбердіұлы. Шығармалары. – Алматы, Ел-Шежіре. 2008.
2. Лотман Ю.М. Внутри мыслящих миров. Человек текст семиосфера-история. – М., 1996.
3. Ыбырай С.М. Шәкерім дүниетанымы және қазіргі жаратылыстану концепциялары. \ Ш. Құдайбердіұлының рухани мұрасы. Абайтану оқулары. – Алматы, 2007.

Материал редакцияға 05.06.2019 жылы түсті

¹А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының докторы, профессор
Алматы қаласы, Қазақстан

ЛАТЫННЕГІЗДІ ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНДАҒЫ ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ ЕМЛЕСІ

Аннотация: Мақала қазіргі латыннегізді қазақ әліпбиі бойынша әзірленіп жатқан орфографиялық сөздік пен орфографиялық анықтағыштың дайындалу барысынан хабар береді. Қазақ емлесіндегі үлкен проблема болып табылатын сөздердің бірге не бөлек жазылуын жүйелеу жолдары баяндалады. Қазіргі жазу тәжірибесінде есімдерден тұратын тұрақты сөз тіркестерінің бірге жазылып кету себептері ашылады. Сондықтан мақала лексикаланған фразеологизмдердің жаңа емле сөздігі мен емле анықтағышындағы бірге таңбалану нормасын негіздеуді мақсат етеді.

Тақырыбы: Латыннегізді қазақ жазуындағы тұрақты сөз тіркестерінің емлесі

Түйін: Мақалада латыннегізді қазақ жазуындағы тұрақты сөз тіркестерінің емлесі қастырылады.

Тірек сөздер: бірге жазылу, бөлек жазылу, фразеологизмдер емлесі, лексикалану, лексикаланған тұрақты тіркестер

Тема: Орфография именных устойчивых словосочетаний казахского языка

Резюме: В статье рассматриваются орфография именных устойчивых словосочетаний казахского языка.

Ключевые слова: слитное написание, раздельное написание, правописание фразеологизмов, лексикализованные устойчивые словосочетания

Subject: Orthography of nominal stable phrases Kazakh language

Abstract: The article deals with the orthography of nominal stable phrases of the Kazakh language.

Key words: fused spelling, separate spelling, spelling of phraseological units, lexicalized stable phrases

Жалпы фразеологизмдер, тұрақты тіркестер бөлек жазылады. Сондай-ақ метафора, эпитет арқылы жасалған күрделі сөздер бөлек жазылатыны белгілі. Мысалы: *адам көргісіз, аяқ алып жүргісіз, асқар тау әке, тас жетім*. Бұл сөздердің барлығы тілде бар атауларға эмоциялық, экспрессивтік реңк үстеу үшін, қосымша атау үшін пайда болған. Мысалы, *тез* деген сөз тілімізде болса да оның орнына *қас пен көздің арасында* деген фразеологиялық тіркесті қолдана қоямыз. Тездік ұғымының экспрессивтік реңкін күшейту мақсатында қолданамыз. Ондай қызметтегі тұрақты тіркестер үнемі бөлек жазылады. Себебі сөз жеке тұлғасы көрініп тұрса не оның мағынасы мәнді болғаны, не *бейнелі, экспрессивті реңкі күйіті болғаны*. Бірақ тұрақты тіркес пен біріккен сөздердің ұқсас жақтары бар. Екеуі де даяр күйінде

жұмсалады, сыңарлары бір-бірімен тұтасады, мағына сыңарларының жалпы жиынтығынан шығады да, тіркес бір ғана мағынаны білдіреді. Бірақ фразеологизм ауыспалы мағынада қолданылады және бейнелі, экспрессивті қызмет атқарады. Ал біріккен сөздер тура мағынадағы денотатив немесе сигнификативтер. Мысалы, *жас жүрек, асау жүрек, мұз жүрек, от жүрек* сөздері экспрессивті реңкі басым поэтикалық тіркестер бөлек жазылмаса өз мағынасынан айырылады. Ал «Ол *ержүрек* адам еді» десе, бірге жаза бастайсыз. Оның себебі *ержүрек* сөзі *батыр, батыл* сөздеріне экспрессивті реңк үстеп тұрған жоқ, жеке өзі осы батырлық ұғымын жаңа реңкпен атау үшін қолданылған. Мысалы, *қой аузынан шөп алмас* момын адам дейміз, ал *ер жүрек* «батыр» адам дей алмаймыз. Яғни *қой аузынан шөп алмас* сөзі – момын сөзінің эпитеті тәрізді, ал *ер жүрек* сөзі «батыр» сөзінің эпитеті емес, синонимі. Сондықтан бұл сөздер қатар айтылса, араларына үтір қойылып, *ер жүрек* тұрақты тіркесі бірге жазылады.

Жалпы, 60 жылдары барлық фразеологизмдер бөлек жазылады деген қағида болды. Сөйтіп, тұрақты тіркестердің бірге жазылуы нормаланды. Алайда ақсақал, таңғалу, демалу деген сияқты сөздер бірге жазылатын еді. Өйткені бұлар тілде атауы жоқ заттар мен құбылыстарды атап тұр. Сондықтан 90 жылдардан бермен қарай *ақжүрек, ақкөңіл, ақниет, аққолтық, ақсаусақ, арамтамақ, ашкөз, ашықауыз, басбұзар, баскесер, безбүйрек, бесаспап, ержүрек, итәуре, жанқияр, желәуыз, жолаяқ, жүрекжарды, жүрекжұтқан, жүзіқара дегентұрақты тіркестер баспасөз бетінде бірге жазыла бастады.*

Тұрақты тіркестердің сөз қызметін атқаруы, әрине, жаппай құбылыс емес. Бірақ тілде бар құбылыс. Сондықтан тіл білімінде *лексикалану* деген термин бар. Бұл процестің нәтижесі ретінде *лексикаланған тіркес* деген термин пайда болған. Ол – «фразеологиялық мағынасынан қол үзген, синтаксистік қатынас көмескіленген, жеке сөз орнына жүретін лексикалық бірліктер» деген мағынаны білдіреді. Сөз тіркестерінің лексикалануы – тура мағынадағы сөздерді жасаудың табиғи жолы. *Ат салысты* деген тұрақты тіркес пен *құйрық тістесті, үзеңгі қағысты* деген тұрақты тіркестердің бір кезде айырмашылығы жоқ еді, бөлек жазылатын тұрақты сөз тіркестері болатын. Енді бүгінде *ат салысты* сөзі қоғамдық, әлеуметтік лексика ретінде, ресми стильде бірге жазылып, «белсену, қолынан келетін бар мүмкіндіктерімен жәрдемдесу» деген қимыл-әрекетті беретін егістікке айналды. *Құйрық тістесті, үзеңгі қағысты* тұрақты тіркестерімен бір деңгейдегі фразеологизмдер емес. Лексикалану деген осы.

Қазақ тіліндегі мағынасы дерексіз термин, атау сөздердің біріккен түрі, негізінен, метафоралар арқылы жасалған. Бұл қатар *ақсақал, ақсүйек, бойкүйез, бақталас, төлтума, қолтаңба, дүниеқоңыз* сияқты атаулардан тұрады. О баста идиомалық, фразалық тіркестер болған сөздер уақыт өте келе көркемдеушілік, бағалаушылық белгілерінен айырылып, терминдік, атаушылық мәнге ие болып, күрделі сөзге айналып жатады. Демек, айналада пайда болып жатқан заттар мен құбылыстар тілдік таңбаны тек сөз тұлғасында емес, сипаттама-бағалаушылық қызметтегі фразалық тіркестер тұлғасында да алады. **Сондықтан жаңа емледе мынадай ереже бар: «§38. Күрделі сөзге айналған фразеологизмдер бірге жазылады: *aqsaqal, aqsúiek, aqniет, aqmettik, aqkónil, aqkónildilik; kóshbasshy, dúnieqońyzdaný, erjúrek, erjúrektik, janpida, janpidalyq, ataqonys; basqosý, atsalysý, atústi, atústilik*». Сондай-ақ**

мынадай нормалар бар: «§29.Идиомалық, фразалық тіркестердегі әрбір сөз бөлек жазылады: *qas batyr, shyñjyr balaq, shubar tós, shuki ókpe, qara ter, iek artty, bas tartty, bet burdy, iin tires*». Бірақ атау сөздің орнына жүретін лексикаланған тіркестер бірге жазылады: *basqosý, atsalysý, aqkóñil*.

Жалпы, тұрақты тіркестердің біртіндеп лексикалануы 80 жылдары басталды. Оған жазба тілдің стильдік даралануы да әсер етті. Әсіресе шаршысөз стиліндегі қоғамдық-саяси мәтіндер, ресми ісқағаздардағы ұғымдар мен атаулар бірге жазылғанда түсінікті болатын болды. көңілжықпас, -тық, көңілжетер жер, жүзтаныс, -тық, жүзікара, жүзжыртысушылық, тісқаққан, -дык, итжеме, -де, сужұқпас адам, суқараңғы, сумұрын, суыққол адам, тамақсау, мысықтілеу, мысықдәме, мысықсопы болу, өмірзая, нарқасқа (мәрт), ауызбірлік, ашкөз, аяқасты, *-нан, аяқүсті, аяқүсті болу, әкімқара, әлімжеттік, әпербақан, әсемсал сипат (кербез, сұлу), әудемжер, сүйішкілігі бар, ұзынтұра кісі, өркөкірек, салбөксе әйел, атажұрт, атакәсіп, атамекен, атамұра, ататек, езмалта, езмалта кісі, жалтаңкөз болу, жалтаңкөздену*

Оған қазіргі кирилнегізді емле ережесі жасалып, бекігеннен кейінгі кездерде 1938-1960 жылдары, көпшілік тарпынан бір деммен, бір үйлесіммен айтылатын еркін, тұрақты сөз тіркестерін, күрделі атау, лексикаланған тіркестерді жаппай біріктіруді ұсынуы әсер еткен сыңайлы. Ал бұл ұсыныстың себебі Қ.Жұбановтың біріккен сөзді **өзіне** ұқсас басқа тілдік бірліктерден ажырататын негізгі **белгісі** деп екпінді атауы да себеп болған сияқты. *Ақ көңіл, тас бауыр, жат бауыр, дем алу, қол қою, бас салу, бой ұру, ат салысу, ат қою, ат үсті қарау* сияқты фразеологизмдер бір екпінге бағына айтылу себепті бірге тұлғалануы ұсынылды. 60-70 жылдардағы біріккен сөз мәселесіне қатысты мынадай мақалалар жарық көрген. Назара аударайық: *Ахметов Ш.* Күрделі сөздер мен біріккен сөздердің ережелері туралы // Қазақстан мұғалімі, 1953,4.04. № 15; Балақаев М. Біріккен сөздердің емлесі туралы // Социалистік Қазақстан, 1940, 5.05. № 4.; Бегалиев Ф. Біріккен сөздердің емлесі жайлы // Ғылыми еңбектер жинағы XI том, Алматы, 1946.; Жәркешова Г. Біріккен сөздердің жазылуы // Халық мұғалімі, 1950, № 8.; Жиенбаев С. Тағы да біріккен сөздер емлесі жайлы // Халық мұғалімі, 1940, № 7-8; Қозыбаев С. Бірге жазылатын сөздер емлесі // Социалистік құрылыс, 1958, 5.01. № 4; Мышанов М. Бірге жазылатын сөздердің емлесі // Социалистік құрылыс, 22.12. 1957.; Нүсіпов М. Жаңа ереже бойынша қосылып жазылатын сөздер // Халық мұғалімі, 1940, № 4; Сарыбаев Ш.Х. Қосылып жазылатын сөздер мен қосылмай жазылатын сөздер // Жаңажазу, 1941,17.10. № 36; Сыздықова Р. Бөлек жазылатын сөздер // Социалистік Қазақстан, 1957, 18.06. *Мұсабаев Ф.* Біріктіріліп жазылатын сөздер // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1958, № 6.; Мышанов М. Бірге жазылатын сөздердің емлесі туралы // Халық мұғалімі, 1951, № 2; *Шаменов К.* Біріккен сөздердің жазылуы туралы // Халық мұғалімі, 1951, № 4; Ысқақов А. Біріккен сөздердің жазылуы туралы // Халық мұғалімі, 1941, № 1-2.

Қазақ тіліндегі лексикаланған фразеологизмдердің көбі адам мінезі мен сипатына қатысты. Ол *бет, жүрек, ауыз, аяқ, жүз, езу* соматикалық атауларымен келіп адамның мінезін сипаттайтын сөздер. Мысалы, *сазбет әйел, көкбет әйел, қарабет болу, бірбет кісі, күлбет, күлбеттену* дегенде екі сыңары да К1 К1 не К2 қатынаста, яғни ауыспалы мағынада тұрғандықтан және осы мінез не сипатты нақты атап

тұрғандықтан бірге жазылады. Ал *ақша бет, алма бет, безеу бет, бүйрек бет, быржық бет, жалпақ бет, жарғақ бет, секпіл бет, сопақ бет, табақ бет* дегенде екі сынар да тура мағынасында тұрып, анықтауыштық қатынаста тұрғандықтан бөлек жазылады. Сол сияқты ауыз сөзімен келетін *қандыауыз қарақшы, салтыауыз бала, сарыауыз балапан, терісауыз байлар, көгауыз/көкауыз әйел, алауыз болу, ашықауыз бала, қызылауыз өсекші сөздері және суауыз (бала ауруы), құрауыз шығу* дегенде бірге жазылады. Сондай-ақ *ержүрек, -тік, жаужүрек, -тену, -тік, жүрекжұтқан, -дық, сужүрек, тік, тасжүрек, -тік, ақжүрек тік, қаражүрек, -тік* десе бірге жазылады. Ал *ет жүрегі елжіреу, қоян жүрек қорқақ, жас жүрек, асау жүрек, адал жүрек, мұз жүрек, от жүрек* деген поэтикалық тіркестер бөлек жазылады. Сондай-ақ *сыңаржақ көзқарас, заржақ адам, құжақ жігіт, оң жақта отыру* дегенде бірге жазылады. Ал *қарсы жақтың ойыншылары, екі жақ болып айтысу, бір жақта болу* деген тіркестерде жақ сынары да, алдыңғы сынар да тура мағынасында тұрғандықтан бөлек жазылады. Езу сөзімен келген тұрақты тіркестер кері сөйлейтін, көп сөйлейтін деген мағынадағы *сыңарезу белсенді, көкезу адам, бірезулену, бірезулік, бірезулей күлу* тіркестерінде біріншіден буын саны аз болғандықтан және ауыспалы мағынада келіп, сипаттың біріншілік атауы болғандықтан бірге жазылады,

Тағы бір топ адам мінезін атайтын фразеологизмдер көңіл сөзімен келеді. Мысалы, *ақкөңіл, -ділік, -дену, алакөңіл, -ділік, -дену, -дену, еркөңіл, -ділік, -дену, желкөңіл, -дік, -дену, қамкөңіл, -ділік, -дену, өркөңіл, -ділік, -дену, қаракөңіл, -ділік, -дену, желкөңіл, -ділік, -дену*. Бұл қатардың бірге жазылғаны алдымен қолданысының жиілігінен, екіншіден, зат есім тудыратын *-ділік қосымшасы, -дену деген етістік жасайтын* қосымшалары арқылы жаңа ұғымдық атау жасалуынан. Ал *шат көңіл, сейдін көңіл* деген сияқты жиі қолданылмайтын, әрі сынарлары анықтауыштық қатыста тұрған сөздер бөлек жазылады. Тағы бір ескеретін жағдай қазіргі емле сөздігі *адал ниет, арам ниет және арам ниетті* сөздерін бөлек нормалайды да, *адалниеттілік, арамниеттілік, қараниет, -ті, -лік* сөздерін әсіресе *-лық* қосымшасымен келген түрін бірге нормалаған. Бұнда адал ниет не арам ниет деген қолданысқа қарағанда ниеті адал, ниеті арам деген қолданыс жиі болуына байланысты. Ал *-лық* қосымшасымен абстракті ұғымдар, дерексіз атаулар жасалады.

Дәл сол сияқты *пейіл* сөзімен келетін мінез сипатын атайтын сөздердің деректі атауы да, ұғымдық атауы да бірге жазылады: *кеңпейіл, -ділік, кішіпейіл, -ділік, ақпейіл, -ділік, жатпейіл, -дік, тарпейіл, -лік*.

Жүзді қатыстық сын есімімен келетін *екіжүзді, -лік, жылыжүзді, -лік, суықжүзді, ашықжүзді, иманжүзді* сөздері адамның нақты мінез сипатын атайтындықтан бірге жазылады да, *ашаң жүзді, жұбау жүзді* дегенде мінезді емес, кісінің бет әлпетін сипаттайтындықтан, яғни жүз деген сынар тура мағынасында тұрғандықтан бөлек жазылады.

Қанды сөзімен келетін *салқынқанды, -лық, қызуқанды, -лық, толыққанды ету, -лық* сөздері де осы айтылған себептерге байланысты лексикаланып келе жатқан фразеологизмдер. Кісінің мінез сипатын атайтын **мінез** сынарымен келген сөздер де бір алуан. Мысалы, *итмінез, -ді, қызмінез, -ді, өрмінез, -ді, -лік, тікмінез, сырмінез адам, баламінез(ді) кісі* бірге жазылады. Бірақ *ағаш мінез, алыпұша мінезді, аусар*

мінез, ауыр мінезді, сері мінезді, одыр мінез, оғаш мінез, қызба мінез, құбылма мінез, қасарысна мінез, кідің мінез, бозай мінезді, шетін мінез, шадыр мінез, ұрма мінез, тетір мінез дегенде, мінездің түрлерін тура мағынасында нақтылап айтқанда әр сыңардың дербестігі сақталынып, бөлек жазылады. Сол сияқты *ит* сөзімен келетін бір алуан фразеологизмдер қазіргі емле сөздігінде бірге жазылып кетті. Оның себебі аталған сөздердің баспасөз бетінде, көркем әдебиет мәтіндерінде ықшамдалып, яғни бірге жазылуында болды. Және атаудың үш сыңардан тұратындығынан алдыңғы екеуі тұтас таңбаланады. Бұл сөздердің емлесін сөздік арқылы нормаға сай жазып, жазармандардың санасына графикалық бейнесін қалыптастырып алуы қажет. Шындығында, осы аталған сөздердің бірге не бөлек жазылуы 2007, 2013 жылы басылған Қазақ тілі орфографиялық сөздіктерінде көрсетілген еді. Жұртшылық, әсіресе қатардағы тіл тұтынушылар көрсетілген норма бойынша жазып, дағдыланып кетті. Бірақ жаппай емес. Қазіргі БАҚ бірге жазу үрдісін одан әрі жеделдетіп, тіпті сөздікте бөлек жазылған сөздерді бірге жазып жатыр. Мысалы, *сантүрлі, санатуан, небәрі, біркүні* деген сияқты үстеулер. Әртүрлі орфограммаларды көріп жүргеннен кейін мектеп жазба жұмыстарындағы басты қате осы тұрпатты сөздердің емлесінен кетеді. Қайталап айтсақ, біріккен сөз деген ұғым – сөзжасамдық, морфологиялық термин. Ал бірге жазылу – грамматологиялық термин, орфографияның ұғымы. Біріккен сөз күрделі сөз сыңарларының арасындағы мағыналық өзгерістерді, екі сыңар арасындағы қатынастың, яғни күрделі сөздің синтаксистік деңгейден лексикалық деңгейге өткен процесінің нәтижесі. Бірге жазылу – сол нәтиженің орфографиялық кескіні. Сөздің пайда болуын орфография бөлек жазудан, яғни босаралықпен жазудан, дефис арқылы жазу, одан ары бірге таңбалаумен, яғни босаралықсыз жазумен бекітеді. Жазу бекітеді. Жазу ұғымдағы процесті көзге көрсету арқылы нақтылайды. Графикалық образ, бейнелер қалыптастырады. Сөздер бөлек жазылса, тіркескен сөз сыңарының әрқайсысы тура мағынасында тұр деген сөз, бірі анықтаушы бірі анықталушы бола отырып, зат не ұғым атауы деген сөз. Ал сөздер жалпы қолданыста бірде бірге, бірде бөлек жазылып жүрсе, онда бұндай сөздердің сыңар мағыналарында өзгерістер болып жатыр деген сөз. Ол өзгерістерді тілді қолданушы интуитивті түрде танып жатыр деген сөз. Бірақ норма біреу, ортақ болуы тиіс. Норманы емле сөздігі реттейді. Сондықтан емле сөздігі бірігу процесі аяқталды деген тұлғаларды ғана біріктіріп қалыптандырады. Сонымен, фразеологизмдер тілге бұл экспрессия, эмоция тудыру қызметінде келгенімен, кейбірінің негізгі қызметі атауыштық болады. Алғашында олардың бағалауыштық-модальдық мағынасы басым болады да, атауыштық мағынасы көрінбейді. Сөйтіп, сөз мағынасын ауыс қолдану нәтижесінде адам түйсігіне әсер ететін көркемдеуіштік, бейнелеуіштік қызметтегі фразеологизмдер тіл дамуында сигнификативтік жиілікке түсіп, лексикалық құрамының тұрақтылығына ғана ие болып қоймай, сонымен бірге, бір қатарлары сын есім – зат есім типіндегі стандарт формасын қабылдайды. Сондықтан фразеологизмдер бағалауыштық, атауыштық-бағалауыштық, атауыштық болады. Бұл рет бір жағынан тіл тұлғаларының бүтіндікке, фразеологизмдердің сөз формасын қабылдауға ұмтылу сатыларын көрсетеді. Әрине, бұл сатыда тілдік құрылымдардың өту процесі әр текті, әрсипатты, әр қилы болуы мүмкін. Атауыштық фразеологизмдер сөзжасам процесіне араласып, жұрнақтармен түрленіп, көптеліп, септеліп, жіктеле алады. Қоршаған

органы тұтас тілдік таңбалар арқылы тану ой тұтастығын, сананың абстрактуын көрсетеді. Біз тілдегі атауыштық фразеологизмдерді олардың бағалауыштық, бейнелеуіштік сынды негізгі қызметіне көбірек назар аударып, бөлек таңбалауды ұсынып келдік. Алайда жазарман санасында тұтас концептуалды образға айналған бірліктерді бөлек жазыла алмады. *Ер қашты болу, етек басты болу, ат салысты, арамтамақ, алабөтен, күн көру, жан ашу, бой ұру, тіс қаққан, бел шешу* сияқты тұрақты тіркестерді жаппай біріктіріп жазған мерзімді баспасөздегі үрдіс бекер емес еді. Емле сөздігі тілді тұтынушы санасындағы үрдістерді тіркеп қана отырған кездері осы тұрақты тіркестер емлесі екенін ашып айтқанымыз жөн. Сондықтан 2001 жылғы емле сөздігі *арамтамақ, аткөпір ету, атжалдану, ауызбірлік, ауызекі, әлімжеттік жасау, жақсыят, жаманат, жүребітті, бақталас, басараз, басбұзар, баскесер, басыбайлы, баукеспе, беталыс, бетбұрыс, бұтартар, бірқыдыру, бірізді, жатыпатар, жатыпшер, желбас, жүдеубас, жүзқара, жүребітті, жынойнақ, итжанды, итжығыс түсу, кертарпа, кеудемсоқ, көзайым болу, көзжұмбай, көзқарас, көкейкесті көкейтесті сияқты* мағынасы тұтас, құрылымы тиянақты, сыңарларының деактуализациялануы әртекті, қолданылуы тиянақты экспресті-эмоционалды реңкінен айырылмаған тұрақты тіркестерді де біріктіріп заңдастырды.

Жалпы тұрақты тіркестердің сыңарлары ажыратыла таңбалану емледе қағидаға айналғаны рас. Жазуға таңба теориясы тұрғысынан келгенде де фразеологизмдердің құрамын ажырата көрсету тұрпат межесінің де, мазмұн межесінің де үрдісінен шығады. Мысалы, *ит әуре, ит өлген жер* дегенде лексемалардың бөлек тұлғалану формасы, оның мазмұн межесіне қайшы келмейді. Бұл форма фразеологизмдердің негізгі қызметі – көркемдеуші қызметіне жауап береді.

Тұрақты тіркестердің көркемдік қызметі мен атаулық қызметі қатар жүре келе, бір кездері таза номинативтілік жүк арқалайтын дәрежеге жетеді. Біздің ойымызша, тілде тұрақты тіркестер негізінде пайда болып жатқан біріккен атаулар осы жолдардан өткен. Әсіресе адамға қатысты фразеологизмдердің екі сыңары да дене мүшелері атауларынан тұрса, олар атауыш қасиетке көбірек ие. Мысалы: *ақ саусақ, ақсақал, ақсүйек, ақ таңдақ, бос белбеу, сақ құлақ, тоңмойын, тас жүрек, ақниет, ақкөңіл, ер жүрек*. Біздіңше, фразеологизмдердің құрамындағы *көңіл, жүрек, ниет, пейіл* сияқты дерексіз мағыналы сөздер жазудың жеткізу әресінде ауыспалы мағынадағы түс атауымен бірге тұлғалануын қажет етіп тұрады. Бөлек тұлғалау – жазудың мазмұн межесіне жауап бере алмайды. Бұл ақ сын есімінің синкреттік сипатынан шығады. Тіліміздегі терминдік атаулардың жасалуындағы өнімді тәсіл сөздерді біріктіру екенін, фразеологиялық атаулардың бірігуі терминдену құбылысына тікелей байланысты екенін тілдік материалдар дәлелдеп отыр.

Проф. К.Аханов тұрақты тіркестер мен күрделі сөздердің арасын ажыратуда қиындық келтіретін көптеген ұқсастық барын айтқан. Алайда күрделі сөздердің атауыштық қызмет атқарып, заттың бірден-бір атауы болуы, эмоционалдық-экспрессивтік қызмет атқарып, жеке сөзге эквивалент болатын тұрақты тіркестен айырмашылығы деп көрсетеді. *Көк ми, су ми, тас бауыр* деген фразеологиялық сөз тіркестері мағыналық жақтан алғанда *мисыз, ақылсыз, қатал* деген сын есімдерге эквивалент болып, осы сын есімдерге тән шырай формаларын (*көк*

милау, тас бауырлау, өте тас бауыр) қабылдайды, яғни бұл сын есімдердің эквивалентіретіде жұмсала алатындығын дәлелдейді, дейді ғалым. Біздіңше, эмоционалды-экспрессивтілігі күшті фразеологизмдер сипаттауыш қызмет атқаратындықтан, олар сипаттайтын тура мағынадағы сөздің алдынан “онай орын тебуі” керек. Мысалы, *ит өлген алыс жер, көзді ашып-жұмғаниша* тез арада, *сары уайым* қайғыға салынып дегенде, *ит өлген жер, көзді ашып жұмғанша, сары уайым* тұрақты тіркестері номинативті тура мағынадағы сөздерді сипаттап, көркемдеп тұр. Ал *тасбауыр қатал, көк ми ақылсыз, ақ көңіл ашық адам* деген тіркесімділік болуы күмәнді. Сонда *тасбауыр, ақсақал, ақсаусақ, ақсүйек, ержүрек* сияқты тұрақты тіркестер *қатал, қарт, батыл* деген сөздердің эквиваленті емес, оларға синонимдік қатар құрайтын сөздер болады.

Тілдік таңбаны бүтін көру (яғни оқу) немесе арасын үзбей жазу адам санасының жоғарылауынан, ой тұтастығы мен ұғым бірлігінен, жалпылық пен абстрактіліктен өрбитінін тағы да сөз соңында қайталағымыз келеді.

Материал редакцияға 09.08.2019 жылы түсті

С.Б.ҚОЯНБЕКОВА¹

¹ҚР ҰҚК Академиясы Филология ғылымдарының докторы, профессор
Алматы қаласы, Қазақстан

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЛИНГВИСТИКА: КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУДЕ ЛАТЫН ГРАФИКАСЫН ОҚЫТУ

Аннотация: Автор қазіргі жаһандану кезеңінде жалпы әлемдік дамудың басты үрдістерімен сабақтастықта білім беру үдерісіне инновациялық парадигмаларды енгізу мәселелерін қарастырылған. Мақала мазмұнында кәсіби маман дайындаудағы модернизациялық өркениет талаптарына сай бірнеше тілді еркін меңгерген тілдік тұлғаны қалыптастыру көзделіп, кәсіби бағдарлы оқу үдерісіне латын графикасын енгізудің тиімді жолдары талданған. Аталған мәселелерге байланысты, зерттеушілердің ғылыми еңбектері негізінде кәсіби бағдарлы оқу үдерісі инновациялық лингвистикамен тікелей байланысты зерделенген. ҚР Тіл саясатын жүйелі жүзеге асыруда кәсіби маманға латын графикасын онтайлы меңгертудің өзекті мәселелері жан-жақты талданып, тиімді іске асыру барысындағы ұсыныстар берілген.

Тақырыбы: Инновациялық лингвистика: кәсіби білім беруде латын графикасын оқыту

Түйін: Мақалада кәсіби маман дайындаудағы модернизациялық өркениет талаптарына сай бірнеше тілді еркін меңгерген тілдік тұлғаны қалыптастыру көзделіп, кәсіби бағдарлы оқу үдерісіне латын графикасын енгізудің тиімді жолдары талданған.

Тірек сөздер: латын әліпбиінің тарихы, зерттелу үрдісі, латын графикасына көшудің өзектілігі, негізгі міндеттер, кезең-кезеңмен көшуді жоспарлау, адами капиталды қалыптастыру, қазақ тілінің әлемдік деңгейдегі орны.

Тема: Инновационная лингвистика: обучение латинской графике в профессиональной сфере

Резюме: В данной статье рассматриваются вопросы перехода Казахстана на латиницу во время модернизации. Автор указывает согласно требованиям модернизации нужно готовить квалифицированных профессионалов знающих несколько языков. Названные проблемы были исследованы и изучены автором и сделаны выводы. Были даны предложения на этих проблем.

Ключевые слова: история латинской графики, исследовательский процесс, основные задачи, планировать по этапам, формирования человеческого капитала, роль казахского языка в мировом уровне.

Subject: Innovative linguistics: teaching Latin graphics in the professional sphere

Abstract: The author points to the necessity of the transition to the Latin Alphabet as one of the important steps taken for the successful prosperity of the nation. Language is the powerful factor contributing to preserve the nation and vice versa to its loss. Certainly, the transition of the Kazakh language to the Latin will become a reliable shield not only for the Kazakh language itself but also will effect on the cultural, spiritual and nation-forming constituent of the people. Transition to the Latin alphabet is a very important step for the formation of the national identity of Kazakhs.

Keywords: history of Latin graphics competitiveness, searching process, to form of personal capital, main aids, the role of Kazakh language in the world.

Кәсіби білім беру парадигмасында тұлғаның өзін-өзі дамытуында интеграциялық оқытудың өзектілігі тілдік білім беруде инновациялық лингвистика тұрғысынан зерделеуді қажет етеді. Қазіргі заманауи оқыту үрдісінде кәсіби білім беруде латын графикасын оқыту аса өзектілік танытады. Осыған орай, оқытуда кәсіби даярлау саласында тұлғалық тұрғыдан қалыптастыру, дамыту, мәселелері бүгінгі білім беру парадигмасындағы өзекті сұрақтардың бірі болып табылады. Оқыту білім алушының білімі мен білігі және іскерлік дағдысымен бірге оның дүниеге көзқарасын, мінез-құлқын, еркін, таным қабілеттерін және т.б. қасиеттерін қалыптастыратыны зерттеушілер еңбектерінде тұжырымдалған.

Қазіргі қазақстанның жоғары кәсіби білімінің концептуалды тенденцияларының жаңашаландыруының негізін білімді гуманизациялау, ізгілендіру, ақпараттандыру, үзіліссіз білім беру т.б. құрап отыр. Соның ішінде еліміздегі жоғары оқу орындарындағы білім беруді ақпараттандыру «Қазақстан – 2030» ұзақ мерзімді даму стратегиясының төртінші басылымында көрсетілген, ҚР «Білім туралы» Заңында, ҚР білім беру жүйесінің Тұжырымдамасында еліміздегі сапалы білім беруді дамытудың бір тармағы білімді ақпараттандыру болып табылатыны көзделген. Еліміздің дамуының басты қозғаушы күші кәсіби мамандар болып табылатындықтан, олардың мемлекет ісіне араласуы саналы, терең, сапалы білімдеріне тікелей байланысты. Сондықтан да кез келген жоғары оқу орнында сапалы заман талабына сай жоғары білім беру әрқашан белгілі бір арнада дамып өзінің нәтижесін көрсетіп отырады.

Жоғары кәсіби білімді гуманизациялау әрбір индивидтің нақты бір көлемдегі, мазмұнындағы және сапалы білім алуын жүзеге асыратынын қалыптастыру болып табылады. Сонымен қатар, жоғары білімді ізгілендіру білім беру жүйесінің білім беру үдерісіндегі субъектіге деген көзқарасты өзгерту міндетін де шешуге бетбұрыс жасауы керек. Ал ізгілендіру индивидтің құндылық ұмтылыстарын ескере отырып, жалпы адамзаттық құндылықтарды игертуге бағытталған мазмұндаа білім беруді көздейді. Жоғары кәсіби білімді ақпараттандыру толассыз ағылып жатқан ақпараттарды игілікке және өмірлік маңызды істерде пайдасына қолдану үшін сол ақпаратқа қолжеткізуге мүмкіншіліктер ашуды мақсат етеді. Ол өз кезегінде, ашық, желілік, алшақтан оқыту сияқты білім беру жүйесін қалыптастырып, отырғына да белгілі. Бұл реттегі негізгі мақсатта жеке тұлғаның танымдық және шығармашылық қабілеті мен мүмкіншіліктерін дамытуға бағытталған оқыту жүйелерін жасау болып табылса, олар психологиялық және дидактикалық тұрғыдан тексерілген,

ақпараттық технологиялар жүйесімен оқыту, компьютерлік оқыту жүйелері, интерактивті-мультимедиялық оқыту жүйелері т.с.с. Мұндай оқыту жүйелерінің қалыптасуы білім алушының алған білімін белсендіруде және өзінің нәтижесін өзі бағалауда өзіндік бағыт беруге, сонымен атар білімді жеке тұлғаның ішкі талабы мен әлеуметті қажеттілігіне қарай жүйелеуді жүзеге асыратыны сөзсіз. Аталған мәселелердің барлығы дерлік кешенді түрде тіл арқылы іске асырылатындықтан, тілді оқытуда аса мұқияттылықпен қатар, жүйеленген әдіс-тәсілдер де мазмұндық деңгейімен сәйкестендірілуі тиіс. Кәсіби білім беруде латын графикасын оқытуда инновациялық лингвистиканың орны ерекше.

Кәсіби білім беруге байланысты зерттеулер көп болғанымен, әлі де оқыту үдерісінде кеңінен талданатын мәселелер жеткілікті. Соның ішінде қазіргі кезеңде ерекше жүйелеуді қажет ететін кәсіби бағдарлы латын графикасын тиімді енгізуді оқытуды анықтау мәселесі тәжірибелі педагогтар, философ ғалымдар және т.б. зерттеушілер арасында қызу пікірталастар тудыруда. Пікір қайшылықтары мен жаңа ойлар нәтижесі кәсіби құзыреттілік қалыптастырудағы сапа мазмұны ең алдымен білім алушының кәсіби құзыреттілігі мен тікелей байланыста екендігін көрсетеді.

Кәсіби құзыреттілік білім алушының педагогикалық және теориялық білімнің, кәсіби біліктілігі мен дағдысы, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы барысында қалыптасқан базалық білімнің тереңдетіліп, оқу үдерісін заманауи талаптарға сай қанағаттандыру негізіндегі білімін арттыру мәселесімен сабақтастырылады. Оқытушы өз ісінің шебері болу үшін мамандығына қажетті қабілеттерді мен жалпы интеграциялық үрдістер мен жоғары деңгейде талданып отырған жаңа технологияны меңгеріп, әлемдік білім кеңістігінің өрісінен шыға алуға талпынуынан туындайды.

Қазіргі таңдағы білім алушының кәсіби тұлғасы қоғам талабына сай өз біліктілігін жетілдірумен сипатталып, заман сұраныстарын талаптарға сай қанағаттандыра алатын, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, кәсіби ғылыми-педагогикалық тәжірибесі мол, қасиеттерді жинақтауынан тұрады. Кәсіби тілдік құзыреттілікті қалыптастыру мәселесі үнемі ізденуді жеке шығармашылық қабілетті дамытуды, озық инновациялық технологияларды шебер қолдана білуді күнделікті өзгеріп жататын ортаға тез бейімделуді қажет ету мен қатар, білім беру жүйесінде белсенді қолданылып жүрген құзыреттіліктің түрлерін жетік білуді міндеттейді.

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарының әлемдік өркениетке ұмтылуы Қазақстан Республикасының болашағында білімді, білікті, саналы азаматтар тәрбиелеу мақсаттарын жүктейді. Бұл білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін арттырып, өздігінен ізденуге және алған білімін іске асыра білуге үйретуді талап етеді.

Қазіргі әлеуметтік – экономикалық өзгерістер жағдайында мамандарды дайындауға тапсырыс берушілер жұмыс орындары қоғамымызда тілді еркін меңгерген, латын графикасында сауатты жаза алатын, өзбетінше проблемалар қойып, нақты шешім қабылдай алатын және оны жүзеге асыра алатын әлеуметтік белсенді, шығармашыл тұлғаны дайындауға деген сұранысты арттырып отыр. Аталған қажеттіліктерді жүзеге асыру үшін оқытушылардың, оның ішінде тіл мамандарының кәсіби құзыреттілігінің біліктілік деңгейі талаптарға сай болуы өзекті мәселелердің бірі.

Білім беру жүйесіндегі білім алушының кәсіби құзыреттілігі туралы ғалымдардың берген дербес анықтамасына жүгінсек, «кәсіби құзыреттілік – жеке тұлғаның

кәсіби іс-әрекетті арттыруға теориялық және практикалық дайындығы мен қабілеттілігінің бірлігі» ретінде көрсетілген [1]. Демек, кәсіби маманның құзіреттілігі – жеке тұлғаның білімі мен тәжірибесін нақты бір жағдайда қолдана білу іскерлігімен байланысты үйретудегі тұлға қасиетін білдіретін ұғым деуге болады. Кәсіби құзыреттілік бітірушінің белгілі бір мамандық бойынша кәсіби қызметті атқарудағы дайындығы мен оған ұмтылуы арқылы айқындалады. Ол үшін оның тілдік білік-тілігі кәсіби құзыреттілігі жоғары деңгейдегі жауапкершілігімен өлшенеді.

Зерттеушілер еңбектерінде білім алушылардың кәсіби құзыреттілігі коммуникативтік, ақпараттық, регулятивтік және интеллектуалды-педагогикалық құзыреттілік ретінде қарастырылады. Кәсіби тілдік тұлға өз іс-әрекетін басқара білу мүмкіншілігі, мақсаттылық, жоспарлау, тұрақты белсенділік пен өзін көрсете білуі, талдау, синтез, салыстыру, қорытындылау, нақтылау және т.б. тілдік тұлғалық-бағдарлық бағытта білім беру нәтижесімен ұштастырылып, арнайы кәсіби бейімделген тұлғаны қалыптастыру ретінде түсіндіріледі. Ақпараттық қоғамда кез келген маманның іс-әрекеті белсенділік танытып, тілді меңгеру мәселелерімен инновациялық лингвистикамен тікелей байланысты қарастырылады. Білім парадигмасының өзгеруі кәсіби білім, біліктілік пен дағдыға маманның дайындығын қалыптастырудың, ойлаудың әдіснамасын дамытудың қажеттілігін көрсетсе, ізгілікті және әлемдік интегративті үрдістер тенденциясы алдымен мәдениеті жоғары тұлғаны қалыптастырудың қажеттілігін айқындайтындықтан елімізде жүргізіліп жатқан тіл саясатын жүзеге асыру айрықша назар аудартады.

Бұл – тәуелсіз елімізде мемлекеттік мәртебеге ие ана тіліміз – Қазақ тілін заман талабына сай жан-жақты дамыту бағытындағы баға жетпес тұңғыш тарихи қадам екендігі зерттеушілер тарапынан кеңінен талданып, төмендегідей жіктелген:

Біріншіден, латын әліпбиіне көшу өзге тілдермен салыстырғанда, тілдік қоры бай қазақ тілінің қаймағын бұзбай, өзіне тән тілдік, дыбыстық ерекшеліктерін бастапқы қалпына сақтай отырып, келер ұрпаққа жеткізуге жол ашады.

Екіншіден, қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру ана тіліміздің әлем тілдерінің деңгейіне көтеріліп, халықаралық аренада өз орнын алуына барынша ықпал етеді.

Үшіншіден, қазақ тілі – барша түркітілдес халықтар тілдерінің алтын қоры. Сондықтан еліміздің латын әліпбиіне өтуі қазіргі күні анағұрлым қарқынды дамып келе жатқан әлемдік ақпараттар кеңістігіне енуі мен оған жылдам бейімделуінің бірден-бір оңтайлы, тиімді жолы.

Елбасы қол қойған «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қаулысының тәуелсіз Қазақ елінің өзіндік даму тарихында алатын орны мен маңызы айрықша. Атап айтқанда:

– қоғамдық-әлеуметтік сұраным. Біріншіден, пайдасы мен қаупі тең түсетін жаһандану дәуірінде әр халықтың өз бет-бейнесін сақтап қалуы, ең алдымен, оның мәдени иммунитетінің беріктігіне, рухани құндылықтарын сақтай алуына тікелей байланысты. Сол құндылықтардың ең басты өзегі тіл екені белгілі. Тіл – мемлекет қауіпсіздігінің кепілі, ұлтты ұйыстырудың, бірегейлендірудің тетігі. Сондықтан қоғамның сауатын қалыптастыратын жазу таңбасын сауатты меңгеріп, сәтті ендіру – біздің ең басты міндет;

– жаңа әліпбиді меңгеруде отандық ғылымның, оның ішінде қазақ тіл білімінің, жазу іліміне қатысты бір ғасырға жуық уақыт аясында әбден қалыптасқан қағидаларын ескеру. Қазақ жазу ілімінің теориясы А.Байтұрсынұлы еңбектерінде алғаш қалыптасып, негізделді. Ғалымның әлемдік жазу тарихына әкелген реформасы дәл бүгінгі күні де негізгі дәстүр ретінде сақталып, ұлт жазуының жаңа жүйесін меңгеруде тірек етіп алынуы керек деп санаймыз;

– таңдалған жаңа жазу жүйесін қоғамның, әсіресе, жас ұрпақтың саналы, сапалы меңгеруін қамтамасыз ететін педагогика, психология, әдістеме ғылымдарының бірлігін қамтамасыз ету. Бұл жерде жаңа әліпбиді үйрету үдерісінде тілді оқыту әдістемесі саласының мамандарына үлкен жауапкершілік жүктеледі. Жалпы, оқытудың әдістемелік жүйесін сөз еткенде оның әрбір құрауышы маңызды орын алады [2].

Атап айтқанда, оқытудың мақсаты, білім мазмұны, оқыту формалары мен технологиясы, оқыту нәтижесі. Мақсат пен нәтиженің сәйкес келуі, ең алдымен, ұсынылатын мазмұнға тәуелді. Яғни, түпкі нәтижеде кәсіби маман тәрбиелегіміз келсе, біздің ұсынатын материалымыз да ыңғайлы, ұтымды болып жасалуы шарт.

Кәсіби бағдарлы білім беру жүйесін инновациялық лингвистика негізінде оқытуды ұйымдастыруда – кәсіби оқытуда латын графикасын енгізудің интерактивті әдістерді пайдалану, жаңа инновациялық технологияларды меңгеру, тест және рейтинг арқылы білім дәрежесін бағалау сияқты бағыттар бойынша кәсіби шеберлікті жетілдіруді ерекше атап көрсетуге болады. Жаңа идеялар, әдетте кәсіби білімдер жүйесімен қатар, педагогикалық технологияларды пайдалануға байланысты жүзеге асырылатындығына баса назар аудару керек.

Кәсіби білім беру жүйесінде оқыту тәжірибемізде латын графикасын меңгерту болашақ кәсіби мамандығына, кәсіптік біліміне, іскерлігі мен дағдыларына қажетті ақпаратты беруге негізделгенін айқын аңғаруға болады. Мұнда тіл үйренушілердің бойында болашақ мамандығын жетік білуге жауапты және сапалы көзқарас қалыптастыру үшін алға қойған мақсатты белгілеп, оған жету жолдардың анықтаудың маңызы зор. Мұндай құзырлықтың болуы мәселені айқындап, дұрыс шешім қабылдауға, оны іске асыруға мүмкіндік береді. Қазіргі заманғы кәсіби білім беру тіл үйренушілердің мамандығын толық игеруі мен өзіндігінен жұмыс жасай алу қабілетіне қарай оқытуға бығытталады. Осы орайда кәсіби мамандыққа баулу жұмыстары тіл үйренушілердің өзбетімен ізденуін ұйымдастыру арқылы оның дербес кәсіби іскерліктері мен соған байланысты экономикалық ой-өрісін дамытуға тұрақты назар аударылады. Себебі, тек білікті тілді жетік меңгерген кәсіби маман ғана қоғамды дамытады, экономиканы өркендетеді, елімізді бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына енуіне өз үлесін қоса алады.

XXI ғасыр маманның кәсіби шеберлігіне өте жоғары талаптар қояды. Нарықтық-экономикалық жағдайында кәсіби дайындықтың мақсаттары, ең алдымен қоғамның кәсіби мамандандырылған жұмыс күшіне деген сұранысымен өлшенеді. Кәсіби мамандандырылу дегеніміз – кәсіби қызмет пен іс-әрекеттің негіздемесі, ал іс-әрекет жеке тұлғамен тығыз байланысты болғандықтан, шын мәніндегі жеке тұлғаның шоғырланған сипаттамасын көрсетеді.

Талданған мәселелер аясында кәсіби бағдарға негізделген қолданбалық білім беру – олардың кәсіптік қызмет бабында латын әліпбиін меңгеруде жеке қарым-

қатынасы үшін, сондай-ақ ақпараттық-талдаулық жұмыс барысында қолдана алатындай іскерлік қасиеттер мен дағдыларды меңгерту мақсатын көздейді. Сонымен қатар оқыту тәжірибемізде байқалып отырғандай, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мен дамытуға байланысты іс-қағаздары мен құжаттардың латын әріпінде рәсімделуіне орай атқарып жатқан іс-шаралардың нәтижесі ретінде соңғы жылдары мемлекеттік тілді жетік меңгерген, қазақша жатық сөйлейтін қызметкерлер санының күннен - күнге толығып келе жатқанын байқатады. Мұнда, кәсіби біліктілікті жетілдіру мәселелері – өзекті мәселелер қатарынан орын алып, негізгі ұстанымға айналып отыр. Ал кәсіби маман даярлау ұғымын жүйелі қарастырсақ, ұлттық кадрлар даярлау, ұлттық рухты жандандыру, ұлт тілін дамыту бағытынан тәуелсіз мемлекетіміздің болашағын берік, баянды етуге деген кешенді мәселе туындайды [3].

Мұндай ауқымды мәселелерді шешудің нақты да негізгі бағыты – мемлекеттік органдарда қазақ тілін толыққанды қызмет бабына енгізу қажеттілігімен ерекшеленеді. Себебі «Қазақстан Республикасында Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» орындалуы ең алдымен мемлекеттік ұйымдардан талап етіледі. Аталған бағдарламада: еліміздің Қарулы Күштерінде мемлекеттік тілдің толыққанды қолданылуы ұлттық қауіпсіздікті нығайту мәселесі болып табылатыны атап көрсетілген.

Осыған орай, кәсіби қазақ тілін қолданбалық мақсатта оқытуда латын графикасын енгізуді кезең-кезеңмен кәсіби мамандыққа қатысты оқытудың басты мақсатын анықтау үшін тілді оқытудың алғашқы кезеңінде тіл үйренушілердің біліктілік деңгейлері арнайы дайындалған тест тапсырмалары арқылы тексеріледі. Тест қорытындыларынан кейін тіл үйренушілердің базалық білімін жетілдіре отырып, тікелей кәсіби бағдармен ұштастырылады.

Қорыта айтқанда, кәсіби мамандардың мемлекеттік тілді еркін меңгеруі, латын әліпбиінде іс-қағаздарын жүргізуі, өзара тең қарым-қатынас жасауы өз бағыт-бағдарындағы терминология мәселесін жетік білумен қазақ тілінде еркін сөйлеуі кәсіби қызметтік сипатқа ие болуы керек. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі өз функциясын толыққанды орындауы қоғамдық өмірдің барлық саласына латын графикасын толыққанды енгізуді жүзеге асыру инновациялық лингвистикамен тікелей сабақтастықта қарастыруды қажет етеді. Соның ішінде кәсіби маман ретіндегі ақпарат алмасумен тікелей байланыстырылады. Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде қазіргі таңдағы еліміздегі әлеуметтік-коммуникативтік жүйенің негізгі компоненті болып табылады, сондықтан оны білу әрбір қазақстандықтың міндеті мен парызы болуы тиіс. Аталған мәселелердің барлығы Қазақстан Республикасындағы тіл саясатымен ұштастырыла қарастырылатынын ескерсе, ұлттық мүдделерді жүзеге асырумен сипатталады. Еліміздегі жүргізіліп отырған тіл саясаты мәселелері қауіпсіздік пен ынтымақтастық мәселелерін жүзеге асыруда жалпы саяси жағдайларды ескере отырып, ұзақ мерзімді қауіпсіздікті қамтамасыз етуге нақты шараларды іске асырып отыр. Атап айтқанда, кәсіби мамандарды дайындауда оқу үдерісін жаңа ағымға бейімдеп оқыту мүмкіндіктеріне жол ашты. Олардың ұстанымдары анықталып, нақтыланды соның ішінде, басты ұстаным ретінде қазақ тілін қолданбалық бағытта оқыту белгіленіп, алғышарттар ретінде оқу-танымдық

қызметтерін ұйымдастыру білім алушының қызметі ескерілуі және басты нысанаға алынды. Тілді оқыту тіл саясатының білім саясатымен ынтымақтастықта қарастырылуы тілді үйренуші тұлғаның кәсіби біліктілігін тілдік білім дағды мен қалыптастыратындығы айқындалып, сапалы білім берумен қолжеткізілетіні **меңгеруі қажетті төмендегідей мәселелерді қамтиды.** Жаһандану үрдісі мен модернизациялық білім беру жағдайында оқыту жүйесіне енгізілген заманауи талаптарды негізге ала отырып, ұсынылған мәліметтер мен талдамалық жұмыстар кәсіби білім беруде басты назарда болуы қажеттілік танытады. Себебі, жаңа қоғам құрудағы бәсекелестік болашақ мамандар дайындаудың басты міндеті ретінде Қазақстанның әлемдегі орнын көрсету және де білім берудің ғылыми-мазмұндық сапасын кластерлік тұрғыдан дамытумен сипатталады.

Осыған орай, инновациялық лингвистика аясында жазу реформасына байланысты жоғарыдағы мәселелер кәсіби маман дайындауда латын әліпбиін енгізу мақсатында төмендегідей ұсыныстарды жүзеге асыруды талап етеді:

– латын әліпбиіне көшуге қатысты іс-шараларды, жұмыстарды насихаттау белсендендіру;

– қазақ тілі әліпбиін латын графикасын көшіру жөніндегі ұлттық комиссия аясында мемлекеттік қызметкерлерінен, тіл мамандары, заң саласының мамандарынан құралған жұмыс тобын құру мәселесін қарастыру;

– жарғыда көрсетілген міндеттерді орындау мақсатында латын алфавитінің мазмұнымен, құрылымымен таныстыру, қарқынды түрде меңгерту;

– қазақ тілі әліпбиінің 2025 жылға дейін латын графикасына кезең-кезеңмен көшуін қамтамасыз ететін жұмыстарды жүйелеп, жоспарлау;

– латынға көшуге байланысты нақты іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

– мемлекеттік тілдегі ресми іс-қағаздары үлгілерінің бірыңғай стандартты нұсқасын латын графикасымен рәсімдеуді кезең-кезеңмен іске асыруды жоспарлау.

ӘДЕБИЕТ

1. Меңдіғалиева Г.К. Педагогические основы интеграции науки и практики в школах нового типа: Автореф. дисс. канд. пед. наук. – Алматы, 2000. – 13.

2. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласы, 2017 жыл 12 сәуір;

3. <https://egemen.kz/article/165368-zhanha-latyn>. (электрон ресурсы)

Материал редакцияға 12.06.2019 жылы түсті

¹А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Филология ғылымдарының докторы, Грамматика бөлімінің меңгерушісі
Алматы қаласы, Қазақстан

ЖАҢА ӘЛПБИДЕ КІРМЕ СӨЗДЕРДІ ИГЕРУГЕ ҚАТЫСТЫ ҰСТАНЫМДАР

Аннотация: Мақалада ХХ ғасырдың басындағы ұлт зиялылары А.Байтұрсынұлының, Е.Омарұлының пікірлері сипатталып, шеттілдік сөздердің қалай игерілетіні, қосар дыбыстардың таңбалануындағы ерекшеліктері, шеттілдік терминдердің жазылуы мен оларды игеруде басшылыққа алынатын ұстанымдар жайлы сөз болады. Шеттілдік сөздерді игеруге қатысты бірнеше моделдер беріледі. Сондай-ақ шеттілден енген сөздердегі жат қолданыстарды қазақ тілінің заңдылығына бейімдеу керектігі тілдік деректер негізінде талданады.

Тақырыбы: Жаңа әліпбиде кірме сөздерді игеруге қатысты ұстанымдар

Түйін: Мақалада жаңа әліпби бойынша кірме сөздерді игеруге қатысты ұстанымдар мен модельдер берілген.

Тірек сөздер: латын, лексика, фразеологизм, стиль, метафора, эпитет.

Тема: Принципы освоения заимствованных слов в новом алфавите

Резюме: В статье даны принципы и модели освоения заимствованных слов в новом алфавите.

Ключевые слова: латиница, лексика, фразеологизм, стиль, метафора, эпитет.

Subject: The principles of the development of borrowed words in the new alphabet

Abstract: The article presents the principles and models of the development of borrowed words in the new alphabet.

Key words: Latin, vocabulary, phraseology, style, metaphor, epithet.

Бүгінде латын графикасына көшуге байланысты терминдерді таңбалау, халықаралық атауларды дұрыс жазу мәселесі өзекті болып отыр. Бұл орайда өткен ғасырдың 20-жылдарындағы қазақ зиялыларының еңбектерінің маңызы зор. 1922 жылы Қазақстанда жат сөздерді, пән атауларын қазақшалаңдыратын комиссия құрылады да оны А.Байтұрсынұлы басқарады. Комиссия жат (өзге тілдік) сөздерді қабылдауда мына принциптерді басшылыққа алған: а) жат атаулардың мағынасын түсіндіргендей қазақ сөзін алу; ә) оған қолайлы қазақ сөзі болмаса, түркі сөзін алу; б) түркі сөзі де тура келмесе, қазақ тілінің заңына үйлестіріп, Еуропа сөзін алу [1].

XX ғасырдың басында қазақ оқығандары арасында жат (шет) сөздерді қабылдауда екі түрлі ұстаным болған. Н.Төреқұлов, М.Қайыпназарұлы жат сөздерді «өзге жұрт тілдерінде айтылуынша ешбір бұзбастан, айнытпастан алу керек. Кәзір

Қырым, Әзербайжан сықылды өзге ұлт республикелері де солай алып жүр. Біз неге сүйтпейміз?» – десе, Ә.Бөкейхан, Х.Досмұхамедұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Қ.Кемеңгерұлы сынды ғалымдар бұл ұстанымға үзілді-кесілді қарсы шығады. Х.Досмұхамедұлы «Жат сөздерді қолданғанда, тілімізге ылайықтап алу керек. Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады. . . Жат сөздерді өзгертпестен алып, бастапқы жат қалыбымен тілге сіңіреміз дегендік-шатақандық. Бұ жолда жүрген адамдар тілімізге орасан зиян келтіреді», – десе, А.Байтұрсынұлы «Сәбитке жауап» деген мақаласында: «Жат сөздерді басқалар, мәселен, орыстар өз тілінің заңына үйлестіріп алғанда, солай алуға біздің де қақымыз бар», – дейді [2].

XX ғасырдың 20-жылдарда орыс тілінен енген сөздерді (жат сөздерді) қабылдап, тұрақтандыруда төмендегі ұстанымдар негізге алынған:

- орыс тілінен енген сөздерді жазуда сол уақытқа дейін тілімізде араб-парсы және бұрынырақта орыс тілінен енген сөздерді үлгіге алынған.

- сөздердің өн бойында сингармонизм заңдылықтары сақталған. Сол себепті *комиссариат – кемесерет, тема – теме, курсант – күрсент, губерния – гүбірне, конференция – кәнперенсе, лекция – лексіе* түріне ауысқан.

- бастапқы буындары езулік, соңғы буыны езулік болып келген сөздерде (екпін түспесе) еріндік бастапқы буындарға ауысқан не мүлде жойылып, езулікке айналдырылған: *автор – аптыр, директор – деректір, корректор – кәректір* т.б.

- орыс тіліндегі **ф** орнына **п**; **г** орнына **ж**; **h, x** орнына жуан сөздерде **к**; жіңішке сөздерде **к, ц** орнына **с, в** орнына **у**; **щ** орнына **ш** қолданылған. Мыс: *физика – пійзііке, география – жағырапа, химия – кіймііе, техник – текнійк, станция – станса, Москва – Мәскеу* т.б.

- сөздің соңындағы **а** дыбысы түсіп қалған: *аптека – аптек, фабрика – набірік, награда – награт*. Жер атауларындағы соңғы **а** дыбысы үндесіміне қарай **ы, і** болып өзгерген: *Европа – Жаурыты, Африка – Әпрікі, Азия – Әзіе* т.б.

- орысшада **тр**-ға біткен сөздерде **т** мен **р** арасына **ы, і** дыбыстары кіргізілген: *тыйатыр, метір* т.б.

- орыс тіліндегі **-тор**-ға біткен сөздерде ол **-тыр/-тір, -тұр/-түр** болып өзгерген: *тырақтыр, доқтұр, кәректір* т.б.

- **ка**-ға біткен орыс сөздерінің соңы көбінесе **-ке** түріне ауысқан: *справка – ыспырабке, музыка – мүүзііке, техника – текнійке* т.с.с.

- орыс тіліндегі **-ок** қосымшасы қазақ тілінде **ке**-ге өзгерген: *участок – ұушаске, список – іспеске* т.б.

- орысшада аяғы **-ция**-мен тынған сөздерде оның орнына **-са/-се** жазылған: *милиция – мелетсе, станция – станса* т.б.

1924 жылы Орынборда өткен Қазақ білімпаздарының I съезінде термин мәселесін арнайы сөз еткен Елдес Омаров қазақ тілінде сөздің соңында б, г, ғ, д дыбыстары келмейтінін ескерте келіп, осы заңдылықты шет тілінен енген сөздер үшін де ұстану керектігін айтады [3].

«Еңбекші қазақ» газетінің 1929 жылғы 27 наурыздағы санында жарық көрген «Емле туралы» атты мақаласында А.Байтұрсынұлы *сөз басына ереже жасауға болмайтынын, ондай емле қолайлы, оңай емле болмайтынын ескерткен болатын*

[4]. Сондықтан шеттілдік термин сөздерді қазақ тіліне бейімдеген кезде А.Байтұрсынұлы бастаған зиялылардың еңбектерінің негізінде қазақ тіліндегі нормаларды нақтылап алып, сол принциптерге бағындыру қажет. XX ғасырдың басында сөздердің өн бойында сингармонизм заңдылықтары сақталып, комиссариат – кемесерет, тема – теме, курсант – күрсент, губерния – гүбірне, конференция – кәнперенсе, лекция – лексіе түрінде жазылған. Қазақ тіліне кірген жат сөздерді де мүмкіндігінше сол заңға келтіріп жазу керек, сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрін бірыңғай жіңішке не жуан түрінде алу керек.

Қазақ тілінде дыбыстардың тіркесуінде заңдылық бар:

- Екі дауысты дыбыс қатар келмейді.
- Сөз басында екі дауыссыз қатар келмейді.
- Сөз соңында үнді мен қатаң дыбыстардың тіркесі ғана (қарт, ант, салт, сарт, шарт, қаңқ, саңқ, кент, серт және т.с.с.) келеді. Мұндай дыбыстық тіркестерді Қ.Кемеңгерұлы «дауыссыз дифтонг» деп атаған еді [5]. Басқа дыбыс тіркесі (қатаң мен қатаң, үнді мен үнді, қатаң мен үнді, ұяң мен ұяң т.с.с.) қазақ тіліне жат. Сондықтан шеттілден енген сөздердегі жат қолданыстарды қазақ тілінің заңдылығына бейімдеу керек. Яғни съезд, подъезд, разъезд, т.с.с. сөздердегі д әрпін түсіріп жазу керек. Қазіргі кезде поезд сөзі пойыз түрінде жазылып жүр (XX ғасырдың басында да солай жазылған). Сол сияқты **сс, лл, тт, пп, ст, кст, сть, зд, кк, вт, фт** дыбыстарына біткен есім сөздердің соңғы әріптері түсіріліп жазылуы керек: турист емес, турис, фантаст емес, фантас, грамм емес, грам т.с.с.

А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров т.с.с. ғалымдардың еңбектерінде термин сөздердің тұлғасын қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес дұрыс жазуда қосымша жалған тексеру әдісі қолданылған. Ол әдісті қазіргі кезде де пайдалануға болады: **сс, лл, тт, пп, ст, кст, сть, зд, кк, вт, фт** дыбыстарына біткен есім сөздерге қосымша жалғанғанда да соңғы әріптері түсіп қалады: кросс – кроска, кросы, класс – класка, кластар, класы, металл – металды, металы, грамм – грамға, грамдық, грамы, киловатт – киловатта, грипп – *грипі*, съезд – съезге, съезі, ведомость – ведомосқа, фармацевт – фармацевке, **шрифт – шрифпен; сондай-ақ** трест – треске, тресі; турист – туриске, турисі; **утопист – утописке, утописі; фантаст – фантасқа, фантасы; фонетист – фонетиске, фонетисі; форпост – форпосқа, форпосы; футурист – футуриске, футурисі; чекист – чекиске, чекисі;** экономист – экономиске, экономисі; юрист – юриске, юрисі т.с.с.

- Екі қатаң дауыссызға біткен (ск, ст, кс, кт, пт, **фт**) сөздердің соңына *ы, і* дәнекер дыбыстарын қосып жазу керек. Себебі ол сөздерге қосымша *ы, і* дәнекер дыбыстары (әріптері) арқылы жалғанады: объект+і+ге, объект+і+сі, киоск+і+ге, киоск+і+сі, киоск+і+лер, Омск+і+ден, Омск+і+ге, лифт+і+мен, *факт+і+сі, факт+і+лер, рецепт+і+нің, рецепт+ті+ге, манускрипт+і+ге, моллюскіге, пактіні,* тактіні, трактіге, **фактісі,** перфектіні, интеллектіге, инстинктіні, рецептіге, эвкалиптінің, **т.с.с.**

- Үнді және қатаң дауыссыздар тіркесіне (нк, лк, мп, лт, лыт, нс, рс, рт, рш, нт, рм, фр.б.) біткен сөздерге қосымша *ы, і* дәнекерінсіз, буын үндестігі бойынша жалғанады: *финанс+қа, финанс+ы, аванс+ы (авансысы емес), цемент+ке, цемент+ті, фермент+тік, цифр+ға, цифр+ы (цифрысы емес);* хлороформ+ға, хлоро-

форм+нан, хлороформ+ы, фунт+қа, фунт+ы, формант+тар, формант+ы, банк+ке, автопарк+тен, пулт+ке т.с.с. Себебі сөз соңындағы үнді мен қатаң дыбыс-тардың тіркесі қазақ тіліне жат емес.

• Қазақ тілінде сөз **б, г, ғ, д** дыбыстарына бітпейді. Сондықтан шеттен енген, осы дыбыстарға біткен сөздер қазақ тілінің заңдылығына бағындыру керек. Ол туралы Қазақ білімпаздарының I съезінде Елдес Омаров та айтқан болатын [3]. Қазақ тілінің жиілік сөздігіне сүйенер болсақ, шет тілден енген мұндай сөздер өте көп [6].

Соған сәйкес

♦ аб дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (араб, архесиллаб, мазнаб, масштаб, штаб, хиджаб);

♦ об дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (гардероб, гидрофоб, микроб);

♦ уб дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (автоклуб, аэроклуб, бизнес-клуб, интернет-клуб, клуб, куб, мотоклуб, спорт-клуб, фитнесклуб);

♦ аг дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (аншлаг, архипелаг, бактериофаг, детритофаг, рейхстаг, рычаг);

♦ орг дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (комсорг);

♦ ург дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (драматург, жазушы-драматург, кардиохирург, кинодраматург, металлург, нейрохирург, хирург);

♦ фаг дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (ксилофаг, макрофаг, олигофаг, сапрофаг, саркофаг, энтомофаг);

♦ яг дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (варяг);

♦ ог дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (ағартушы-педагог, акушер-гинеколог, аналог, антрополог, археолог, астролог, бактериолог, барлаушы-геолог, биолог, бульдог, геолог, герцог, гидролог, гинеколог, гляциолог, косметолог, маркетинг, метеоролог, минеролог, мифолог т.с.с.);

♦ ад дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (бал-маскарад, жад, жиһад, лимонад, мармелад, рафинад, шоколад т.с.с.);

♦ *айд* дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (слайд);

♦ *ард* дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (авангард, гепард, электркард);

♦ *ед* дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (швед);

♦ *ейд* дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (рейд);

♦ еид дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (нуклеопротеид, протеид, хромопротеид);

♦ *фуд* дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (фаст-фуд);

♦ *юд* дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (фотоэтиюд);

♦ *ярд* дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (бильярд);

♦ *ард* дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (стюард);

♦ *яд* дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (наряд);

♦ ряд дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (авиаотряд, отряд, разряд, снаряд);

♦ ид дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (альдегид, антимионид, геноцид, гербицид, гибрид, диоксид, оксид, пластид, полигибрид, силицид, суицид т.с.с.);

♦ од дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (анод, бутерброд, взвод, диод, йод, катод, метод, электрод, эпизод т.с.с.);

♦ оид дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (астероид, гаплоид, дифтонгоид, коллоид, органоид т.с.с.);

♦ *орд* дыбыс тіркесіміне біткен сөздердегі (аккорд, билборд, рекорд, сканворд, скейтборд, сноуборд)

б, г, д дыбыстарының орнына п, к, т әріптерін жазу керек. Себебі бұл сөздер ұяң дауыссыздарға біткенмен, оларға қосымша ұяң дыбыстан бастап жалғана алмайды, қатаң дыбыстан басталады: арабқа, архесиллабты, мазһабта, масштабпен, штабтан, хиджабты т.с.с. Сөз тұлғасын қосымша жалғау арқылы тексеру әдісі – А.Байтұрсынұлы бастаған ғалымдардың негізгі ұстанымдарының бірі. Бұл әдіс осы уақытқа дейін көп еленбегенмен, орфографиялық сөздіктерде, анықтағыштарда [7]. ұяң дыбыстарға біткен сөздерге жалғанатын қосымшалардың қатаң дыбыспен басталатыны туралы айтылған. Күнделікті қолданысымызда да қатаң дыбыстан ғана бастаймыз. Соңғы ұяң дыбыстарды қазақ қатаң түрде ғана дыбыстай алады. Араб тілінен енген кітап сөзі б әрпіне біткен. Алайда қазақ тілінде ол сөздің соңында қатаң дыбыс (п) таңбаланып жүр. Одан қазақ тілінің заңдылығы бұзылып тұрған жоқ. Қажым Басымұлы еңбектерінде араб сөзі арап түрінде таңбаланған. Қазір арап түрінде жазылып жүр. Бұл – қазақ тілінің заңдылықтарына қайшы. Сол себепті тіліміздің заңдылықтарына сәйкес б, г, д дыбыстарына біткен сөздерде сөздің соңына п, к, т әріптерін жазу керек. Осыған байланысты енд (бренд, дивиденд, стенд, тренд, фотостенд), *онд* (алюкобонд, генофонд, евробонд), *унд* (карборунд) дыбыс тіркесімдеріне біткен сөздерді де нг түрінде жазу керек.

• *Шет тілден енген*, енг, инг, онг дыбыс тіркесімдеріне біткен сөздердің соңындағы нг дыбысының орнына қазақ тіліндегі ң дыбысын таңбалауға болады: автопаркинг, агрохолдинг, аутбридинг, аутсорсинг, банкинг, бизнес-рейтинг, бизнес-тренинг, боулинг, брифинг, викинг, демпинг, допинг, импритинг, инбридинг, инжиниринг, карлинг, картинг, кастинг, кикбоксинг, кинг, клиринг, консалтинг, контроллинг, лизинг, маркетинг, митинг, мониторинг, пейджинг, порцинг, рейтинг, роуминг, ринг, семинар-тренинг, серфинг, скрининг, смокинг, спарринг, стайлинг, стерлинг, тренинг, фандрайзинг, франчайзинг, холдинг, хостинг, лозунг, бумеранг, ранг, флаңг, сленг, гонг, дифтонг, полидифтонг т.с.с. Себебі түпнұсқада нг дыбыс тіркесі емес, ң дыбысы. Ол транскрипциядан да анық көрінеді: сленг – slæŋ, дифтонг – 'dɪf.θɒŋ, паркинг – 'pɑ:.kɪŋ, холдинг – 'həʊl.dɪŋ, банкинг – 'bæŋ.kɪŋ, рейтинг – 'reɪ.tɪŋ, тренинг – 'treɪnɪŋ, боулинг – 'bəʊ.lɪŋ, брифинг – 'brɪ:.fɪŋ, маркетинг – 'mɑ:kɪtɪŋ т.с.с. Алайда орыс тілінде ң дыбысы болмағандықтан, нг тіркесімен берілген. Бұл сөздерді делдал тілдегі өзгеріске түскен қалпында емес, түпнұсқадағы қалпына жақын етіп алуға болады.

• Қазақ тілінде үнді мен қатаң тіркескенмен, керісінше, қатаң мен үнді қатар келе алмайды. Сондықтан шеттен енген сөздердегі *тр*-ға біткен сөздерде *т* мен *р* арасына *ы*, *і* дыбыстарын кіргізу керек: *тыйатыр*, *метір* т.б.

• Шет тілден енген сөздердің бастапқы буындары езулік, соңғы буыны еріндік болып келген сөздерде (екпін түспесе) еріндікті бастапқы буындарға ауыстырып не мүлде жойып, езулікке айналдырып жазу керек: *автор* – *аптыр*, *директор* – *деректір*, *корректор* – *кәректір* т.б.

• Шеттен енген сөздердің соңындағы *а* дыбысы түсіріліп жазылуы керек: *аптека* – *аптек*, *фабрика* – *пабірік*, *награда* – *награт*, *морфема* – *морфем*, *фонема* – *фонем* т.б.

• Шеттен енген сөздер қазақ тіліндегі айтылуы негізге алынып жазылуы керек: *ta'yar, nómir, ro'yz, siez, vedimis, натыр, alafon, kәrektir, arapent*, т.с.с.

• Сөз басында екі қатаң дауыссыз қатар келген жағдайда алдына дәнекер **ы, і** дыбыстары жазылуы керек: *ustansy, uskoch, iskech, ystatistike*, т.с.с.

• Сөз басында қатаң және ұяң не үнді дауыссыз қатар келген жағдайда аралығына **ы, і** дәнекер дыбыстары жазылуы керек: *silesir, pylanshet, pyraparsanal, kyvars, pyrapyrshik*, т.с.с.

• Екі қатаң дауыссызға (*ск, кт, нт, фт*) біткен сөздердің соңына **ы, і** дәнекер дыбыстары қосылып жазылуы керек: *óbiękti, lifti, fakti, resepti, pákti, perfękti, evkalępti*, т.с.с.

• Сөз соңында *кс, кт, тр, фр, кл, гл, бл, лм, лс* тіркестері келген жағдайда **ара-сына ы, і** дәнекер дыбыстары қосылып жазылуы керек: *lúkis, púnkit, síkil, ánsámbil, rúbil, artıkil, kegil, filim, metir, elektir, sıfyr, m.c.c.* Қосымша үндестік заңына сәйкес жалғануы керек: *lúkis(-tiń, -i, -ke, -ter), púnkit(-tiń, -i, -ke, -ter), ánsámbil (-diń, -i, -ge, -der), rúbil (-diń, -i, -ge, -der), síkl (-diń, -i, -ge, -der), filim (-niń, -i, -ge, -der), artıkil (-diń, -i, -ge, -der), kegil (-diń, -i, -ge, -der), dýbil (-diń, -i, -ge, -der), vális (-tiń, -i, -qa, -tar), m.c.c.*

• **ст, -сть, кст, нкт, сть, зд, кк, вт** тіркестеріне біткен есім сөздердің соңғы әріптері түсіріліп жазылуы керек: *siez, tires, tırıs, fantas, fonetis, forpos, fýtırıs, ekonomis, instink*, т.с.с. Қосымшалар үндестік заңына сәйкес жалғануы керек: *ekonomis (-tiń, -i, -ke, -ter), komúnıs (-tiń, -i, -ke, -ter), manifes (-tiń, -i, -ke, -ter), tırıs (-tiń, -i, -ke, -ter), poves (-tiń, -i, -ke, -ter), terapev (-tiń, -i, -ke, -ter), landshaf (-tyń, -y, -qa, -tar), instink(-tiń, -i, -ke, -ter)*, т.с.с.

• Сөз ортасында, сөз соңында келген қосар (**сс, мм, лл, тт, фф, нн, бб, рр, пп, зз, дд, кк, уу**) әріптерінің бірі түсіріліп жазылуы керек: *patison, hol, bal, resor, pyrafesir, pyrasesir, disident; gyramatika, imigrant, silabys, alafon, atystat; afrikat; tynel, papıry, kәrektir, kalovat, m.c.c.*

• Үнді және қатаң дауыссыздар тіркесіне (**нк, лк, мп, лт, льт, нс, рс, рт, рш, нт, рм, рк** т.б.) біткен сөздер дәнекер дыбыстарсыз жазылуы керек: *finans, avans, sement, fýnt, farmant, ferment, bank, avtapark*, т.с.с. Қосымша буын үндестігі бойынша жалғануы керек: *finans+qa, finans+y, avans+y (avansysy emes), sement+ke, tsement+ti, ferment+tik, fýnt+qa, fýnt+y, farmant+tar, farmant+y, bank+ke, avtapark+ten*, т.с.с.

• Сөздің соңындағы ашық дауыстылар не түсіп қалады, не қысаң дауыстыға айналуы керек: *áptek, ustansy, gilúkoz, valút, silabys, kárparatsy; bylokbastyr, dollyr; massy, tonny*, т.с.с. Қосымшалар соңғы буынға үйлесіп жалғануы керек: *kárdinat (-tyń, -y, -qa, -tar), kápsyl (-dyń, -y, -ğa, -dar), kárdiogyram (-nyń, -y, -ğa, -dar), fánem (-niń, -i, -ge, -der), márfem (-niń, -i, -ge, -der), leksem (-niń, -i, -ge, -der), m.c.c.*

• Бастапқы буындары езулік, соңғы буыны еріндік болып келген сөздерде еріндік дауысты езулікке айналуы керек: *derectir; kárectir; pyrafesir; pyrasesir; m.б.*

• **е** дыбысынан бұрын **а, ә, о** дыбыстары қатар келген жағдайда арасына **й** дыбысы жазылуы керек: *páietike, káiefisent, páieme*, т.с.с.

• Орыс тілінің заңдылықтары бойынша біріккен сөздер қазақ тілінің заңдылығына бағындырылып, **о, е** дәнекерлері түсіріліп жазылуы керек: *imungen*,

• **ш** әрпі **sh** әрпімен жазылады: *ýchılshе, pyraporshik, borsh, shi (мағам)*.

• **э** әрпі **e** әрпімен жазылады: *element, elevatır*, т.с.с.

• **ë** әрпі е әрпімен таңбаланады: *býrselez, rejeser, mánevir*, т.с.с. Қосымша соңғы буынның үндесіміне сәйкес жалғанады: *býrselez(-diń, -i, -ge, -der), rejeser (-diń, -i, -ge, -ler), mánevir(-diń, -i, -ge, -ler)*, т.с.с.

• Жіңішкелік белгісі (**ь**) мен айыру белгісі (**ѳ**) ескерілмей, қазақ тіліндегі дыбыстардың тіркесім заңдылығына сәйкес жазылуы керек: *bárelef, átele, ákvárel, ánsámbil, kegil, relief, artıkil, dýbil, filim, rýbil, vális, fákýltet, feldeger, adektiv, m.c.c.*

• Сөз соңындағы **-нз** әріп тіркесі **ń** әрпімен жазылуы керек: *boýlń, reitń, rań*, т.с.с. Қосымшалар үндестік заңына сәйкес жалғанады: *boýlń (-niń, -ge, -i, -der), brifń (-niń, -ge, -i, -der), reitń (-niń, -ge, -i, -der), riń (-niń, -ge, -i, -der), rań (-nyń, -ǵa, -y, -dar), sileń (-niń, -ge, -i, -der)*, т.с.с.

• Ағылшын тіліндегі түпнұсқасында **w** әрпімен басталатын сөздер **ў** әрпімен жазылуы керек: *ўatsap, ўikipedia, ўeb-sait*.

• **-mч** әріп тіркесімен аяқталатын сөздердегі **m** әрпі түсіріліп жазылуы керек: *skoch, skeep, mach*, т.с.с.

• **дж** әріп тіркесі бар сөздерде **đ** әрпі түсіріліп, қосымшалар үндестік заңы бойынша жазылуы керек: *junsi (-niń, -si, -ge, -ler), jentilmen (-niń, -i, -ge, -der), menejer (-diń, -i, -ge, -ler), kolej (-diń, -i, -ge, -der)*. Бірақ *býdjet, lodju* болып жазылады.

• **-ий**-мен аяқталған сөздердің соңында бір ғана **ı** әрпі жазылуы керек: *kali, alúmini, natri, kafeteri, reali*.

• **p, h** әріптеріне аяқталған кірме сөздерге тәуелдік жалғауы жалғанғанда **p** әрпі ұянданбайды және **h** әрпіне аяқталған сөзге қосымшалар жуан жалғануы керек: *arhetup – arhetupi, stereotup – stereotupi, sheih – sheihy, shtrih – shtrihy; seh (-tyń, -y, -qa, -tar), sheih (-tyń, -y, -qa, -tar), shtrih (-tyń, -y, -qa, -tar)*.

• **-ог** әріп тіркесімен аяқталатын сөздерге қосымшалар жуан жалғануы керек: *pedagog (-tyń, -y, -qa, -tar), ekolog (-tyń, -y, -qa, -tar), filolog (-tyń, -y, -qa, -tar)*.

• **-рк, -рз, -кз, -лк, -кл** әріп тіркестеріне біткен сөздерге қосымшалар жіңішке жалғануы керек: *ocherk (-tiń, -i, -ke, -ter), hirýrg (-tiń, -i, -ke, -ter), metalýrg (-tiń, -i, -ke, -ter), polk (-tiń, -i, -ke, -ter), sikl (-diń, -i, -ge, -der)*.

Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде термин (пән сөзі) мәселесі турасында баяндама Е.Омаров: «Қазақ тіліне жат сөздерді кіргізгенде, оның жат дыбыстарын бұзбай кіргізуге болмайды; жат дыбысқа жалпы бұқараның тілі келмейді де ішінде жат дыбыс бар жат сөз жалпыға жат болып қала береді; сөйте келе қазақша әдебиет тілі бұқараның тілінен мүлде басқаланып, қат танитұн бұқара біздің жазған сөзімізге түсінбейтін болады. Ол болмай, ойда жоқ бір керемет себептер болып, бұқара оқығандардан қалыспай, жат сөздерді жат дыбыстармен бұлжытпай айта алатұн болып кетсе, қазақтың тілі бұзылады. Мұның қайсысы болғанда да жақсы болмайды», – деген еді (Қазақ білімпаздарының тұңғыш сйезі. – Алматы, 2005. – 144 б.).

Тіл тазалығына мән бермейтін немқұрайдылықтан, тілін білмегеніне арланбайтын намыссыздықтан сақтанудың, олардың алдын алудың бірден-бір жолы – ұлттық рухты ояу, ұлттық кодты сақтау. Латын графикасына көшуде өткенімізді таразылай отырып, ХХ ғасырдың басында қай дыбыс қалай игерілгені, қосар дыбыстарды таңбалаудағы ерекшеліктер, шет тілдік терминдердің жазылуы, таңбалауда қандай ұстанымдар басшылыққа алынғанын ескере отырып, тіліміздің заңдылықтарын бұзбауға тырысуымыз қажет.

ӘДЕБИЕТ

1. Жолдыбаев М. Қазақ тілін байытамыз //Еңбекші қазақ. 12.VIII.1926
2. Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. – Астана, 2017. – 740 б.
3. Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі. – Орынбор, 1925. – 144 б.
4. XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Қазығұрт, 2013. – 640 б.
5. Стенографический отчет научно-орфографической конференции, созванной 2-4 июля 1929г. Научно-методическим Советом НКП и ЦКНТА. -Алматы, 1930. – 58с.
6. Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі. - Алматы: Дәуір, 2016. - 1472 б.
7. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана, 2000. – 480 б.

Материал редакцияға 18.06.2019 жылы түсті

¹И.Арабаев атындағы КМУның Лингвистика институтының директоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор
Бішкек, Қырғызстан

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНДАҒЫ ҚЫРҒЫЗ АЛФАВИТИНИНҚУРАМЫ

Аннотация: Бұл мақалада бүгінгі таңда қолданылып жүрген крилл графикасындағы қырғыз әліпбиіне тиеселі проблемалар талданады. Орыс әліпбиі негізінде түзілген қырғыз әліпбиі өткен 80 жылдан бері толассыз талас-тартыстың, қарама-қарсы пікірлердің бірлікке келмеуін тудыруда. 1940 жылдары орыс әліпбиіне көшіп жатқанда сол кездегі қырғыз тілінің өзінің ішкі заңдылықтарын бұзатын қате-ліктер назардан тыс қалған. Сондықтан бүгінде 28 таңбадан, 34 фонемадан тұрған латын графикасындағы қырғыз әліпбиін қалпына келтіріу қажеттілігі туындап отыр.

Тақырыбы: Латын графикасындағы қырғыз әліпбиінің құрамы

Түйін: Мақалада латын графикасындағы қырғыз әліпбиінің құрамы туралы сөз болып, ерекшеліктері көрсетіледі.

Тірек сөздер: Түрік тілдері, қырғыз тілі, фонология, фонемдік түзіліс, сингармонизм, морфологиялық түзілім, алфавит, латын графикасы.

Тема: Состав Киргизского алфавита на основе латинской графики

Резюме: В статье рассматриваются состав Киргизского алфавита на основе латинской графики и его особенности.

Ключевые слова: Тюркские языки, киргизский язык, фонология, фонемическое образование, сингармонизм, морфологическое образование, алфавит, латинская графика.

Subject: The composition of the Kyrgyz alphabet based on Latin graphics

Abstract: The article deals with the composition of the Kyrgyz alphabet based on Latin graphics and its features.

Key words: The Turkic languages, The Kyrgyz language, phonology, phonemic system, vowel harmony, morphological structure, alphabet, Latin graphics.

Алфавиттик жазуунун жаралышы – адамзат тарыхындагы улуу ачылыш катары өзгөчө роль ойногондугу талашсыз. Ал жазуу коомдук өнүгүүнү камсыздоочу негизги фактор катары адам баласынын өткөнү менен азыркысын жалгаштырып, мезгил жана мейкиндик алкагында аларды туташтыкта, бекем биримдикте кароо мүмкүнчүлүгүн жаратты. Демек, алфавиттик жазуу доор менен доорду, муун менен муунду мейкиндик алкагында бириктирүүчү данакерлик кызматын аткаруу аркылуу, бир жагынан, өтө күчтүү бузулбас чептен бекем көрүнүш болсо, экинчи жагынан, коомдон аяр мамилени талап кылган өтө назик, оңой эле «бузуп» алууга

боло турган, байкоосудан кичине эле «бузуп» алсак тилдин тамтыракайын чыгара турган, тилди таптакыр буза турган кубулуш. Ошондуктан тил илиминдеги актуал проблемалардын бири дагы – ушу алфавиттик жазуу проблемасы, ар бир конкретүү тилдин фонемалык структурасын так, туура чагылдырган алфавиттик системасы, ошол алфавиттик системанын графикалык белгилер аркылуу берилиш проблемасы. Ушул жерден бир маселени так түшүнүп алышыбыз, так билишибиз керек. Ал кайсы маселе? Ал – тил менен жазуу экөөнүн эки башка кубулуш экендиги, жазуу (мейли ал алфавиттик жазуу болсун, мейли ал иероглифтик жазуу болсун, мейли ал идеографиялык, пиктографиялык жазуу болсун баары бир) тилди мезгилдин, мейкиндиктин алкагынан чыгаруунун, тилди мезгилге, мейкиндикке көз каранды кылбай башкаларга жеткирүүнүн, башкаларга калтыруунун гана бир формасы, бир каражаты экендиги жана жазуу жандуу оозеки тилге (оозеки кеп гана тил, жазуу тил боло албайт, ал тил эмес) карата графикалык шарттуу белги гана боло ала тургандыгы, жазуу тилдин «көлөкөсү», «сүрөтү», «ксерокистен» чыккан гана көчүрмөсү экендиги. Биз тил менен жазууну так ушундай карым-кагышта түшүнүшүбүз керек. Тилекке каршы айрым учурларда маселени башкача түшүнүп жүргөндөр да аз эмес. Улуу окумуштуу Фердинад де Соссюрдун сөзү менен айтканда «жазуунун маңызы – тилдин көчүрмөсү гана боло алгандыгында».

Демек, алфавиттик жазуу – тилдин ички өзгөчөлүгүн, фонемалык структурасын так чагылдырышы керек. Ушул өңүттөн караганда кирилл графикасына негизделген орус алфавитинин биз колдонуп жүргөн вариантында кыргыз тилинин тыбыштык системасына, кыргыз тилинин ички мыйзамына төп, туура келбеген кандай өксүк кемчиликтер бар?

1. Азыркы кыргыз адабий тилинде натуура белгиленип жүргөндөй 39 тыбыш эмес, 34 фонема бар. Алардын 14 – үндүү, 20 – үнсүз. Үндүүлөр: а, о, ы, у, ү, и, ө, э, аа, оо, уу, үү, өө, ээ; үнсүздөр: й, л, м, н, ң, р, б, в, г, д, ж, з, к, п, с, т, ф, х, ч, ш.

2. Бүгүнкү күндө кыргыз адабий тилинин алфавитинде берилип жүргөн ж, ц, щ тыбыштарынын кыргыз адабий тилине эч тиешеси жок. Булар кыргыз тилинин төл сөздөрүндө колдонулбайт, орус тилинен же орус тили аркылуу тыбыштык формасы бузулуп кирген гана сөздөрдө кездешет. Орус тилинен бөлөк дүйнөнүн башка бир да тилинде ц, щ деген тыбыш жок. Ошондуктан бул тыбыштарды кыргыз тилинин фонемалык системасына кошуп кароо илимий жактан да, практикалык жактан да туура эмес; булар – тыбышсыз тамгалар [2].

3. Азыркы кыргыз адабий тилинде колдонулуп жүргөн б созулма үндүү алфавитке киргизилбей калган, булар – тамгасыз тыбыштар;

4. Азыркы кыргыз адабий тилинде эч кандай фонемалык, тыбыштык мааниге ээ эмес орус тамгалары алфавитке киргизилип калган: **ь, ъ** ажыратуу, ичкертүү бели-лери-нин, йоттошкон **е, ё, ю, я** тамгаларынын, эки тыбыштын тизмегин билдирген **ц, щ** тамгаларынын кыргыз тилинде фонемалары жок, булар – тыбышсыз тамгалар.

5. Азыркы кыргыз адабий тилинин алфавитинде бир эле фонема эки башка сөлөкөттөгү эки башка тамга менен белгиленет. Кыргыз адабий тили үчүн э жана е тамгаларынын бири-биринен айырмаланган фонемалык мааниси жок. Демек, кирилл графикасына негизделген бүгүнкү кыргыз тилинин алфавиттик курамында 9 тамга

ашык, кыргыз адабий тилинин алфавитине туура эмес киргизилип калган: Алар кайсылар? Алар **ь, ъ, е, ё, ю, я, ц, щ, э**. Кыргыз тилинин фонологиялык аспектисинен караганда бул тамгалар кыргыз алфавитинде берилбеши керек эле. Булардын кыргыз адабий тилинин алфавитине киргизилип калышы 1940-жылдардагы «орусташтыруу» саясатынын ачыктан-ачык көрүнүшү катары бааланышы зарыл.

Арийне, ушул жана ушул өңдүү бир катар көрүнүштөр кыргыз тилинин кирилл графикасына негизделген улуттук алфавитиндеги өтө орой, олдоксон кемчилик катары адабий тилдин алфавитин түзүүнүн илимий-практикалык принциптерине туура келбестигин жана кирилл графикасындагы алфавиттин кыргыз адабий тили, анын фонологиялык системасы үчүн анча алгылыктуу эмес экендигин айгинелеп турат [3].

Туура, 1940-жылдарга чейин латын графикасын колдонуп келген СССРдеги Түрк элдеринин, анын ичинде кыргыз элинин кириллицаны улуттук графика катары кабыл алышы 1937-38-жылдардан кийинки мезгилдеги саясий конъюнктуранын негизинде таңуулангандыгы белгилүү. Бул графикага негизделген алфавит белгилүү деңгээлде түрк тилдеринин фонемалык түзүлүшүнө терс таасирин тийгизип, ал тилдердин морфемалык жигинин, морфологиялык структурасынын (**тоёюн, аяйын, аюу=той/о/й/ун, ай/а/й/ын, айуу**) бузулушуна алып келди, түрк тилдеринин грамматикалык табиятына жат көрүнүштөр көбөйүп, алардагы фундаменталдык заң-закон – агглютинация жана сингармонизмдин акырындап айрым тилдерде жоюла башташын тездетти [4, 5].

Латын графикасына негизделген алфавит кыргыз адабий тилинин тыбыштык түзүлүшүн так, туура чагылдырган, алардын айтым күүсүнө, тыбыштык өзгөчөлүгүнө, үндөштүк заңына шайкеш келген алфавит болушу керек. Бул графикага негизделип, 1924-жылдардан баштап Касым Тыныстанов тарабынан түзүлгөн жана биз тарабынан толукталган алфавитти кайра калыбына келтирүү аркылуу кириллицадагы кемчиликтерден, артыкбаш тамгалардан, шарттуу белгилерден жана алардын жазылышын түшүндүргөн орфографиялык көптөгөн артыкбаш эрежелерден кутулабыз.

Таза лингвистикалык ушул фактор мурдагы СССРдин тутумундагы түрк тилдеринин кирилл графикасына негизделген орус алфавитин таштап, латын графикасындагы улуттук алфавит түзүү, ал алфавитке өтүү зарылдыгын, муктаждыгын жаратты. Бүгүнкү күндө азербайжан, түркмөн, өзбек тилдери үчүн латын графикасындагы улуттук алфавит колдонулуп жатса, казак тили ал графикадагы алфавитке өттү. Кыргыз тилчи окумуштуулары да латын графикасына негизделген улуттук алфавитибизди кайра калыбына келтирүү үчүн анын илимий-практикалык маселелерин кеңири талкуулап, белгилүү бир жыйынтыкка келүү менен, анын тутумун тактап даярдап койдук жана «жогор жакты» карап саясий чечим күтүп отурабыз.

Латын графикасына негизделген кыргыз тилинин алфавити төмөнкүдөй принциптерге негизделиши керек:

1. К.Тыныстанов түзүп мурда колдонулган алфавиттин иретинин сакталышы;
2. Түрк тилдеринин көпчүлүгү үчүн тыбыштардын бирдей окшош тамга менен берилиши; түрк тилдеринин алфавитиндеги тамгаларды мүмкүн болушунча бири-бирине жакындатуу;

3. Окшош тамгалардын удаа жазылышы: о – õ, у – ü, п – ң, с – ç, s – ş;
4. Тилде канча фонема болсо, ошончо тамганын болушу;
5. Тилдин өзүнүн ички өзгөчөлүгүнө, тыбыштык түзүлүшүнө төп келбеген ашыкча, кошумча тамга, белгинин болбошу;
6. Бир эле тамга окшош эки тыбышты белгилөө үчүн кабыл алынбашы;
7. Бир эле тыбыш эки башка сөлөкөттөгү тамга менен белгиленбеш;
8. Жазууда жана басмада тамганын эки формасы алынып, алар сөлөкөтү боюнча бири-биринен анча айырмаланбашы;
9. Ар бир тамганын баш тамга жана кичине тамга түрүнүн берилиши [1; 6].

Латын графикасына негизделген алфавитин кайра калыбына келтирүү менен, эң алды, тилибиздин фонемалык системасын так чагылдыруу аркылуу айтым кү-үсүнүн бузулуп-бурмаланышын токтотуп, үндөштүк өзгөчөлүгүн чагылдырган сингармонизм законун сактап калууга, тилибиздин тыбыштык түзүлүшү менен муун түзүлүшүн калыбына келтирүүгө, морфемалардын чегин так ажыратып, сөздүн грамматикалык курамын сактоого өбөлгө түзөбүз. Мындан башка, маданий, илимий-техникалык дөөлөттөрдү жараткан элдер менен тикелей карым-катышта, биригүүдө болуу аркылуу жалпы түрк тилдери үчүн бирдей графикага (алфавитке эмес) ээ болобуз.

Кыргыз тилинин фонологиялык системасын так чагылдырган графикалык система катары латын графикасына негизделген кыргыз алфавитинин тутуму кандай болушу керек: Бул графикадагы кыргыз тилинин алфавитин түзүүдө кыргыз тилинин өзүнүн жеке фонологиялык жана морфологиялык законченемдери эске алынышы шарт. Ансыз тилдин өз табиятына топ алфавит түзүүгө мүмкүн эмес. Мында кыргыз тилинде 34 фонема бар жана алар 28 тамга аркылуу белгиленет, булардын 14 – үндүү, 20сы – үнсүз тыбыш, созулмалар алфавитте өзүнчө тамга менен эмес, орфографиялык ыкма аркылуу берилет дегенди жетекчиликке алабыз.

Биз кыргыз тилинин фонологиялык системасын так жана толук чагылдырган алфавиттик система катары анын төмөнкүдөй тутумун сунуштайбыз:

A a	a	l l	л	U u	у
B b	б	M m	м	Ü ü	ү
C c	ж	N n	н	V v	в
Ç ç	ч	Ŋ ŋ	ң	Y y	ы
D d	д	O o	о	H h	х
E e	е	Ö ö	ө	Z z	з
F f	ф	P p	п		
G g	г	R r	р		
I i	и	S s	с		
J j	й	Ş ş	ш		
K k	к	T t	т		

АДАБИЯ

1. Артемов В.А. Технографический анализ суммарных букв нового алфавита Письменность и Революция 1. – Москва-Ленинград, 1933.

2. Баскаков Н.А. О современном состоянии и дальнейшем совершенствовании алфавитов тюркских языков народов СССР. Вопросы совершенствования алфавитов тюркских языков СССР. – Москва, «Наука», 1972.
3. Мусаев К.М. Алфавиты народов СССР. – Москва, «Наука», 1965.
4. Тыныстанов К. Десять лет борьбы за Новый алфавит в Киргизии. – Кыргызская Республика, Фонд рукописей. Инвент. 73. 1937.
5. Тыныстанов К. Проект Новой Орфографии. – Фрунзе, 1934.
6. Яковлев Н.А. Математическая формула построения алфавита. Культура и письменность Востока. – Москва, 1928.

МРНТИ16.01.17

Х.БАБАҚҰМАР¹

¹Тарих ғалымдарының кандидаты
Алматы қаласы, Қазақстан

ДОБРУЖАДАҒЫ ТҮРКІ-ТАТАР ҚҰРЫЛТАЙЫ

Аннотация: Мажарстанның атақты түркітанушысы Мандоки Қоңыр Иштванның 1970-ші жылдары жарияланған Добружа татарларына қатысты зерттеулерімен байланысты. Ғалымның мұрағатындағы жазбаны мадияр тілінен тәржімалап ұсынған Бабақұмар Хинаят.Мажарстандық атақты түркітанушы Мандоки Қоңыр түркі әлемінде үлкен танымалдыққа ие. Биыл ғалымның 75 жасы Қазақстанда, Түркияда және өз отанында белгіленіп өтті. Ол жас ғалым ретінде зерттеуін өз сөзімен айтсақ, «Добружадағы ноғайлар» арасынан бастаған. 1965 жылы жазында алғаш мәрте осында экспедицияға келген жас ғалым зерттеуінің басты мақсаты ретінде «Құман-қыпшақ диалект сөздерінің түп негізін саралау үшін ондағы татарлардың тілінен дерек іздеу» екендігін атап көрсетеді.

Тақырыбы: Добружадағы түркі-татар құрылтайы

Түйін: Мақалада Добружадағы түркі-татар құрылтайы жайында айтылады. Олардың мәдениеті, тарихы, дәстүрі сөз болады.

Тірек сөздер: қауымдастық, мәдениет, тарих, дәстүр, тіл, құрылтай.

Тема: Турецко-татарский курултай в Добруже

Резюме: В статье говорится о турецко-татарском курултае. Рассматривается их культура, история, традиции.

Ключевые слова: ассоциация, культура, история, традиция, язык, конгресс.

Subject: Turkish-Tatar Kurultai in Dobruja

Abstract: The article refers to the Turkish-Tatar Kurultai. Their culture, history and traditions are considered.

Key words: culture, history, tradition, language, Yurt.

Мажарстандағы мемлекеттік емес ұйымдардың басым көпшілігі ұлттық дәстүрді әспеттеу және туризм саласына серпін беру, жұртшылықтың бос уақытын тиімді өткізу, жас буынға өткен тарихты насихаттау сияқты мәселелерге ерекше ден береді. Сондай-ақ ХХ ғасыр зобалаңында шекара тысында қалып қойған мадияр қандастарына да қолдау жасауды ұмыт қалдырмайды. Түркі жұрттары үшін етене таныс ұйым – Биро Андраш Жолт басқаратын «Мадияр-Тұран» қауымдастығы. Ұйым екі жылда бір өткізіп тұратын Тұран Құрылтайы шарасымен әлемдік деңгейде үлкен танымалдыққа ие. Қауымдастық тарапынан әр алуан мәдени, ғылыми, көпшілік шаралардың легі еш толастаған емес. Биылдың өзінде «Ата-бабалар күні» атты

фестивал өткізді, жазда Алматыда өткен «Көшпенділер әлемі» этнофестиваліне, Сербия, Румыния, Украина елдерінде тұратын мадияр қандастары арасындағы ғылыми, мәдени шара ұйымдастырды.

Биылғы қыркүйек айында аталмыш қауымдастық екі бірдей маңызды шараны өткізді: бірісі – Украинадағы мадиярлар арасында Унгвар қаласында **hUNGary FEST** атты шарасы. Биро Андраш қандастарына тарихи-антропология тақырыбында дәріс оқыды. Ал ортағасырлық қару-жарақпен, киім-кешекпен келген сайлауыт жігіттер сайыс түрлерін өнер көрсетті. Тарихи тұрғыдан алғанда, Карпаттың шығысы мадиярлардың ата-бабалары алғаш қоныстанған мекені ретінде саналады. Тарихи деректерге қарағанда Карпат қойнауына қоныс аударған Арпад патшаның елі осы өңірдегі - Закарпатиядағы Верецке асуынан асып келген деседі.

Екінші бір маңызды шара- Добружа жерінде өткен басқосу. Қазақ оқырмандары үшін де өзіндік мәні бар, беймәлім өлкедегі жиын туралы мәлімет оқырмандардың қызығушылығын тудыруы анық. Шынтұайтында Мажарастандағы құман-қышпақтар, печенегтер ұрпақтары туралы, Балқандағы Албания мен Косоводағы түркі тектестердің тарихы мен бүгінгі туралы алдағы уақытта мәлімет беріп отырмақпыз.

Мадияр-Тұран қауымдастығының шағын тобы Румыниядағы Түрік-Татар Демократиялық Қауымдастығының шақыруымен қыркүйектің соңғы күндерінде Добружадағы «Түркі-татар құрылтайы» атты шараға аттанды.

Көшпелілер үшін тарихи маңызды өлке санатындағы Добружа аймағы бүгіндер үш мемлекетке бөлінген: басым бөлігі Румыния аумағында, бір бөлігі - Бұлғарияға, ал шағын бөлігі Украинаға тиеселі. Тарихтың әр кезеңінде көптеген жұрттан құралған Добружа аймағының этникалық келбеті салтатты көшпелі халықтармен тікелей байланысты өрбіген, яғни солардың құзырында болды. Ежелгі уақытта бұл аймақ Скития-Минор (Кіші Скифия) деп аталды. Ғұн империясы ыдырағаннан кейін Дунай Бұлғарларының хандығы бұл жерде біртұтас мемлекет құрды және аталған өлке ғасырлар бойы Оногур – бұлғар түрік мемлекетінің қоластында болды. IX ғасырдың орта шенінде Дунайдың төменгі сағасы мадиярлардың да қонысының бір шетіне айналды. Мадиярлардың Карпат қойнауына қоныстанғаннан кейін печенегтер алдымен бұлғарлардың, кейін Византия үстемдігінің құлдырауы нәтижесінде осы өлкеге қарай ойысты. Мұнан кейін де Добружа аймағына печенег, құман-қыпшақ, содан кейін түркі-татар халықтары ағылып келіп отырды. XIV ғасырдан бастап тұтас Бұлғар империясы, онан Дунайдың төменгі сағасы Осман түрік билігіне өтті. Бұл XIX ғасырдың соңына дейін созылғаны белгілі. 1878 жылы бұл өңір Ресейдің көмегімен дүниеге келген су жаңа құрылым – Біріккен Румын корольдігінің (содан кейін Валахия және Молдавия да біріктірілген) құрамына енді.

Көп этникалық топтардан тұратын Добружа аймағына, тарихтан белгілі болғандай, Балқандағы байырғы қонысынан қазіргі румындардың ата-бабалары – валахтар бағзыда қоныс аударған. Түрік билігі тұсында Валах воеводствосы Дунайдың төменгі атырауын аз уақыт бойы басқарды. XX ғасырдың басында өңірдің негізгі тұрғындарының басым бөлігін татар, түркітілдес халықтар мен бұлғарлар құрады, ал румындар азшылықта еді. Бірінші дүниежүзілік соғыстың соң Добружаның бір бөлігі Румынияның қоластына өтті. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында аймақтың жаңа қожайыны Румын корольдігі түрік - татар тектес халықтардың

санын азайту мақсатында өзге жұрттарды жаппай қоныстандыру саясатын жүргізді. Алғашқы қадам ретінде румын тілінде оқытатын 40-тан астам мектеп және одан да көп шіркеу салды (бұл үрдіс «пиязпішінді күмбезбен жаулап алу» деп аталады).

Кешікпей Балканнан ондаған мың македо-романдықтарды Добружаның оңтүстігінде қоныстанды. Романдастырудың мұндай саясаты ІІ дүниежүзілік соғыс жылдарында, содан кейін дүниеге келген коммунизм тұсында да жалғаса түсті. Сөйтіп бір кездері түркі-татарлардың мекенінде румындар сан жағынан басымдыққа ие болды. Қолданыстағы ресми мәліметтерге ден қойсақ, қазір Добружадағы түріктер мен татарлардың саны 50-60 мыңға жуық. Айта кету керек, орта ғасырларда бұл аймақ Мадияр корольдерінің вассал аумағы болған. Коммунистік Румыния саясаты жер аударылған секей мадиярларды Добружада арнайы ұйымдастырған үлкен оқу лагерлеріне жіберіп отырған.

Добружадағы «Түркі-татар құрылтайы» шарасы спорт және мәдени дәстүрге, сондай-ақ татар гастронмиясына арналды. Добружалықтардан басқа, шақырылған қонақтардың қатарында Қазаннан келген татарлар, қазақтар, бұлгар татарлары, түріктер және мадиярлар болды.

Мадияр-Тұран делегациясын шараның бас ұйымдастырушы Наим Белгин және Дервис Мемур қабылдады. «Тұрандықтар» әуелде түріктер негізін қалаған Қарасу деп аталған, қазіргі атаумен Медгидия қаласында жауынгерлік шеру өтті. Шерудің басында Мадияр-Тұран қауымдастығының көне қару-жарақпен қаруланған сайлауыт жігіттері, тарихи байрақтарды желбіретіп жүрді. Оның сапында Түркияның Бурса қаласынан келген Мехтер әскери оркестрі болды. Шеру Констанцаның орталығында қайталанды. Салтанатты тамашалаған сан мыңдаған жергілікті тұрғындарға ерекше көтеріңкі көңіл-күй сыйлағанын айтысып жатты. Ертеңінде «Тұрандықтар» Мангалия қаласының теңіз айлағында екі киіз үй тігіп, байырғы мәдениеттің сән-салтанатына арналған шара өткізді. Күні бойы толастамаған көрермендердің қызығушылығында шек болмады, әсіресе киіз үйді жығуына дейін тамашалағандар болды.

Айлақтың шетіне құрылған сахнада мәдени-көпшілік іс-шаралар өтті. Тұрандықтар әскери өнер түрлерінен көрсетілім, сондай-ақ жауынгерлік шоу ұсынды. Бағдарламада сайыс, жүгіру, қамшыгерлік, таяқпен қорғану, күрес, және өзін-өзі қорғау сияқты дәстүрлі спорт түрлері қамтылды. Шоулар күн батқанға дейін жалғасты, қолөнер бұйымдарының жәрмеңкесі өтті мен татар гастронмиясына ерекше қызуғушылық байқалды. Салтанатты қабылдаудан кейін Мадияр-Тұран Қауымдастығы мен Добружадағы шараны ұйымдастырушылар арасында ынтымақтастық туралы уағдаластыққа қол қойылды. Түркі-татар қауымдастығы 2020 жылы Мажарстанда өтетін Тұран халықтарының Құрылтайына ресми шақырылды деп хабарлайды қауымдастықтың kurultaj.hu сайты.

Ақпаратқа қосымша. Бір кездері Еуразияның қуатты империясы болған Алтын Орда мемлекеті ыдырағаннан кейін жан-жаққа шашырағаны қоластындағы титулды тұрғындарының бір бөлігі шығыс Еуропаға қарай қоныстанды. Яғни тарихи-саяси тұрғыдан ерекше аймаққа саналатын Балқан мен Карпат өңірі шығыстан батысқа бағытталған халықтар миграциясының ғана емес, Балқаннан шығысқа қарай бағытталған бағзыдағы кельт, кейінгі кезеңдегі романтес халықтардың һәм сла-

вяндардың әрлі-берлі сабыла қоныс аударған жұрттардың мекені ғана емес, әскери-саяси мүдделердің тоғысқан аймақ бүгін де әлем саясатының ден қоятын аймағы болып қалып отыр. Төменде тақырыптың тұздығы ретінде мажарстанның атақты түркітанушысы Мандоки Қоңыр Иштванның 1970-ші жылдары жарияланған Добружа татарларына қатысты зерттеулерінен шағын мәліметті ұсынып отырмыз. Ғалымның мұрағатындағы жазбаны мадияр тілінен тәржімалап ұсынған Бабақұмар Хинаят.

Добружа татарлары түркітанушы мандоки қоңыр зерттеуінде (қысқаша шолу). Мажарстандық атақты түркітанушы Мандоки Қоңыр түркі әлемінде үлкен танымалдыққа ие. Биыл ғалымның 75 жасы Қазақстанда, Түркияда және өз отанында белгіленіп өтті. Ол жас ғалым ретінде зерттеуін өз сөзімен айтсақ, «Добружадағы ноғайлар» арасынан бастаған. 1965 жылы жазында алғаш мәрте осында экспедицияға келген жас ғалым зерттеуінің басты мақсаты ретінде «Құманқыпшақ диалект сөздерінің түп негізін саралау үшін ондағы татарлардың тілінен дерек іздеу» екендігін атап көрсеткен. Ары қарай, «татарлар тұратын үлкен-кішілі, азды-көпті кенттерді араладым. Меджидия, Констанца маңайындағы Валеа Неагра, Когалницеан кенттерінде болдым. Олардың тұрғындары Қырымнан шыққан татарлар. Меджидия ауданының Чиочирлиа де Кос және Тулча ауданының Қарамурат кентінде де болдым. Бұл кенттердің тұрғындарының бір бөлігі Қырым ноғайлары, біразы бір кездері Қырымға қараған ноғай даласынан Добружаға келгендер». Сол кезде Түркияға қоныс аударуға қамданған татарлардан біршама олжаға кенелгендігін жазған еді: Асан Айболат есімді ақсақалдан «Шора батыр» атты ерлік дастанының біршама толық нұсқасын жазып алған. Сондай-ақ бұл сапарда ғалым жұмбақ, мақал-мәтел, азғана халық әнінің мәтіндерінің үзінділерін сирек таралған «Едіге батыр» дастанының үзіндісін хатқа түсірді. Дегенмен, Мандоки Қоңыр Добружа даласынан оңтүстік-батысқа қарайғы Делиорман өңірінде, Дунай сағасында, яғни Добружаның Бұлғария бөлігіндегі түркі-татарларды зерттеуге ерекше ден қойған. 1969 жылы «Добружа татарларының тілі туралы зерттеу (морфологиялық сараптама және халық ауыз әдебиетінің нұсқалары)» тақырыбында диссертация қорғаған.

Татарлар мен ноғайлар Қырым түбегі мен оған жапсарлас жатқан Оңтүстік Орыс жазығынан әр түрлі тарихи кезеңдерде Добружа өңіріне бірнеше лекпен қоныс тепкен. XIII ғ.- дан XVI ғ-ға дейін бұрынғы Алтын Орда империясының аумағынан үлкенді-кішілі лекпен келіп жеткен татарлардың бір бөлігі құманқыпшақтармен араласты, біраз бөлігі сол кезде қалыптасып жатқан құман-валах жұртына, қайсібірі бұлғарлардың құрамына сіңіп кетті.

Қырым татарларының үлкен тобы Қырым түбегі орыстардың иелігіне көшкеннен соң 1783 жылы және онан кейін Добружаға қоныс тебеді. Мұндағы татар тұрғындарының елеулі бөлігі - 1829 жылы орыс-түрік, әсіресе 1854 жылғы Қырым соғысынан салдарынан қонысын тастап қашқандардың ұрпақтары.

Добружаға қоныс аударған түркілерді Мандоки Қоңыр тілдік жағынан үш топқа бөліп қарастырған (1969 ж):

1. Қырым түбегінің солтүстігіндегі далалы алқапты мекендеген көбіне мал өсірумен шұғылданған, құман-қыпшақ диалектісінде сөйлейтін *татарлар*.

2. Қала мен ірі елді-мекендерде тұратын негізінен сауда-саттықпен айналысатын,

шын мәнінде соңғы кездері татарланған *таттар*.

3. Қырымның оңтүстік, таулы өңірінде тұратын, жер өңдеумен айналысатын Анадолыдан шыққан осман-түрік диалектісінде сөйлейтін *түріктер*.

Татарлар деп шын мәнінде далалық татарларды айтады және олар Добружаға қоныс тепкен Қырымдықтардың денін, негізгі бөлігін құрайды. Далалық татарлардың тілі құман-қыпшақ диалектісіне жақын. Қырымның оңтүстігінен, таулы өңірден келген Қырым түріктерінің тілін аталған татар тілін жақын деп айта алмаймыз, керісінше ол түрік тілінің басы бүтін бір диалектісі. Яғни, далалық Қырым татарлары мен Қырым түріктерінің тілін бірге алып қарауға келмейді.

Қырым татарларының тілі жеке тіл ретінде саналғанымен, шынтуайтқа келгенде оның кейбір сипаттары далалық татарлардың тіліне өте жақын. Әрі олар соңғы кездері саны жағынан басым татар тұрғындарымен араласып, тілдік жағынан осман түріктеріне де сіңісіп бара жатыр.

Мандоки Қоңырдың 1969 жылғы жазуына қарағанда, Добружада Дунай ағырауы мен Делиорманда тұратын Қырымнан қоныс аударғандардың жиынтық саны 50-55 мың делінген. Қырымдық татар, тат, түріктердің көбірек бөлігі, шамамен 30-35 мың адам Румынияда тұрады. Ал, мұнан азғана бөлігі – 20 мыңдайы Бұлғарияда, оның шамамен 15-18 мыңы Қырым татары, 2-5 мыңы Қырымдық тат, ал Қырым түріктері жоқтың қасы. Тіл зерттеуші А.А.Покровскаяның жазуына қарағанда, Румыния мен Бұлғариядағы татарларының жиынтық саны туралы нақты мәлімет жоқтың қасы. Тек 1956 жылғы есеп бойынша Румынияда 21 мың татар, 14329 түрік тектестер болған. Ал Бұлғарияда Қырым татарларының саны әлдеқайда көп (Покровская А.А. Языки Балканских тюрков // Языки мира. Тюркские языки. Энциклопедическое издания. М., 1996.С.194-199)

Далалық татарлардың басым көпшілігі кішкентай кенттерде басқа халықтармен араласып, шашыранқы тұрады. Дегенмен, тек қана татарлар ғана мекендейтін ауылдар мен қыстақтар да кездеседі. Оларда 40-50-100-200 отбасы шоғырланып тұрады. Көбіне мал өсіру, жер өңдеумен шұғылданады, араларында бау-бақшамен шұғылданатындар мен кәсіпкерлер де аз емес. Ал Қырым татарлары мен түріктерінің негізгі бөлігі саудагерлік, кәсіпкерлік, жер өңдеу бақша істерімен шұғылданады. Олар көбіне қалаларда тұрады. Себебі, олардың бабалары бір кездері Қырымда үлкен қалаларды мекен еткендер.

Румыниялық Добружада далалық татарлар тұратын елді мекендер мыналар:

Констанца және Меджидия округінде Валэ Дачилор, Османчэ, Валэ Негра, Хажиени, Текиргөл, Нунташик, Кобадин, Чиобанешти, Коғалничэну, Мерени, Албешти, Поирта Алба, Ветерану, Галеш, Констанца, Меджидия.

Мангалия округінде Мангалия, Муригөл, Чарайбил, Татара-Команя, Негра-Водэ.

Ноғайлар Меджидия өңірінде, және Тулча комитатында тұрады.

Меджидиядағы ноғайлар тұратын елді мекендер мыналар: Чиочирлиа де Хос, Чиочирлиа де Сус, Валэ Негра, Коғали-чяну.

Тулча өңірінде: Тулча, Қарамұрат кентінің төңірегіндегі 3-4 кішкене қыстақтарда тұрады.

Бұлғариядағы татарлар мынадай кенттер мен қалаларда шоғырланған.

Толбухин облысында: Толбухин, Балчик, Казарна, Храброво, Септембричи,

Жарково (татар аты Шыпыш-күюшы), Зограф, Телериг, Оногур (татарша атауы Жүртшылық) Издорово.

Варна облысында Обориште, Куманово, Тегераг Кантаржиево.

Силистра облысында Средиште (татарша атауы Бейпынар), Любен (татарша аты Қаравелі), Черковна (татарша аты Анысшык), Бабук, Антимово.

Русчук облысында: Голямо Враново (татарша Оранкой), Ветово, Сиво поле (татарға икемделген атауы Слепол), Трастеник (татарланған атауы Тыршеник), Семерджиево (татарша Шемержикой), Смирненски (татарша Биялан).

Тырново облысында: Свастов ауданының Вирдам қыстағында.

Ризград облысында: Глоджево (татарланған атауы Ложова) кентінде.

Щумен (Коларвград) облысында: Қар Круш, мақан, Волов бекеттерінде.

Добружа татарларында ана тілінде оқытатын мектептер жоқ. Бұрындар татар балалары көбіне мұсылман медреселері мен түрік, болгар, румын тілінде білім беретін мектептерде оқыған. Дегенмен, татар тілінде білім беруді енгізуге бір мәрте күлшыныс болған. Ол 50-жылдары Румынияда татарлар тұрған елді мекендерде бастауыш және орта білім беретін мектептер жүйесін енгізуді қолға алған. Добружа татарларының әдеби тілі үшін, румын әліпбиіне негізделген жаңа жазуды құрастырған.

Әдеби норма ретінде танылған татар диалектісін барлығы бірдей қабылдаған жоқ. Әсіресе, оны татарлар қош көрмеді. Далалық татарлардың диалектісін Қырымда да әдеби тіл негізгі болмаған, бар болғаны Бақшисарай, Хан сарайының тілі есебінде ғана болған деген уәжді алға тартқан. Дегенмен Добружа татарларының азғана бөлігі ғана аталған «сарай» тілінде сөйлейді, ал басым көпшілігі далалық құман-қыпшақ диалектісінде сөйлейтіндігінде күмән жоқ.

Материал редакцияға 22.06.2019 жылы түсті

¹«Әділет» тарихи-ағарту қоғамы төрағасының орынбасары,
жазушы, тарих ғылымдарының кандидаты

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ТІЛ ТУЫНЫҢ ТҰҒЫРЫ

Аннотация: Мақалаға отарлық ахуалда қолданылу аясы шектелген тілдің қол жеткізілген мемлекеттік мәртебесі мен оның шын мәнінде өз орнына сай қолданылуы және ұлттаралық тілге айналуы жолындағы күрестің рухани жаңғыру талаптарынан туындайтыны арқау болған. А.Байтұрсынұлы өзінің жаңа әліппесі мен тіл білімі оқулығын кең қолданысқа енгізу арқылы көптеген діни қызметші-молдалардың мектеп мұғалімдері қатарында ұстаздық етуін мүмкін етті. Ал мемлекеттік тілді бүгінгі күнге дейін халықтың, тұтас халық түгіл билік басындағылар мен зиялы деп аталатын қадірлі топ беделділерінің толық мойындамауы, шынтауайтында, Ахмет Байтұрсынұлының «сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалатыны» жайындағы тұжырымының әлі де өзекті екенін көрсетеді.

Тақырыбы: Ахмет Байтұрсынұлы – тіл туының тұғыры

Түйін: Мақалада ұлттық мемлекет орнатуда мемлекеттік тілдің рөлі зор екендігі айтылады.

Тірек сөздер: латын әліпбиі, кириллица, реформа, мемлекеттік тіл.

Тема: Байтұрсынұлы – вдохновитель знаменосцев языка

Резюме: В статье утверждается роль государственного языка в построении национального государства.

Ключевые слова: латинский алфавит, кириллица, реформа, государственный язык.

Subject: Akhmet Baitursynov-flagship of the Kazakh language

Abstract: The article deals with the language problems and the Latin alphabet of A. Baitursynov.

Key words: Latin alphabet, Cyrillic alphabet, Russian, state language.

Заманында «ұлттың ар-ожданы» атанған Ахмет Байтұрсынұлының тіл туын көтеріп, оның бекем тұғырына айналуы кездейсоқ емес еді. Ресей империясы қилы амалмен құрамына қосып алған тегі бөтен жұрттарды орыс тілін таңу арқылы отарлаушы халыққа сіңістіруге, яғни ассимиляциялауға қатты көңіл бөлгені мәлім. Дінді де ортақтас- тыруға тырысты. Ақыры, «иланымы магометандық болып қалса да, өмір сүру салты жөнінен кәдімгі мұжықтан аумайтын» бодан қалыптастыруға ұмтылуды барлық әкімдеріне міндеттеп отырды. Үкімет шешімдерін идеологиялық тұрғыда Орынбор-Қазанда Н.И.Ильминский (1922–1891), Ташкентте оның шәкірті Н.П.Остроумов (1846–1930) сынды шығыстанушы-миссионерлер қамтамасыз етіп тұрды. Патшалық биліктің жер-жердегі ильминскийлер мен остроумовтарға арқа

сүйеген қызметшілері өзге халықтарды орыстармен сіңістіріп, бір халық ретінде тұтастыруға бекем негіз салатын оқу орындарын – патша жарлықтарының орындалуын қамтамасыз етуге тиіс ер балаларға да, «келешекте отбастарында империя мүддесіне адал орыстілді ұрпақ тәрбиелеуге тиіс» қыз балаларға да арнайы мектептер ашуды жүзеге асырды.

Түркістан өлкесінің қожайыны генерал-адъютант фон-Кауфман Ташкентте ашылған Түркістан мұғалімдік семинариясының бас қамқоршысы есебінде, «әлі толық тақуа-фанатқа айналып үлгермеген қазақ тайпасының интеллектуалдық қабілеті жағынан орыстармен жақындасуға бейімдігі жоғары екеніне және қазақтардың балаларын» орыс мектептеріне «ықыластана беріп жүргеніне сүйене отырып», 1880 жылғы 8 қарашада Санкт-Петербургке, Халық ағарту министріне арнайы хат жазды. Онда: «Орта Азиядағы біздің үстемдігімізді қамтамасыз ететін саяси мүддеміз тұрғысынан көшпенді халықты дербес өмірге және Россиямен ассимиляцияландыру ықтималдығына тарту қажеттігін ойлай отырып, мен қазақтарды мұсылмандық ықпалдан сөзсіз азат ету керек деп санаймын, бұған олардың арасына орыс жазуын енгізу жақсы септескен болар еді», – деген ойын айта отырып: «Бұл мақсатқа қазақтар арасына тек қана біздің мектептеріміз арқылы орыстың халықтық білімін тарату жолымен жетуге болады, қазақ балаларын орысша сауат ашуға оқыту біздің мектептерімізде олардың туған тілдерінің көмегімен жүргізілуге тиіс», – деп нақтылап жазды. Түркістан әкімінің ұсынысын 1881 жылғы 28 қаңтарда патшаның өзі бекіткеннен кейін, Түркістан мұғалімдер семинариясында қазақ тілі орыс алфавиті арқылы оқытыла бастады – осылай семинария «қазақтарды орыстармен біртұтас саяси-мемлекеттік организмге құйылыстыруға» үлес қосуға кірісті. Әбүйір болғанда, семинарияның қазақ түлектерінің бәрі бірдей империя қолшоқпарына айналған жоқ. Араларынан Серәлі Лапин, Садық Өтегенов, Қоңырқожа Қожықов, Сегізбай Айзұнов секілді қоғам қайраткері, шығыстанушы-ғалым, тамаша ұстаз өсіп шықты. Ал Қожықов жәдидтік үлгімен өлке мектептері үшін алғашқы қазақ әліппесін жазды.

Орыстандыру әрекеттері көптен жүріп жатқан Дала өлкесіндегі Ахмет Байтұрсынұлов (1873–1937) болса, «қазақ халқының болашағы – мектептерде» деп білген ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин (1841–1889) нұсқаған жолмен ұстаздық қызмет істей жүріп, қазақты жойылудан сақтайтын күрес жолына түсті. Алғашқы орыс революциясы жылдарынан ұлт-азаттық қозғалыстың алғы шебінде болды. Ұлт мүддесін көздеген қоғамдық-саяси жұмыстарға араласты. Араб-парсы алфавитінен реформаланған қазақ әліппесін, тілдің тиісті ілімін жасады. Жұртты оятатын, оқуға, білімге ұмтылтатын, елдік мәселелерге ұйытатын, ел болудың жолдарын нұсқап, күресуге шақыратын газет шығарды. Советтік қазақ мемлекетінің алғашқы оқу министрі ретінде, қазақ мектептерін күрт көбейтуге үлес қосты. Өзінің жаңа әліппесі мен тіл білімі оқулығын кең қолданысқа енгізу арқылы көптеген діни қызметші-молдалардың мектеп мұғалімдері қатарында ұстаздық етуін мүмкін етті. Кезінде Алтынсарин тұжырымдаған формуланы «ұлттың келешегі – мектептерде» деп түсінуге болатын жаңа сатыға көтерді. Өзінің қиындыққа толы болған күрделі өмір жолында Ахаң отар жағдайындағы «ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын» жағдайларды айқын ажыратты және солардың ішінде тілдің шешуші

орын алатынын дәл атап көрсетті. «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген тағдыршештілік мәні бар, қанатты сөзге айналған байламды қорытып шығарды.

Советтік қазақ мемлекеті тұсында бастан кешілген солақай реформалар, жасанды ашаршылықтар, репрессиялар, жер-судың жаңаша отарлануы, қазақ халқының өз елінде ұлттық азшылыққа айналуы, қоғамдық тыныс-тіршіліктің бәрі орыс тілінде өтуі, орыстанған қазақтар қатарының күрт өсуі және олардың бар салада жетекші орындарда жүруін ынталандыру қазақ тілінің тағдырын тұйыққа тірегендей болды. Алайда компартия билеген со бір тоталитарлық жылдарда Ахаң көтерген тіл туы құлаған жоқ, ол әрдайым күреске шақырып тұрды. Тиісінше, қатаң да қасаң идеологиялық қыспаққа карамастан, түрлі жағдайда ұлт қайраткерлері ұлт тілі мүддесін қорғап отырды. Ақыры, тоталитаризмнің кезінде-ақ, советтік республикамыздың ғұмыры үзілерден екі жыл бұрын, 1989 жылғы 22 қыркүйекте тіл туралы арнайы заң қабылануына, ана тілімізге мемлекеттік мәртебе берілуіне қол жеткізді.

Содан бері, міне, отыз жыл болды. Қазақ тілі 1993 және 1995 жылдардағы Конституцияларда мемлекеттік тіл ретінде бекітілді. Осы отыз жыл ішінде биік дәрежеде түрлі құжат дүниеге келіп, мемлекеттік тілде іс жүргізу мен қызметтік қарым-қатынас жасау тетіктері атап көрсетілді, мемлекеттік істің барлық салаларына мемлекеттік тілді белсенді түрде енгізу, мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, іс қағаздарын кезең-кезеңімен қазақ тіліне көшіру жайынан нақты тапсырмалар берілді, осы мәселелермен шұғылданатын комиссия да құрылды. Тіпті, тілдерді қолдану мен дамытудың 2001–2010 және 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламалары да жасалды.

Алайда сол шаралардың ешқайсысының қуантарлық нәтиже бермегенін білеміз. Міне, екінші бағдарламаның орындалу мерзімі де келесі жылы аяқталмақ, бірақ алға қойылған міндеттердің бұл бағдарлама бойынша да толық шешілмейтіні, ең бастысы, мемлекеттік тілдің әлі де биік мәртебесіне сай қолданыла қоймайтыны қазіргі таңның өзінде аныққа шығып тұр. Ал мемлекеттік тілді бүгінгі күнге дейін халықтың, тұтас халық түгіл билік басындағылар мен зиялы деп аталатын қадірлі топ беделділерінің толық мойындамауы, шынтуайтында, Ахмет Байтұрсынұлының «сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалатыны» жайындағы тұжырымының әлі де өзектілігін көрсетеді. Өкінішке қарай, олар мемлекеттік шараларды жүргізгенде мемлекеттік тілді қолданбаулары өз алдына, тіпті, сол шаралар жайындағы белгілі бір дәрежеде атқарылған істерді қорытындылап, жүрекжарды ойларымен бөлісіп сырласқан, онысын теледидар арқылы дүйім жұртқа жария қылған отырыстарында да өз ана тілдерін – мемлекеттік тілді қолданбағанына баршамыз куә болдық. Ал әлем азаматы санатындағылар: «ауыл тілін ұлтшыл-патриоттар индустриялық қоғам тілі орнына қоймақ» деп, ұлт намысын жыртушыларды кемсітіп қана қоймай, мемлекеттік тілдің мәртебесін мүлдем тұқырта түсуде. Яғни қазақ мемлекетінің өкіметі мен өкіметтің арқа сүйейтін бетке ұстар интеллигенттері қазақ елінің мемлекеттік тілінде емес, өзге мемлекеттің тілінде сөйлегенді қош көреді. Мұндай жағдай біздің есімізге қайран Ахаңның: «Қазақта білімді адам жоқ емес, көп, бірақ, солардың көбі өз білімін халалға емес, харамға жұмсап ғадеттенген», – деген сөзін еске алуға еріксіз мәжбүрлейді.

Ахаң айтқандай әдетке бейімдер билік буындарындағы қызметінде өтірік мүләйімсіп, қилы шараларды жоспарлаған және қолдаған болады да, іс жүзінде олардың жүзеге асырылуын кері кетірумен шұғылданады. Әлдеқашан дамыған тілдің қолдану өрісін мемлекеттік мәртебесіне сай кеңейтудің орнына – «тілді дамыту керек» деген кертартпа да қитұрқы ұранды көз қып көкке көтерумен, іс жүзінде қаржыны текке шашып, төрге басқа тілді тықпалаумен жүреді. Сондайлардың жалған патриоттығы отыз жыл уақытты бекерге өткізді. Ес жиятын уақыт жетті. Ардақты Ахаң үкілеген қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін жалпақ жұртқа мойындату жолындағы күрес туын енді асқақтата көтерген жөн. Өкіметтен мемлекеттік тілді қажеттілікке айналдыратын шараларды өмірге кеңінен енгізуді батыл талап ету керек. Үкімет қыруар қаржы шығындап, отыз жыл бойы мемлекеттік тілді мектептерде де, мекемелерде де оқытып келеді ғой, мемлекеттік тілді міндетті түрде оқытқан орта мектептерді миллиондаған бала бітірді, енді солардың нәтижесін көретін мезгіл жетті. Бұдан былай мемлекеттік тілді білмейінше қадам баса алмайтындай мәжбүрлік туғызу керек. Сондай жағдайда, күнделікті тұтынуға қажеттілік болмағандықтан ұмытуға айналғандар оны тез естеріне түсіріп, білмейтіндер – тіршілік үшін қажет деңгейде тез-ақ меңгеріп алады. Құрығанда мемлекеттік тілді мойындап, ең кемі қазақша сәлемдесуді үйренеді, керек мәселесін шешу үшін өз еркімен тәржімешіге жүгінетін болады.

Кезінде патша үкіметінің орыс тілін барша жұртқа білуді міндеттеп, күштеп тықпалап жағқанын Ленин қатты сынға алып, тілді білгізу үшін қыштау емес, мәжбүрлік туғызу қажеттігін айтқан болатын. Соны, баршамыз білеміз, совет өкіметі ойдағыдай жүзеге асырды. Біздің тәуелсіз билігіміз содан, сол советтік тәжірибеден әлдеқашан үйренуі керек еді. Тым болмаса енді оянған жөн. Оянып, бірінші кезекте барлық билік буындарының, күллі бюджеттен қаржыландырылатын мекемелердің мемлекеттік тілде жұмыс істеуін жолға қою керек. Кеңестік қазақ мемлекеті тарихында, екі өлке біріккен соң, 1925 жылы тұңғыш рет халықтың ұлттық құрамында қазақтардың үлесі 68 пайызға жеткені аталып, ұлт қайраткерлері Ұлттық Республиканы іс жүзінде енді құрдық деп жариялаған. Содан былай осы ұлттық мемлекетті талапқа сай жасап шығу міндеті қойылған болатын. Өкінішке қарай, қатаң бір орталықтандырылған империялық коммунистік партия билеген заманда ол мүмкін болған жоқ. Тек қайта құру жылдары, 1990 жылы, Мемлекеттік тәуелсіздік жайындағы декларацияда ұлттық мемлекет құру мәселесі атап көрсетілді, алайда 1991 жылғы мемлекеттік тәуелсіздік туралы заңда бұл жәйт ашып айтылмады. Содан бергі жиырма сегіз жыл ішінде осынау маңызды мәселе биік мінберден әңгіме болмады да. Дұрысында, күні кеше екінші Президенттің – Қасым-Жомарт Тоқаевтың бірінші жолдауында қазақ тілінің ұлтаралық тіл болатын мезгілі жетті деген ой айтылды. Сол ой бүгінгі конференция тақырыбына шығарылып отыр. Бірақ, мойындау абзал, осынау тамаша ниетті жүзеге асыруға қызмет ететін шара – ел ішінде соған нақты қажеттілік, мәжбүрлік ахуал жасау жайы нұсқалмағандықтан, әзірге конституциялық мәртебесі жоқ ұлтаралық тіл туралы президенттік ой осы уақытқа дейін айтылып келген әдемі сөздердің кейпін киіп қала беруі ғажап емес. Әуелі конституциялық мәртебесі бар мемлекеттік тілді өз орнына қоюды жүзеге

асыру керек, сонда ол өз-өзінен ұлттаралық тіл қызметін атқарып жүре береді. Тіл туының тұғыры боп тұрған Ахаңның базалық ұғымын дамыта қарап, ұлттық мемлекеттің шындап орнауын талап етуді және оның құрылуына да, «сакталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» екенін естен шығармауымыз керек.

Совет өкіметінің күллі республикаларға кириллицаны бір пәрменмен күштеп енгізуінің астарында халықтарды бөлшектеп билеу, ұлт тілдерін бір-бірінен алшақтата түсу мақсаты жатқаны бүгінде баршаға мәлім. Кириллицаны әр жұрт өз дыбыс ерекшелігіне қарай өзінше реформалап алғандықтан, басқаны былай қойғанда, сөйлескенде түсінісе кететін түркі халықтарының өкілдері бірін бірі оқи алмады. Бұл келенсіздікті тәуелсіздік орнаған алғашқы жылдарда барша ғалымдар түркі халықтарына ортақ әліпби жасау арқылы шешкендей еді. Алайда біздің қазіргі таңдағы тәжірибе латын әріптерін тағы да өз бетімізше реформалағандықтан, қайтадан кирилица дәуіріндегідей күйге түсіретіндей, яғни жаңа әліпбиіміз басқа қандастарымызбен жақындасуға мүмкіндік бермейтін тәрізді.

Бұдан да өткен бір қатер бары жайында айтпай кетуге болмайтын сияқты: мемлекеттік тіл баршаға міндетті болмай тұрған қазіргі жағдайда латын графикасы негізінде жасалған әліпбиге көшудің халықты қақ жарарлықтай теріс нәтиже беруі ықтимал. Осы уақытқа дейін естіп жүрген «латын әліпбиі тек қазақтар үшін жасалуда» деген «ережеден» бойды батыл аулақ салуымыз керек. Жаңа әліпбиге бүкіл мемлекеттік жүйе, күллі оқу орындары, барша қазақстандық тұтастай көшуге тиіс. Ахаң соққан тұғырдан желбіреген тіл туы бізді осындай көзқараста тұруға шақырады. Мемлекеттік тіл мәртебесін құр қызыл сөз емес, нақты іс арқылы өз деңгейіне көтеріп, шын мәніндегі қазақтың заманауи ұлттық мемлекетін жасауға күш салу – баршамыздың перзенттік парызымыз.

Материал редакцияға 02.08.2019 жылы түсті

Ж.Ш.САМЕТОВА¹

¹Абай атындағы ҚазҰПУ, магистр, аға оқытушы

ЛАТЫН ӘЛПБИІН ҮЙРЕТУДЕ ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕРІ

Аннотация: Қазақ тілі пәнін (Г2) тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым әрекеттері бойынша оқыту тиімділігі көптен бері дәлелденіп келеді. Латын әліпбилі қазақ жазуын меңгеруде жазылым іс-әрекеті дағдысын дамыту жолдары өте ыңғайлы. Көптеген дереккөздеріне сүйенсек, жазылым дағдысы асықпай ойлап, баяу қимылдайтын оқушыларға лайықты дағды екендігі көрсетілген. Сондықтан беріліп отырған мақалада латын әліпбилі қазақ жазуын меңгерудегі жазылым дағдысының тиімді жолдары көрсетіледі.

Тақырыбы: Латын әліпбиін үйретуде жазылым дағдысын қолдану әдістері

Түйін: Мақалада латын әліпбиін үйретудегі жазылым дағдысы мен оны қолданудың әдістері жайында айтылады.

Тірек сөздер: *латын әліпбиі, орфография, фонетика, жазылым, айтылым.*

Тема: Методы применения навыков письма в преподавании латинского алфавита

Резюме: В статье рассматриваются навыки письма и методы их использования в преподавании латинского алфавита.

Ключевые слова: латинский алфавит, орфография, фонетика, речь, письмо.

Subject: Methods of application of writing skills in teaching the Latin alphabet

Abstract: The article deals with writing skills and methods of their use in teaching the Latin alphabet.

Key words: Latin alphabet, spelling, phonetics, speech, writing.

Сауаттылық – адам тілі мәдениетінің негізгі талаптарының бірі. Ал жазудағы сауаттылық әдетте емле, тыныс белгілері ережелерін білумен тығыз байланысты. Дұрыс жазу талабы – орфографиялық ережелерді жетік меңгеруді талап етеді. Ал орфографиялық ережелердің жетіктігі алфавиттің, тілдің фонетикалық жүйесімен толық сәйкес келуімен байланысты. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Сондықтан да қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде жүйелі оқыту үрдісін қалыптастыру бүгінгі күннің басты талабына айналып отыр. Латынәліпбилі мемлекеттік тілмізді оқытудың тиімді де ыңғайлы жүйесі мен құрылымын қалыптастыру әрбір мұғалімнің шеберлігі мен шығармашылығына байланысты. Оқу орыс тілінде жүретін мектептердегі қазақ тілі пәні мұғалімдерінің мақсаты – оқушылардың сөйлеу дағдысын дамыту, қарым-қатынас біліктілігін

калыптастыру, латынәліпбилі тілді меңгеріп, сөйлеуіне жағдай тудыру. Бұл орайда қазақ тілін оқытудың озық технологиясын меңгеру – үлкен істің бастамасы. Елімізде заманауи білім беру үдерісі ең алдымен жеке тұлғаға бағытталып, білім алушының, тіл үйренушінің іскерлігін, коммуникативтік құзыреттілігін дамыту міндеттерімен ұштасып жатқандықтан, қазақ тілінің білім мазмұнын құрудың әдіснамасын дұрыс таңдап алу қажеттілігі туындайды. Әсіресе, оқу орыс тілінде жүретін мектептердегі латынәліпбилі қазақ тілін үйретудің мақсаты – оқушылардың сөйлеу дағдысын дамыту, қарым – қатынас біліктілігін қалыптастыру, латынәліпбилі қазақ жазуын меңгеріп, сауатты жазып, сөйлеуіне жағдай тудыру.

«Шет тілдерді игерудің жалпыеуропалық құзыреттері: зерттеу, оқыту, бағалау» стандартында бұл «қатысымдық тұлғалар» – тілдік дағдылар деп аталған. Тілдік төрт дағды (айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым) оқушының сөйлеу әрекетін қалыптастырады. Қазақ тілінің жаңа оқыту әдістері арқылы біз білім деңгейі, ой-өрісі дамыған, тіл арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін, шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелейміз. Оқушылар оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым дағдыларын қалыптастыра отырып, еркін қарым-қатынас жасауға, сын тұрғысынан көзқарасын білдіруге, өз ойын жеткізіп, шешім қабылдауға дағдыланады. Қазақ тілінде берілген кез келген ақпараттарды тиімді қолдана отырып, өзіне қажетті мәліметті ала алады. Әрбір оқыту әдісі белгілі бір мақсатқа жетудің құралы болып табылады. Тілді кіріктірілген бағдарлама арқылы оқытудың негізгі мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым) меңгерте білу.

Қазақ тілі пәнін (Т2) тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым әрекеттері бойынша оқыту тиімділігі көптен бері дәлелденіп келеді. Латынәліпбилі қазақ жазуын меңгертуде жазылым іс-әрекеті дағдысын дамыту жолдары өте ыңғайлы. Көптеген дереккөздеріне сүйенсек, жазылым дағдысы асықпай ойлап, баяу қимылдайтын оқушыларға лайықты дағды екендігі көрсетілген. Олар әр сөйлеміне баса мән беріп, ерекше идеяларын жинақтап баяндауға тырысады және бұл істе керемет шеберлік танытады. Табиғаты шапшаң балалардың жазылым дағдысы кешеуілдейтіні байқалады. Ал өзге тілді балаларда осы жазылым дағдысы төмен екендігін өз тәжірибемізде байқап жүрміз.

Қазақ тілі сабақтарында мәтінмен жұмыс жасай отыра тілдік дағдыларды дамытуға болады. Мәтін – негізгі қарым-қатынас бірлігі, ал мәтінмен жұмыс істеу – қарым-қатынас жасауға үйренудің құралы. Сондықтан, латын әліпбиін үйретуде әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы жазылым дағдысын қалыптастыру міндеттері алға қойылады:

- Оқу үрдісінде оқушылардың жазбаша сөйлеу тілін дамытуды сөйлесім әрекетінің түрлерімен (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім) бірлікте қалыптастыру;
- оқушылардың жазбаша сөйлеу тілін дамытуда жүргізілетін жазба жұмыстарының түрлерін айқындау;
- жазбаша сөйлеу тілін қатысымдық бағытта дамытудың әдіс-тәсілдерін анықтау;

Жаңа технологияларды қазақ тілі сабағында қолданғанда жазылым дағдысы бойынша күтілетін нәтижелер:

- оқушылардың жазбаша сөйлеу тілінің дамуы сөйлесім әрекетінің түрлерімен (тыңдалым, айтылым, оқылым, тілдесім) бірлікте қалыптасады;
- шағын әңгіме, мәтін, ертегі, әңгімені өз бетімен аяқтай алады;
- оқушылар құттықтау хат, жарнама, шақыру хаттарын жаза алады;
- оқушыларды жеке жұмыс істеуге үйретеді;
- грамматикалық құрылымдарды оңай түсінуге көмектеседі;
- оқушылардың есте сақтау, есту, көру, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамытады;
- оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артады;

«Жазылым» термині «жазу» деген мағынаны емес, «жаза білу», «ойынды басқа біреуге түсінікті болу үшін, қағаз бетінде сауатты жеткізе білу» дегенді білдіреді. Жазу – біздің ойымызды тілге аударушы. Жазылым жұмысының сәтті шығуы ең алдымен сөздік қордың мол болуына тікелей байланысты. Сөздік қорды молайту оқылым дағдысының жемісі.

Жазылым дағдысын пайдаланудың тиімді тұстары:

- Оқушының латынәліпбилі қазақ жазуын сауатты меңгеруін үйретеді;
- Танымдық қабілеттілігін қалыптастырады;
- Әлеуметтік мәдени тәрбие қалыптастырады;
- Оқушыны шығармашылық жұмысқа баулиды;
- Мұғалімнің уақытын үнемдейді;
- Қосымша мәліметтер береді;
- Барлық баланы бірден бағалауға көмек береді;
- Оқу үрдісін тиімді ұйымдастыруға көмектеседі;
- Білім берудің формасын оңайландыру міндеттерін атқарады;

Жазылым дағдысы бойынша: сауатты жазу, латын қаріпті қазақ әліпбиін дұрыс жазу, негізгі ойды түсіну, ақпаратты анықтау, түсінгенін практикада қолдана білу бағаланады;

Сөйлеу дағдыларының ішінде басқа дағдыларды қалыптастырудың негізгі алғышарты – жазылым әрекеті болып табылады. Өйткені күнделікті өмірде оқушы көптеген ақпаратты көзбен көріп, қолмен жазады. Көшеде, ғимаратта, оқулықта латын әліпбиінде жазылып жатқан ақпаратты бірден оқып қабылдауы тиіс. Кезкелген ақпаратты жазу арқылы түсіну сөйлеу әрекетін қалыптастырады. Егер оқушы өзіне керек мәліметті жазып алу арқылы үйренсе, ол басқа үш дағдыны (айтылым, тыңдалым, оқылым), яғни айтылып жатқан мәліметті түсінеді; өз пікірін білдіре алады және басқалармен қарым-қатынас жасай алады; тақырыпқа қатысты деректі түсініп оқиды; көтерілген мәселеге өз көзқарасын жазбаша жеткізе алады. Жазылым дағдысын дамытатын қалыптасқан әртүрлі жазба жұмыстарын жүргізуге болады. Солардың бірнешеуін атап өтейік. Жазылым дағдысы оқылым арқылы келетіндігін жоғарыда атап өткен болатынбыз. Соған дәлел ретінде газет-журнал мақалаларымен жұмысты алуға болады. Мысалы, «Негативтен-позитивке» тапсырмасы арқылы газетте кирилше берілген мақаланы қайта өңдеп, латын қаріпінде жазуға тапсырма беру, жазылым дағдысына көмектесумен қатар, кейбір грамматикалық ұғымдарды игеруге де көмектеседі. Ол үшін жағымсыз хабар айтылған газет мақалаларын қиып ала келемін. Әр оқушыға әр түрлі мақаланы беріп, оқуды тапсырамыз. Мақаланың ішінен өздеріне жағымсыз әсер тудыратын

сөздерді бірінің астына бірін теріп жазғаннан соң, сол сөздерге антоним сөздерді табады. Сөйтіп, тапқан сөздерін пайдалана отырып, позитив мақала жазып шығады. Бірақ, ол мақаланы латын қаріпінде таңбалайды.

Бұл қызығушылықты ояту кезеңінде Миға шабуыл стратегиясы, Топтастыру, Т кестесі стратегиясы арқылы қолдану тиімді. Өйткені орыс тілді аудиторияның сөздерді мәтін мазмұнын тез түсініп, ойын қағазға түсіруіне оңай әдістің бірі. Осы кезеңінде алдыңғы өткен тақырыпты тексеру мақсатында тест жұмыстарын өткізу арқылы оқушы білім деңгейін қадағалап, жаңа сабақты бастар алдында «Топтастыру» стратегиясы арқылы оқушылармен бірлесе жұмыс жасауға болады. Осылайша, күн сайын сабақта жаңа әдіс-тәсілдерді енгізе отырып, жазылым сынды дағдыны да қызықты етіп өткізуге болады.

Мағынаны тану кезеңінде «Кейіпкерге хат жазу» немесе «RAFT» стратегиясын Түртіп алу, ДЖИК СО, Талдау картасы тәсілдерін қолдану тиімді деп ойламыз. Себебі, бұл әдістерді қолданған оқушы, кирилшені латын қаріпіне аударып қана қоймай, өз бетінше ойланып, мәтін құрайды. Ал бұл латынәліпбилі жазуды тез үйренуге дағдыландырады.

Ой толғанис кезеңінде Эссе, Топтастыру, Пирамида, Құндылық сызығы, Sinkuein немесе бес жолды өлең, Түйін сөз, Семантикалық карта, Концептуалды таблица, Бір айналым сұхбат, стратегияларын қолдану пайдалы. Бұл әдістердің барлығын қолданарда, латын қаріпін пайдалану тапсырылады. Көбінесе орыс тобында тәлім алатын оқушылардың бойында жаза алмаймын деген қорқыныш болады. Осы қорқынышты жеңу үшін жазудың барлық адамның қолынан келетіндігін ұғындыра келе, сыныбы туралы жазуға, соңғы оқыған кітабы туралы, болмаса, атасы мен әжесінің әңгімелерін жазуды, не өзі құрметтейтін адамнан сұхбат алып, соны үй жұмысына жазуға кеңес береміз. Жазба жұмысын тексермес бұрын ұйымдастыру жұмыстарына баса назар аударамыз. Мәселен, жазба жұмысында қарындашты пайдалану өте маңызды. Олай дейтініміз, қарындаш оқушының қателігін өзі түзетуіне мүмкіндік береді. Сөйтіп оқушылар өзін-өзі бағалауы қалыптасады. Суммативті түрде де бағаланады.

Осы жұмыстарды ұйымдастыруда мұғалімге үлкен шеберлік қажет. Оқушы үйлесімді мәтін құру үшін көптеген күрделі дағдыларды меңгеруі тиіс. Олар шеберліктерін, сөздік қорының молдығын көрсетеміз деп, негізгі мәселеден, немесе тыныс белгілеріне назар аудармай қалуы мүмкін. Сол себепті Жазылым кезінде оқушыларға үнемі қолдау көрсетіліп отырғаны дұрыс.

- өз бетінше жазудың алдында – идеяны тұжырымдауға қолдау көрсетеді, жоспарлаудың әртүрлі әдістерін үлгілеп көрсетеді және бастапқы нұсқаны жазу үдерісін ұйымдастырады;

- жазу барысында – оқушылардың нақты іріктелген лексикалық бірліктерді қолданғанын (тіркестерді таңдау), грамматикасы ережеге сай екенін (мысалы, етістіктің шақтарын дұрыс қолдануы), сөздердің үйлесімдігін (байланыстырушы сөздердің қолданылуы) қадағалайды;

- жазып болғаннан кейін – жұмыстың алдын ала белгіленген критерийлерге сәйкестігін тексереді, түзетеді, жетілдіреді, мәтін аудиторияға сай келе ме, жоқ па, мақсатына сәйкес пе, жоқ па екенін анықтайды. Оқушыға жазғанын қайта қарап

шығуға мүмкіндік беруі керек.

Жазылым барысында оқу үдемелілігін қолдану оң нәтиже береді деп есептейміз. Бұл кезде оқушы өзіне қажетті ақпаратты толық жинаған соң жазуға отырады. Жазылым үдерісі басталғанға дейін идеяны жанжақты зерттеу қажет. Сондай-ақ оқу үдемелілігінде мұғалімдер жазылымды дамыту үшін айтылым мен тыңдалымды тиімді қолданудың жолдарын қарастырғаны жөн. Мұғалімнің жетекшілігімен жүретін жазылым барысында оқушыларға жаңа сөздерді назардан тыс қалдырмай тіркестерді таңдауға, құрмалас сөйлемдерді қолдануға, сөздер мен сөйлемдерді дұрыс байланыстыруға қолдау көрсетіліп, өз бетінше жазылымға алып келеді.

Жаңа әдіс-тәсілдерді ендіріп, дәстүрлі оқытудағы іс-әрекеттерді ұмытпаған жөн. Әдетте, ойлау механизмдерін оқушыларға үйреткенде жазбаша жұмыстарға уақыт аз қалып жатады, ал тіл сабақтарында мұғалім 4 бағытта жұмыс жасайды. Олар: жазу, оқу, тыңдау, сөйлеу. Тыңдау мен сөйлеу ойлаумен тығыз байланыста, бұл байланысты табу оңай. Ал енді жазу мен оқуды дамыту мақсатына жүйелі жұмыс жасағанда ғана пайдалы уақыт табуға болатын сияқты.

Жаңа әліпбидегі орфографиялық дағдыны қалыптастыруда жазбаша жағтығу, диктант, мазмұндама және шығарма жұмыстарын ұтымды ұйымдастыру жақсы нәтиже береді. Тілдік қатысымды жетілдіретін шығарма, эссе жұмыстары оқушылардың сөйлеу мәдениетін жетілдіруге, өздігінен ой қорытуға, шешім жасауға үйретеді. Сабақтың қай құрылымында болмасын осындай стратегияларды қолданғанда «Жаңа технологияның принциптері» оқытуды ізгілендіру, өздігінен білім алып, ізденіс арқылы дамиды, өзіндік дұрыс шешім қабылдай алатын, өмірге бейім жеке тұлғаны қалыптастыру. Жаңа оқыту технологиясы арқылы оқушы қандайда болмасын ақпаратты өздігінше игеріп, өз өміріне жарата алатын әмбебап тәсілдерді үйрену керек. Технологиялық жүйелікті сақтай отырып, қазіргі сабаққа қойылатын талаптарды қатаң ескерген мұғалім, оқушылар шығармашылығын арттырып, білім бәсекелестігіне дұрыс бағыт – бағдар бере алады. Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың «Ұстаз үздіксіз ізденген де ғана, шәкірт жанына нұр құя алады», – деген сөзі ізденімпаз, жаңаша ұстаздарға арналғандай. Мұны әрбір мұғалім жадында сақтауы тиіс.

Жазылым дағдысын қалыптастыруға арналған белсенді жұмыс түрлері:

«Өздік диктант жазу»: сынып оқушылары екі топқа бөлінеді. Бірінші топ оқушыларды мәтінді айқайлап оқиды. Екінші топ оқушылары бір ғана оқушыны тыңдап, диктант жазуға тырысады. Осы арқылы оқушылар ерікті зейінді қалыптастырады әрі жазуға бейімделеді. Оқушылар аудиоматериалды екі рет мұқият тыңдайды (ол сюжетті мәтін, өлең, публицистикалық ақпарат болуы мүмкін). Тыңдалымнан өздеріне таныс емес сөздерді жазып алады, сөздік арқылы аударды. Мәтін оқушы топты екі рет тыңдап, жазбаның мазмұнын толық түсінуге тырысады. Сыныппен ой бөліседі. Осы әдісті жүйелі қолдану – оқушылардың тыңдау арқылы түсіну және сауатты жазу дағдысын қалыптастырады.

«Суреттеу»: оқушылар әртүрлі суреттерді (сөздік диктант) көре отырып, мағынасына қарай суреттерді сөзбен суреттеп жазады. Осы арқылы оқушылардың зат пен атауды байланыстыра алу қабілеті қалыптасады.

«Синонимдерді тап»: оқушыларға сөздер ұсынылады. Олар таңдалған мәтіннен

осы сөздердің синонимдерін тауып, жауап парағына жазуы керек. Осы арқылы оқушылардың тыңдау әрекеті мен сөздік қоры дамиды.

«Жызылымға арналған аудиожазба мәтіндері». Бұған әр сыныптың, әр оқушының жас ерекшелігіне байланысты мәтіндер алуға болады. Мәтінді тыңдап, түсінгенін жазбаша мазмұндайды. Аталған дағдыларды қалыптастыруда келесі әдіс-тәсілдерді пайдалануға болады: оқытудағы басты принцип – оқушының жеке, өзіндік мүмкіндіктерін ескеру, барлық оқушының сабаққа белсенді қағысуын қамтамасыз ету үшін деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту, өз ойын жеткізуге, өзіндік таңдау жасауына мүмкіндік тудыра отырып, оқушының танымдық және шығармашылық қабілетін дамыту, проблемалық оқыту арқылы оқу материалын өмірмен байланыстыра отырып, оқушыларды білімді өз бетімен меңгеруге талпындыру, сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану, мақсат қою, мәселені зерттеу, жауап іздеу, мәселені талқылау, ой қорытындылау, өз ойын ашық айта білуге тәрбиелеу, сабақ процесінде оқушының белсенді іс-әрекеті белсенді ойлауға, белсенді оқытуға бағытталады. Оқушы өз көзқарасын қалыптастырып, басқалардың да пікірін ескереді. Сабақты өткізуде мұғалім келесілерді ескеруі қажет: сабақтың мақсаты мен күтілетін нәтиже анық болуы тиіс, тілдік төрт дағдыны (оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым) дамыту, белсенді оқыту түрлерін қолдану арқылы оқушы уәжін арттыру, мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланыс, оқу жетістігін критериялды жүйе арқылы бағалау.

Қорыта айтқанда оқушының жазылым дағдысын дамытуға арналған әдіс-тәсілдер жетерлік. Біз соның бірнешеуіне ғана тоқталдық. Негізінен жазылым дағдысының нәтижесінде оқушы латынәліпбилі қазақ жазуын жылдам игеру, сауатты жазу, жазу арқылы тіл үйрену, өзбетінше іздену, латын қаріпіндегі қазақ жазуын дұрыс оқу машықтарын қалыптастырады. Қазіргі кездегі білім берудің барлық жаңа әдіс-тәсілдерінің алдына қоятын басты мақсаты – білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылығын қалыптастыру болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

1. Оразбаева, Ф. Ш. Тілдік қатынас негіздері : оқулық / Оразбаева, Ф. Ш., - Алматы : Print-S, 2005 . – 145 б.
2. Қадашева Қ. «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» Алматы, 2002 ж.
3. Мухамадиева Н.Қ., Үстемір Н.Ә. «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» Алматы, 2002ж.
4. Мухтаров А.Қазақ тілін оқытуда жазылым дағдыларын дамытудың тиімді әдістері // Білім айнасы. 27.03.2018 ж.
5. Шарипова Ж. Жазылым дағдысын қалыптастыруда қолданылатын инновациялық технологияның тиімді жолдары // <http://oqu-zaman.kz> сайты, 2.01.2017ж.

Материал редакцияға 25.06.2019 жылы түсті

ҰЛТ ОЙШЫЛДАРЫНЫҢ ҚАНАТТЫ СӨЗДЕРІ

Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйін түйгенінше айтуға жарау.

Ахмет Байтұрсынұлы

Ана тілі – халық болып жасалғаннан бері жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі.

Жүсіпбек Аймауытұлы

Тіл – жұрттың жаны. Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт.

Халел Досмұхамедұлы

Ана тілі – қайнаған қанның, қиналған жанның, толғантқан көңілдің, лүпілдеген жүректің сығындысы, онда дәм де, мән де болу керек.

Сұлтанмахмұт Торайғыров

Қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ. Сол ата-бабаның тілі болған қазақ тілін осы күнгі қазақтың жалғыз білмейді. Егер қазақ тілін білсе, дін де осында, ғылым-білім де осында.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы

Кеңсе тілі қазақша болмай, іс оңбайды.

Сәкен Сейфуллин

Тіл байлығы, тіл тазалығы – ұлт қасиетінің, салт-санасының негізгі өнеге белгісі.

Бауыржан Момышұлы

Біз тілімізді қанша сақтасақ, ұлтымызды да сонша сақтаған боламыз.

Ғұмар Қараш

Нағыз түрік затты халық тілі – біздің қазақта.

Әлихан Бөкейхан

...Көген көз қазағыма қаратып, мінбе құрып, сол мінбеге шығарып: «Ақырғы діліңізді айтыңызшы, Мұхтар!» – десе, тілімнің ұшында жүрген сөз төмендегіше: тас үгітіліп құмға айналады, темір тозады, ұрпақ озады, дүниеде өлмейтін сөз ғана, халқымызбен бірге жасасып келе жатқан мұра сөзімізді арзандатып алмайық.

Мұхтар Әуезов

...Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі ана тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқытуға тиіспіз.

Ахмет Байтұрсынұлы

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Айтбайұлы Ө. – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті, ҚР ҰҒА академигі Алматы қаласы, Қазақстан

Оразбаева Ф. – ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Момынова Б. – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор. Алматы қаласы, Қазақстан

Ісімақова А. – М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор. Алматы қаласы, Қазақстан

Салқынбай А. – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті филология ғылымдарының докторы, профессор. Алматы қаласы, Қазақстан

Күдеринов Қ. – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор. Алматы қаласы, Қазақстан

Қоянбекова С.Б. – ҚР ҰҚК Академиясы Филология ғылымдарының докторы, профессор. Алматы қаласы, Қазақстан

Жұбаева О. – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Филология ғылымдарының докторы, Грамматика бөлімінің меңгерушісі. Алматы қаласы, Қазақстан

Мусаев С. – И.Арабаев атындағы КМУ-нің Лингвистика институтының директоры филология ғылымдарының докторы, профессор. Бішкек қаласы, Қырғызстан

Бабақұмар Х. – Тарих ғылымдарының кандидаты Алматы қаласы, Қазақстан

Қойшыбаев Б. – «Әділет» тарихи-ағарту қоғамы төрағасының орынбасары, жазушы, тарих ғылымдарының кандидаты. Алматы қаласы, Қазақстан

Саметова Ж.Ш. – Абай атындағы ҚазҰПУ, магистр, аға оқытушы. Алматы қаласы, Қазақстан

МАЗМҰНЫ

Айтбайұлы Ө. Ұлы даланың тілде өрілген тарихы.....	3
Оразбаева Ф. Ұлт рухының қос қанаты.....	8
Момынова Б. «Қазақ» газеті: емлелік ерекшеліктер.....	13
Ісімақова А. А.Байтұрсынұлы: қазақтың бас ақыны	18
Салқынбай А.Б. Шаһкәрім өлеңдеріндегі көркем сөзбен көріктелген әлемнің бірлігі мен тұтастығы.....	23
Күдерінова Қ. Латыннегізді қазақ жазуындағы тұрақты сөз тіркестерінің емлесі.....	29
Қоянбекова С.Б. Инновациялық лингвистика: кәсіби білім беруде латын графикасын оқыту	36
Жұбаева О. Жаңа әліпбиде кірме сөздерді игеруге қатысты ұстанымдар.....	43
Мусаев С. Латын графикасындағы қырғыз алфавитинин курамы.....	51
Бабақұмар Х. Добружадағы түркі-татар құрылтайы.....	56
Қойшыбаев Б. Ахмет Байтұрсынов – тіл туының тұғыры.....	62
Саметова Ж.Ш. Латын әліпбиін үйретуде жазылым дағдысын қолдану әдістері	67

Техникалық редакторы әрі
беттеген: Е.Б. Бесіров

ИБ № 843

Теруге берілді 13.07.2019. Басуға қол қойылды 15.08.2019.
Пішімі 70x100 1/16. Офсеттік басылым. Шартты баспа табағы 4,75
Есепке алынатын баспа табағы 4,25
Таралымы 200. Тапсырыс №37.

Редакцияның мекенжайы:
050010, Алматы қ. Құрманғазы көшесі, 29
ҚР БжҒМ ҒК А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Тел./факс: 8 (727) 272-55-47, 272-69-61

Адрес редакции:
050010. Алматы, ул.Курмангазы, 29
Институт языкознания им.А.Байтұрсынова КН МОН РК
Тел: 8 (727) 272-55-47, 272-69-61